



Дәмелі Құсайынқызы

Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

ҚОЛТАҢБА

Алматы
2016

УДК 821.512.122-1

ББК 84

Қ 78

***Жинақтан, құрастырып, редакциялап
баспаға ұсынған Ажар Сейтенова***

Қ 78 Құсайынқызы Д.

Қолтаңба: өлеңдер. - Алматы, 2016, 264 бет.

ISBN 978-601-07-0628-6

Батыр ана, ісмер, ақын Дәмелі Құсайынқызының әр жылдары «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Өлең өлкесінде», «Жан жарығы», «Із», «Тұлғалар» атты жинақтары жарық көрген болатын. Онда өлеңдері мен баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары және қолөнер туралы еңбектері енген. Ал, автордың бұл жинағына ел азаматтарының ізгі тілектері мен соңғы жылдары жазған жаңа өлеңдері және ел арасында кеңінен айтылып жүрген әндері нотасымен беріліп отыр. Біраз жылдан әнші, сазгер Ажар Сейтеновамен шығармашылық жұмыс жасап келеді. Мемлекеттік Ә.Қастеев атындағы мұражайда 45 жыл сақталған Д.Құсайынқызының 2 түскиізі де еніп отыр. Кітапта, сондай-ақ Елбасы Н.Назарбаевтың авторға жазған хатындағы қолтаңбасынан бастап, ел азаматтары мен көрнекті ақын-жазушылардың, ұстаздардың Дәмелі апайға деген ізгі ниеттері мен жылы лебіздері енгендіктен «Қолтаңба» деп аталған.

УДК 821.512.122

ББК 84

© Құсайынқызы Д., 2016

© Сейтенова А., 2016

ISBN 978-601-07-0628-6

*Тәуелсіз Қазақстанның
25 жылдығына арнаймын*



*Дәмелі Құсайынқызы,
Батыр ана, зейнеткер, ақын, ісмер*



АҚ БАТА

(Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа)

Той қамын осы кезден ойластырып,
Жүз жасты ел алдында тойлаттырып,
Қалжыңды қазіргідей араластырып,
Жүріңіз арамызда ойнап-күліп.

Әлемдегі бар қазақ жиылғанша,
Сізге арнап алтыннан тақ құйылғанша,
Бозторғай қой үстіне ұя салып,
Бір уақыт мамыражай бұйырғанша.

Түсіп тұрсын әлемге жарығыңыз,
Ұзақ жыл жанымыздан табылыңыз,
Халқың берген ақ бата арқасында,
Оған сіздің жетеді қарымыңыз.

Хандығыңыз қайтадан сайланғанша,
Еліміз орманды елге айналғанша,
Орманшылар өсірген қарағайды
Жүріңіз жиып, буып тайланғанша.

Күш-қуат бойыңыздан сарқылмасын,
Жанарыңыз таймасын, жарқылдасын,
Өзіңіз армандаған «Мәңгілік ел»
Атына сай атансын – Алтын ғасыр.

Көп тілегі құйылсын қуат болып,
Жаныңызды жылытсын шуақ болып,
Рухымен бабалар қолдап жүргей,
Жаралған жоқ тегіңіз уақ болып.

Шаттықтан көкірегім күмбір еткен,
Бақытты әр сағатым бір күн өткен,
Бәрі сіздің арқаңыз деп ойлаймын,
Қабылдаңыз батамды шын жүректен!



Құрметті Дәмелі Құсайынқызына!

*Өнеріңіз өскелең жастарға үлгі
болып, өлеңдеріңіз оқырмандар жүрегіне
жол таба берсін.*

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті



Құрметті Дәмелі Құсайынқызы!

Сізді 75 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын!


Ғабит Мүсірепов: «Мақтасақ – әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел – Ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, бұлақ көзі емес пе!» – деген екен. Сол айтқандайын, Сізді Ақжайық өңірі халқының мақтанышына айналып, ықыласына бөленген ардақты ана, қайраткер ақын, халқымыздың өлмес өнер мұрасының мирасқоры ретінде құрмет тұтамыз.

Осындай киелі топырақта жаралғандықтың әсері болар, Сіздің бойыңызға қолөнер бұйымдарын жасау, ақындық сияқты айрықша қабілет дарыпты. Әже мен анадан қонған киелі қол өнері бүкіл өміріңізге азық болып келеді, осы асыл мұра алтын басыңызды төрге шығарып дүйім халыққа танытты, талай бәйгеде атағыңызды аспандатты. Екі тұскиізіңіз республикалық қолөнер мұражайында сақтаулы тұр.

Сізде қазақ әйеліне тән мейірбандық мол. Ал, жүреқжарды туындыларыңызда туған елге, өскен жерге деген ыстық махаббат жатады. Қуатты ана тіліміздің өрнегімен айшықталған шығармаларыңыз оқушысын ойға жетелейді.

Сізді мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, бақ-береке, мықты денсаулық, ұзақғұмыр тілеймін.

**Игі тілекпен,
Батыс Қазақстан
облысының әкімі**

**Нурлан Ногаев**

Бірінші бөлім



ІЗГІ ТІЛЕКТЕР




*Марат ТҮСПҚАЛИЕВ,
Бөрлі ауданының әкімі*

ӨНЕР МЕН ӨЛЕҢДІ ТОҒЫСТЫРҒАН ЖАН ТУРАЛЫ...

«Қайран біздің шешелер, арды ойлаған, Шілік шауып, ши орып, бау байлаған...» – ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың осынау өлең жолдары қазір де ауданымызда үлгі болып отырған Дәмелі анамызға арналғандай.

Дәмелі Құсайынқызы – өнер мен өлеңді бір арнаға тоғыстырған қазақтың қызы. Ол – шебер, ол – сазгер, ол – ақын, ол – батыр және ең алдымен ол – ана! Алтын кұрсағынан шыққан 10 баласымен қатар, ауданымыздың өскелең өреніне де қазақи тәрбиені үлгі етіп, насихаттап жүрген жан. Өнерлінің өрісі кең, Дәмелі ана туа біткен талантының арқасында мекеніміз Бөрлі ауданын да елімізге танытып отыр. Оған дәлел, жер-жерде көрмеде тұрған киіз үйлері халықаралық кітаптарға енуімен қатар, Елбасынан алған арнайы лебізі болса керек.

Ұлтына, ұрпағына жаны ашитын жан қашанда ұлттық құндылықтарды сақтауға тырысса керек.



Шебер ана халқымыздың нақышының сарқытын бүгінде сары майдай сақтап, келешекке үлгі етуде. Ақын белгілі бір дәрежеде халықты тәрбиелейді. Дәмелі Құсайынқызының туған ел, білім туралы айтылған жыр шумақтары кара қазан, сары баланың қамын жеп, Мәңгілік еліміз Қазақстанның болашағына алаңдаудан туындаса керек. Кішкентай жүрегіне дарқан далаға, оны мекен еткен халыққа деген махаббатын бүгінде іспен дәлелдеп отырғанына куәміз.

Батыр ана 10 баланы дүниеге әкеліп, аяқтандырып, қазір де солардың қызығын көріп отыр. Әр бала өз несібесімен демекші, сонау қиын заманда баланы дүниеге әкелуден тартыншақтамай, барлығын өсіріп, өндіріп, бүгінде алтыннан алқа тағынып отырғаны қарындастарымызға үлгі.

Шеберлік, ақындық, патриотизм, қазақылықты бойына сыйдырған ана «қазақтың қызы» деген ғажап атқа лайық. Егде тартқан шақта мұның барлығын алып жүру үшін қаншама қуат, күш қажет?! Самайының ағарған шағында әлі де болса қайраты қайтпаған ана туралы сыры кетсе де, сыны кетпеген сырлы аяқ десек қателеспейміз. Ауданымыздың мәдениетін, ұлттық ұлағатын сақтап, дамытуда ақжаулықты ананың өзіндік «Қолтаңбасына» қалдырған бір үзік сыр деп білерсіздер.



*Абат ШЫНЫБЕКОВ,
Сырым ауданының әкімі*

ӨЛЕҢІ МЕН ӨНЕРІ – ҰРПАҒЫНА ӨНЕГЕ

Қазақ әдебиетінің әлемінде өлеңге өмірін арнаған әйел-арулар аз емес. Сонымен қатар, өлең мен өнерді қатар алып жүру үшін де қаншама қайсарлық пен еңбек қажет десеңізші. Ол, әрине, Дәмелі Құсайынқызының болмысы бөлек жан екенін білдірсе керек. Қашанда, қазақ даласы, соның ішінде қасиетті Сырымдай батырдың туған топырағынан түлеп ұшқан батыр ана, батыл ана, ақын ана ретінде алар орны бір бөлек. Толайым тарихтың Отанына айналған өңір қашанда дарынды да дарабоз тұлғаларымен мақтанатыны сөзсіз. Туған жерін жырға бөлеу үшін де үлкен жүрек пен елге деген махаббаттың қажет екені түсінікті. Ал, бабамыздан қалған бағзы өнерді кейінгі жастарға үлгі ету өз алдына бір төбе. Қазақтың ісмерлік өнерін әсем кестеге айналдырып қана қоймай, қараөлеңінде сұлу сазды поэзияның көркем тіліне айналдырып, қос өнерді қатар өріп жүрген Дәмелі Құсайынқызының бейнесіне қызығып та, мақтана да қарайтынымыз анық. Қазақ өлеңіне өзіндік



қолтаңбаңызбен тағы бір жыр жинақ арқылы үлес қосар еңбегіңізді тарту еткелі отырғаныңызға ризамыз. Кестелі іс пен келелі әңгіме, жас ұрпақты отансүйгіштікке баулитын ғұмырлы өлеңдер арқылы келесі буынға өнеге болып келе жатқан ерен еңбегіңізге, туған жеріңіз Жымпиты жұртшылығы, Сырым елі қашанда дән риза болып, алғысын айтудан жалықпайды деп білемін. Сіздің бойыңыздағы бар тәрбиеңіз бен тәліміңізді жеткізу жолындағы елеулі еңбегіңізге, күллі аудан жұртшылығы атынан үлкен алғысымды білдіремін. Ақынын ардақтау қазақ халқы үшін ата-баба салтымен келе жатқан үрдіс десек те болады. Себебі, қазақтың ақыны қара шаңырақтың төрінен табылып, табынары мен сүйінері ақын болғаны тарихымыздың өзінен әбден танымал. Ал, Дәмелі Құсайынқызы секілді қос өнерді қатар алып жүрген өнегелі жанға ризашылығымыздың екі еселенетіні сөзсіз. Олай болса, ақын ғана емес, батыр ана, бақытты әже, қарымды қаламгер және өнерлі тұлға ретінде, Сізге тек мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығын тілейміз. Туған жеріңіздің қызы ретінде біз үшін Сіздің алар орныңыз бөлек болмақ. Біз үшін теңіздей терең халық ішіндегі, алмастай асыл ойыңызбен дарабоз дарын иесі болып қала береріңізге сенімдімін. Сондықтан да жалпақ жұртыңызды жақұт жырларыңызбен қуанта беріңіз деп тілек білдіреміз.



Қадыр МЫРЗА ӘЛІ

ТЕГІН АДАМ ДАРЫНДЫ БОЛМАЙДЫ


Қай-қай халық да дарынға кедей болмас. Сөйте тұра қазақтардың өлеңге деген көзқарасы мүлдем өзгеше.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең! - дейді Абай.

Данышпанымыздың бұл сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Бүкіл қазақ осылай ойлайды. Ойлап қана қоймайды, сенеді де соған. Басқа мәселелерде бір жерден шықпаса да, бүкіл қазақтың өлең туралы ойы бір, пікірі ортақ. Мұны өзіміз ғана, біздермен көршілес, іргелес тұратын етене жақын халық өкілдері ғана емес, келіп-кеткен қонақтардың өзі тап осылай деп қабылдайды.

Сүйсіне айтып жүреді. Қазақ жерінде біраз жыл айдауда болған поляк азаматы Адольф Янушкевич еліне оралғаннан кейін далалықтардың өнеріне, сөз өнеріне деген ыстық ықыласына, махаббатына әбден тәнті болып, «Дневник и письма из путешествия по казахским



степям» деген кітабында соншалықты сүйсініспен ақтарыла жазады.

Аяқ-асты суырып салып, өлеңмен айтысқан қазақ ақындарының бір емес, бірнеше мәрте куәсі болған айдауда жүрген поляк азаматы өзіне-өзі сенбейді. Қолына қалам ұстап, өзімен өзі оңаша қалғанда қинала-қинала әрең жазатын.

Еуропа ақындарымен салыстырып, жабайылау жапан дала өкілдері жайында «Эти спетные Демосфены, эти степные Цицироны» деп әбден таң қалады. Рас, Янушкевичтің сөздерді айтқанына екі ғасырға жуық уақыт өтті. Аз уақыт емес! Оның бер жағында қазақтар көрместі көріп, бір емес, бірнеше қоғамдық формацияны бастан кешірді. Бірақ өлеңге, өнерге деген ықылас әлі сол күйінде деуге болады. Бұрынғы кеңес дәуірінің ақындарына арнайы қаламақы төлеп, мол-мол тиражбен басып шығаратын-ды.

...Енді заман басқа, заң басқа демекші, не жазсаң, соны жариялауға мүмкіндік туды.

Ал Дәмелінің жөні бөлектеу. Ол өнер үшін туған адам. Рас кейде сегіз қырлы, бір сырлы қабілетті кісілердің өзі қаптаған көп өнердің арасында да адасып жүреді. Айналаға алаңдамай, тура жыр жолына түскенше, шаң жұтпай жүйріктер тобына еркін кірер ме еді, қайтер еді. Әйтсе де, игіліктің ерте-кеші жоқ. Қазірде абыройсыз бола қоймас деп ойлаймын!




*Серікқали ШАРАБАСОВ,
ұстаз-ғалым*

АЛТЫН ҚОЛДЫ АПАМ-АУ!

1987-88 оқу жылы – А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институты ұжымы үшін өте сындарлы жыл болды. Әлем қазақтары дүрлігіп, әлдеқашан өліп қалған дәстүр – Әз Наурызды халықтық мереке етіп өткізу туралы жоғары жақтан екпіні күшті бұйрық алды. Бұйрық тізгіні, ұмытпасам, Мырзатай Жолдасбековтің қолында болды. Жездеміздің жалындап тұрған шағы, айтқанын екі еткізбейтін.


Институт басшылары қазақ үйі тігілсін деген ұсыныс жасаған. Іздеп сұрастыра бастадық, ешкім ешнәрсе білмей шықты, бірақ ел іші алтын бесік екен. Кезіндегі Одақ, республикаға күрестен чемпион болған, жетекшісі КСРО спорт шебері Исмағұлов Темеш шәкірті, бөкейордалық, айналайын, Жәрдемөв Жұбанышқали деген жігіт «мен киіз үй тігемін» деп шыға келді. Ханның бәйбішесі ұл тапқандай қуандық, бүлдіршіндей жастарды Ер Төлеген мен Қыз Жібек кезіндегі қалыңдық ойнау дәрежесіне дейін жеткізді. Наурыз соңында қорытынды мәдени жиналыс болып, біз



киіз үйіміз туралы желпініп айтқанда, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы директоры Сара Та-набаева жерден жеті қоян тапқандай ірі жаңалық ашты. «Киіз үй деп, Жымпиты ауданы, «Жосалы» совхозының шебері Дәмелі Құсайынқызының үйін айтыңыз, нағыз ұлттық өнердің озық үлгісі деп... Біздің өректіген көңіліміз салқын су сепкендей суып, алқынған жүрегіміз пәсейіп қалды... Сосын қолөнерші Дәмелі Құсайынқызы аңызы басталып кетті. Алтын қолды апамыз аудан, облысты қойып, республикаға өрледі. Ақшасы көптің сөзі өтімді ғой. Шебер «Ақсай-газсервис» деген алпауыт қолына өтіп, ұлттық орталықтағы Дәмелі іскерлік мектебі ашылды деп дүрліктік. Облыс ұлттық мәдениетін насихаттаушылардың бәрі – теледидар майталманы, акын Ботагөз Баймұқанқызы керемет-керемет көрсетілім көрсетті. Сосын ұлттық шебер өнері Одақ астанасы – Москвада, қазақ ордасы – Астанада өнер салтанатын жарқыратты. Ой, бір шуакты, сәулелі кезеңдер еді ғой.

Біздің облыста неге екені қайдам алтын қол шеберлерге қазақ ұлттық, көпжылдық жоспарлы жұмыстар жүргізілмейді. Шеберлерді бір саяси науқанға, бір реттік керекке әдейі жаратады да, сосын тез ұмытуға ұмтылады. Бұл – мемлекеттік, ұлттық зиян немесе ұлт мүддесіне әдейі ұйымдастырылатын қаныпезер, айлакер, саясат.

Өлерінен үш ай бұрын, көңілсіз, ауру әбден меңдеткен қайран, асыл ағамыз Қадыр Мырза-Әлиді студенттермен Сырым баба ескерткіші жа-нынан салтанатты қарсы алдық. Ағамызға еркелеп:



«Алашордаңыз 75 жасқа толды, мерекенізді қалай тойлады?» деп әзіл сұрақ қойып едім, екеуіміздің кездесуіміздегі ең парасатты жауап алдым: «Осы сен әлгі Тұяқбай (ректор Рысбеков деңіз) екеуіңіз мені «XX ғасыр ақыны» деп ат қойып, айдар тағып едіңіздер, құдай берген елім мені «XXI ғасыр ақыны» деп, аппақ ат мінгізіп, Дәмелі қарындасым аппақ киіз үйінде хан көтерді, еліме дән ризамын!» деп жымпитыша езу тартты. Біз Дәмелі Құсайынқызының еңбек ерлігіне, аудан жұртшылығының Қадыр аға көңілін табудағы табысына тәнті болдық.

Уақыт тезі тегеуірінді ғой. Дәмелі апайдың көзі нашар, қол қуаты әлсіз деп есіттік. Алтын қолды шеберге өріс жасап, арнаулы тапсырма алған шәкірттер белгілеп, бірі ою, біреуі киіз үй сүйегін жасайтын шебер, екіншісі қазақы дизайн ойлаушы, үшіншісі әрлеуші, қысқасы шебердің өнерін алып қалу керек қой. Бұл, меніңше, мемлекеттік, ұлттық мүдде!

18-сәуір, 2015 жыл.

Орал қаласы.


АМАНБЕК АҚАЙҰЛЫ,
*Академик, профессор, биология
және экономика ғылымдарының
докторы, Ғылым мен Білімге
еңбегі сіңірген Қайраткер,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі, Халықаралық
Сыйлықтардың Лауреаты*



ҰЛАҒАТТЫ АМАНАТ АРҚАЛАҒАН ДӘМЕЛІ АПА

Ұлтымыздың талантты Аруларының алдыңғы сапында, тынымсыз тер төгіп, ізденіп, алғысқа бөленіп жүрген, көптеген Республикалық байқаулардың Лауреаты, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, дәстүрлі әнші Ажар Сейтенованың себебімен, Дәмелі Құсайынқызынқызының бүкіл Адамдық болмысын айғақтайтын осы еңбекпен танысканыма ақжарма ниетіммен қуанышқа кенелгенім туралы қолтаңбамды оқырман назарына ұсынамын.

Ұлттық құндылықтарымыздың бірнеше саласына өзіндік өнегелі өрнегін сала білген Дәмелі Апа туралы, халқымызға танымал Азаматтардың айтқан жылы лебіздерін ескере отырып және Дәмелі Апамыздың өзімен тілдескеннен кейін, маған етене жақынырақ болғандықтан ол кісінің поэзия Әлемі жайлы біразырақ пікірімді айтпақпын. Алғашқы алған әсерімді ашып айтсам, Дәмелі Апаның өмірге құштарлығынан туған жырлары, бүкіл аналардың



дархан тілегіне тән, шуақты мейірбандылық пен алғаусыз ақ тілектермен нұрын себеді. Жер мен Елге, Елбасымызға, Бабалар рухына, өзінің замандастарына, ұл қыздары мен немере шөберелеріне, мәртебемізді Әлемге танытқан Чемпиондар мен өрелі өнерімізді өрлетуге күш-жігерлерін арнап жүрген халқымыздың дарын иелері туралы толғау, арнау, өсиет жырларынан шынайылықтың лебі еседі!

«Өнер – жарыс, сал додаға барыңды,

Адалдыкка шомылдырып Арыңды!...», - дегеніміздей, ақындықтың Аманатын арқалаған Дәмелі Апамыздың жүрегін жарып шыққан жырлары өзіндік лебімен, сарынымен, соқпағымен, ықыласпейілімен халқымыздың назарына жол тартты! Жырларыңызға Ақ Жол, Өзіңізге ұзақ ғұмыр тілеймін, Дәмелі Апа!



Ә.А.НҰРМАНОВ,
«Бейбітшілік әлемі» халықаралық
қазақ шығармашылық
бірлестігінің президенті, э.ғ.д.,
академик




ЖҮРЕГІ ИГІЛІКKE ТОЛЫ АҚЫНДА, ІСМЕР, БАТЫР АНА

Батыс Қазақстан обылысының сырым ауданы.(бұрынғы Жымпиты)Жосалы ауылынан шыққан сазгер.ісмер он бала тәрбилеп өсірген батыр ана Дәмелі Құсайынқызы он саусағынан өнер тамған шебер болуымен қатар.жүрегінен өлеңмен ән төгілген ақын да.Міне осындай өнер қонған сегіз қырлы,бір сырлы ұстаз,бірнеше кітаптары жарық көрген пәк жүректі ақын ана.Жүзінен мейіріммен имандылық төгілген Дәмелі апамыздың тағы бір ерекше қасиеті.қоғамда болып жатқан барлық жаңалықтарға жанын салып араласып,өлеңмен өріп,өз үлесін қосатыны.

Бірнеше аудандық.обылыстық.республикалық.халықаралық байқаулар мен көрмелерде шаңқан ою-өрнектермен көмкерілген киіз үй тігіп,жұлделі орындарға ие болған.Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойына батыр мен оның сарбаздарына арнап батырлардың киімін тіккен шеберлігі елді ерекше тәнті еткен-ді.

Тыныштықты,бейбітшілікті тілейтін «Бейбітшілік ұраны» деп аталатын патриоттық өлеңінің сөзін де.әнін де жазған:



Өмір қалай өтіп жатыр байқамадым,
Бакытты елдің бесігінде шайқаламын.
Менің елім қазақ елі екендігін
Бар әлемге мақтанышпен айта аламын.

Міне, осы әнді 2011 жылы «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің ұйымдастыруымен табыстаған. Кейін осы бірлестіктің кітпахана қорына Дәмелі Құсайынқызы өзінің «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Өлең өлкесінде», «Із», «Жан жарығы» атты кітаптарын тапсырды. Еңбектері жоғары бағаланып Халықаралық Жазушылар одағының төс белгісіне және куәлігіне ие болды. Өзінің тіккен киіз үйлері және қолөнер бұйымдарымен таныстыратын деректі фильмдерінің бейнетаспасын да, өз қолынан шыққан қолөнер туындыларында осы қорға табыстап, халықаралық қолөнер шебері атағына лайық деп танылды.

«Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігі өзінің құрамында осындай өнерлі адамдардың болғанын мақтаныш етеді және оларға қошемет көрсетіп, ақ тілекпен ризашылығын білдіреді.

Өзінің еңбек жолын да бала тәрбиесіне арнаған Дәмелі апай жұбайы Шапай Қажығалиұлымен мектепте ұзақ жылдар бірге еңбек етіп, жарасты өмір кешіп, бұл күнде құрметті демалыста жапырақ жайған ұрапақтарын өсіріп тыным таппай өлеңдерін жинақтап, кітаптарын шығарып, халықтың игілігіне асырып жүрген еңбеккер жан. Дәмелі Құсайынқызының «Қолтаңба» атты кітабына бірнеше әндері нотаға түсіріліп өзінің төл туындылары «Туған жер», «Тағдырым», «Бибітшілік ұраны», «Болмасын соғыс», «Он қазық», «Сағыныш саздары» және әнші, сазгер Ажар Сейтенованың әндеріне жазылған «Ғарифолла», «Әнге айналам», т.б. әндері осы кітапқа енгізіліп отыр.

Дәмелі апай әлі өзіңіз шықпаған асуларыңызды бағындырып халқымыздың қалаулысы болып жаныңыз қартаймай деніңіз сау болып, ортамызда жүре беріңіз.

Қолтаңба атты кітабыңызға ізгі тілегімді білдіремін.




*Замзагүл Ергазиева,
Аралтөбе ауылдық округі әкімі*

БОЛАШАҚТЫҢ ЖАРҚЫН БОЛУЫН ТІЛЕЙТІН БАТЫР АНА, ҰСТАЗ АНА

2014 жылдың 11 қазан күні Сырым ауданы Аралтөбе округінде Ауыл күні тойланды. Бұл тойдың құрметті қонағы қазіргі кезде Батыр Ана, Ұстаз Ана ізденіс пен еңбектің нәтижесінде өз ортасында ғана емес, ел алдында зор абыройға кенеліп жүрген, өз қолөнерімен республика көлемінде танымал болып жүрген, он бала тәрбиелеп өсіріп, қазіргі кезде сол балаларының қызығын көріп жүрген Ана- Дәмелі апамызбен танысып, өз өнерін, өлеңдерін кітап қылып шығарып кейінгі жастарға үлгі өнеге мұра етіп қалдыруды өзіне мақсат тұтып жүрген белсенді патриот Апамызға іштей риза болып, басқалар үлгі алатындай жан екен деген ой туды.

Аралтөбе ауылының тойына өз шашуымен келді. Ауылдастарына арналған өлеңі, жылы сөздері, ұйып отырған жұрттың бірауыздығына, ұйымшылдығына риза болған Аңаның сөзі, өзімен бірге алып келген ма-



териалдарын кітапханаға табыстап айтқан сөдерінен елге деген сағынышы, ризашылығы байқалды.

Оюмен өрнектелген киіз үйлері, текемет, құрақ көрпелері облыс республика көлемінде таралған шебер қолөнер иесі Дәмелі апамыз қазақ халқының өзге ешкімге ұқсамайтын ерекше қасиеттерін, өнерін үйренуге деген ынтасы бар жастарға ұлттық құндылықтарымызды насихаттап жүрген абзал жан. Қазіргі кезде қоғамдағы әйелдердің қоғамдық мәдени өмірге араласу белсенділігі артып келе жатырғандығын көріп отырмыз. Ана қашанда тіршілік тірегінің тамырына нәр берген зор мейірімнің иесі ретінде күллі адамзат баласына шапағат төгуші болып жүрген Ана-Дәмелі апамызға өнеріңізбен өрге жүзіп деніңіз сау болып, болашақ ұрпақ үшін жасап жүрген ісіңізге сәттілік тілеймін.


*Донеділ ҚАЖЫМОВ,
Қадыр Мырза-Әли атындағы
Батыс Қазақстан облысы мәдениет
және өнер орталығының
директоры, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері*



ӨНЕГЕЛІ ІСІ МОЛ ДӘМЕЛІ АПА

Өткен ғасырдың 70-жылдарының аяқ жағында ма екен... Жымпиты аудандық «Қызыл ту» газетінің бір санынан ұстаздар туралы, соның ішінде кейінірек менің де мұғалімім, әрі жоғарғы сыныптарда сынып жетекшіміз болған ардақты ұстаз, соғыс ардагері Кенжеғұлов Қадым Кенжеғұлұлы туралы толғаған өлең оқыдым.

50 жылдардың аяғы, 60 жылдардың басында біздер де осы ауданның Бұлдырты совхозында тұрғандықтан, Бұлдырты туралы, бұлдыртылық ұстаздар туралы өлең өрген кім екен деген сауал қызықтырды. Әрі, жатқан жерің жарық болғыр, менің анашым Сараның да тегі Құсайынова болатын. Газетті қолыма алып анама келдім. Бұлдыртыда өлең жазатын Дәмелі деген апай бар екен, ол кім деп сұрадым. Апам: Қажығалиев Чапай деген мұғалім болды ғой, қазір олар Аралтөбеде тұрады. Сол кісінің әйелі. Өзі де мұғалім. Осы күні аудандық газетке өлеңдері жиі шығып тұрады, - деді, ризалығын жасырмай.



Бұл менің Дәмелі Құсайынованың жазған өлеңімен алғаш танысуым еді. Одан кейін 1990 жылы облыстық халық шығармашылығы мен мәдени ағарту жұмыстарының ғылыми-әдістемелік орталығының директоры болған кезімде Дәмелі апа талантының тағы бір қырымен таныс болдым. Бұл біздің қолөнер көрмесіне дүниелер жинап жатқан кезіміз еді. Жымпиты ауданынан қазақтың ою-өрнегімен мол безендірілген керемет әдемі киз үй, жабдығымен келді. Ұлттық өнеріміз қағажу көріп, кенжелеп жүрген кез еді ғой. Мен дереу әдебиетші, журналист Лұкпанов Бүркіт есімді ағайымды тауып алып, тапсырыспен Дәмелі апайдың ісмерлігі туралы, әлгі Москваға барып келген киіз үйі туралы насихат етіп плакат шығарттым. Оған марқұм Марат Мұхитденов деген ел азаматы, типографияның директоры қолғабыс етті.

Одан кейінгі жылдары да Дәмелі апай тыным тауып көрген жоқ. Іс те тікті, өлең де жазды, кітаптары да шықты. Аудандық, облыстық, республикалық та шаралар мен көрмелерден талай жүлделер алып абырой биігінен көріне білді.

Бұл күнде әже жасына келсе де шығармашылықтан қол үзбеген Дәмелі Құсайынқызы кәрілікке бой алдырған жоқ. Әлі де қоғамда белсенді. Нәзік жүрегі жақсылыққа шаттанып, келеңсіздікке ауырады. Ал өмірде немқұрайлылықтан, енжарлықтан жаман не бар?!

Олай болса - Дәмелі Құсайынованың өнегесі баршаға үлгі.



*Сейтенова Ажар Жүсіпбекқызы,
дәстүрлі әнші, ҚР Журналистер
одагының мүшесі*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨНЕДЕН КЕЛЕ ЖАТЫРҒАН ҚОЛӨНЕРІ ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Сөзімнің әлқиссасын ең әуелі қазақтан шыққан ғұламалардың пікірлерінен бастағанды жөн санап отырмын.

«...Қазақ кадым заманнан бастап-ақ өзінің ата-тегін құраған тайпалар мен халықтардан киіз басуды, тері ұқсатуды, алаша токуды, ши орауды, алтынмен аптап, күміспен күптеуді өзіне мұра етіп қабылдаған ел. Дәстүрлі өнердің осы түрлерінің барлығы киіз үйден көрінетіні хақ. Ә. Марғұланның, тарих ғылымдарының докторлары Х. Арғынбаевтың, М. Мұқановтың аса құнды еңбектеріне қарамастан, қазақтың киіз үйін палеэтнологиялық тұрғыдан әлі де болса терең зерттей түсуді қажет ететін құбылыс екенін өмір көрсетіп отыр ...» - дейді Өзбекәлі Жәнібеков «Жолайрықта»




(Алматы. «Рауан») атты еңбегінде. Ал, Акселеу Сейдімбеков («Күңгір-күңгір күмбездер» 188-189 бет. Алматы, Жалын, 1981ж) өзінің еңбегінде «...Киіз үй кошпенділер даналығы дүниеге әкелген өнер туындысы ретінде өткен ғасырлардан-ақ европалықтар назарына ұсынылып, көрмелерден орын ала бастады. Ішкі орда ханы Жәңгірдің әмірімен екі жыл бойы мәнерлеп жасалған киіз үй Николай І-ші патшаға сыйға тартылған. Бұл үйдің бітім-көркі туралы тамылжыта жазылған дерек - «Тургайская газетаның» 1903 жылғы санында жарық көріпті. Әлкей Марғұланның «Казахская юрта и его убранство» атты еңбегінде қызықты деректер бар. Зайсанның қазағы ұлы князь Николай Николаевичке сыйға тартқан киіз үй алтынмен апталып, күміспен күштелген еді дейді. Ал, Алмас дегеннің киіз үйі 1861 жылы Париждегі халықаралық көрмеге қатысса, Мейрам Жанайдаровтың киіз үйі 1876 жылы Петербургте өткен ориенталистердің үшінші конгресінде тігіліпті. Мұндай мысалдарды тізе беруге болады.

Ал, колонер шебері Дәмелі Құсайынқызының қолынан шыққан киіз үй де 1990 жылы Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне шақырылып, Қазақстанның атынан бір апта бойы кұрулы тұрған екен. Он саусағынан өнері тамған шебер Дәмелі Құсайынқызының Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы мұражайда 1972 жылдан бері сақтаулы тұрған екі киіз текеметінің сол қалпында сақтаулы тұрғанын өз көзімізбен көріп телебағдарлама жасап қайттық. Нәсейін жүрген



көңіліміз бір серпіліш қалды. Ұлттық колонеріміздің жыл өткен сайын баға жетпес құндылыққа айналатынына көзіміз жеткенде, қуанғанымыздан төбеміз көкке жеткендей болды. Осы қуанышты күндерді Ақсай телеарнасы арнайы хабар жасады. Облыстық «Орал өңірі» және республикалық баспасөз беттеріне мұражайдың өнертанушы аға ғылыми қызметкері Г. Жуваниязованың текеметке толық талдау жасаған мақаласы жарияланды. Ал, Дәмелі Құсайынқызының 1999 жылы Наурыз мерекесіне арнайы сән-салтанатымен тіккен киіз үйі І-ші жүлдеге ие болған. Бұл киіз үйді жергілікті кәсіпорын Ақсайгазсервис басшылары аттай қалап алып әлі күнге дейін сақтап, әр мереке сайын тігіп, ұлттық өнерімізді насихаттап келеді. Майданнан оралмай соғыс құрбаны болған әкесі Құсайынға арнап тіккен киіз үйі де Жеңіс мерекесі қарсаңында Облыстық «Диңдар» телебағдарламасына Ботагөз Баймұқанқызының жүргізуімен көрсетілген еді. Еліміздің егемендік алған күніне орай Елбасына арнап тігілген киіз үйінің төріне арнау өлеңін кестемен өрнектеп, шеберлеп жазыпты. Бұл киіз үйі республикалық «Қазақстан музейі» (2005ж) және «Нарасат» журналдарына жарияланған. Ал, 2007 жылы «Аргумент и факты» республикалық газетіне журналист Малдыбаев Сабит Ғалымұлының (қазыр Қазахстанская правда газетінде бас редактордың орынбасары) жарияланған мақаласы бойынша Ғафу Қайырбеков атындағы кино студиясы Алматы қаласынан Батыс өңіріне келген сапарында Дәмелі Құсайынқызының колонері туралы



өздерінің «Әлемнің тоғызыншы аймағы» атты деректі телесериялының 27-ші бөліміне түсірген екен.

Бұл 100 сериялы деректі фильмнің жеті сериясы Батыс Қазақстан аймағына арналған.

Ал, 2010 жылы тіккен киіз үйін Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлінің 75 жасқа толуына байланысты Сырым елінің атынан арнап тіккен кезінде өзімізде сол шараға қатысып, Қадыр Мырза Әлі ақынның сөзіне жазылған «Ақжайық» әнін орындаған болатынмын. Бұл киіз үйдің тұсауын Қадыр Мырза Әлі өз қолымен кесіп, киіз үйден дәм татып бата берген кезінде батасын алған едік .

Міне, осындай ізгілікті іс тындырып жүрген апамыздың осы еңбегінің жарық көруіне қолдау көрсетіп отырған барлық ізгі тілек білдірушілерге алғысымыз зор. Ал, Дәмелі апамызға осы «Қолтаңба» атты кітабын баспаға дайындау барысында әндерін нотаға түсіріп, өлендеріне әуен шығарып орындап жүрген шығармашылық бірлестіктегі әріптесі ретінде маған сенім артып, кітабын дайындауына ұсыныс жасағанына ризашылық ізгі тілегімді білдіремін!

*Мәле ҚОСЫМБАЕВ,
филология ғылымдарының
кандидаты, «Ерен еңбегі үшін»
медалінің иегері,
Мемлекеттік Дарын сыйлығының
лауреаты,
Қазақстан Республикасының
мәдениет қайраткері*



ДӘНСПАН ТАУДАЙ БОЛҒАН ДӘМЕЛІ АПАМ

Алыпсың Елбасының қолтаңбасын,
Қолтаңба болашаққа жол таңдасын.
Өзендей күркірейді өлеңдерін
Қаламнан қасиетті мол тамғасын.
Дәнспан таудай болған Дәмелі апам,
Бәдізі – Ақтоқтыдай, бәдені – Ақан.
Духиы Дубай жақтан бұрқыраған
Әдемі қыздардан да әдемі апам!
Әкесі әскербасы Құсайын бек,
Дегендей: «Дұшпанымды тұсайын кеп».
Жосалыдан қырандай жойқын қанат
Берлинге отыратын ұшайын деп.
Ашық қой ер сыйлаған айтар маңдай,
Шаңырақта шабатын тай тарландай.
Оюлап он баланы төгіп бердін,
Шапайға шапан жауып қайтарғандай.
Аман-сау кездесерміз Алла оңдаса,
Халықтың жыршыларын хан қолдаса.
...Қарағанның бетіне қарай берме
Ақсайда ақшасы көп шал болмаса!



Ж.ӨТЕГЕНОВ,
*Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі*

АПАМЫЗБЕН МАҚТАНАМЫЗ

Туған жердің топырағында табан ізі айқын түскен жандардың ары таза, заманның желісінен де, дауылынан да, мың кұбылған саясатынан да сағы сынбай, ықтасын іздемей ғұмыр кешіп келе жатқан ақын аналардың бірі де бірегейі – Дәмелі апамыз дер едім.

Дүниенің бар қызығы байлыққа айырбасталған кезеңде өзінің өмірлік кредосын, қалаған жолын, қаузаған ісін тәркі етпей өлеңін өгейсітпей келеді.

Өнердің басты мұраты өз жұртыңды, ұлтыңды өзгеге таныту болса керек, бұл ақын үшін заңдылық. Асыл құндылықтарды сақтай отырып, дүниенің алуан-алуан сырларын көңіл айнасына түсіріп, санада сараланған ойды қорыту арқылы парасатты пайым, терең түйсік жасау тек таланттардың қолынан келген.

Талант өлшемі - өлең өрісі.

Дарын иесі Дәмелі Құсайынқызының қаламынан туған өлеңдер 5 кітап болып баспада басылып шығып, ел игілігіне айналды.



Мына ұсынғалы отырған жинағы да оқырман қауымға қуаныш, ләззат сыйлары анық.

Тәңірдің бір адамның басына өнер атаулыны үйіп төгіп береді де ал бәзбіреулерді мүлдем мақұрым қалдыратынына қандай дау айта аласыз.


Өнер дегеніміз – адамдармен сырласу құралы десек, ақын апамыз тек өлең жазумен емес, тағы басқа да қырларымен көпшілікке көрініп жүр.

Атап айтқанда, қолынан шеберлігі төгілген ісмер бүгінде Исатай мен Махамбет сарбаздарының киім үлгісін өмірге әкелді.

Елбасына бүкіл жабдығымен сыйлаған киіз үйі мен қазақтың абыз ақыны, өнерлесі Қадыр Мырза Әліге тарту еткен киіз үйі бір төбе.

Қос өнерді тең емген батыр анамызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Қалың елін қуантып ортамызда жүре берсін, жағы түспей жамандық көрмесін.






*Бауыржан
ТУМАНОВ*

САН ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

Әр адамның жан сыры, қасиеті де күрделі жұмбақ құрылыс. Әсіресе, өнерлі жанның құпиясын, жан сезімін өзіндей дөп басып ұғыну, ақынның өлеңдерін оқып, түсіну, оның келешекке қажет дүниелер екенін пайымдау талғампаз оқырманның ісі. Осындай көп қырлы өнерлі жанның халық арасында жарқ етіп көрінуіне тілеулес болып, жәрдем қолын ұсынған жанның бірі болғаным қуантады. Мен үшін жаны сезімтал Дәмелі Құсайынқызының ақын болмауы мүмкін емес болады да тұрады. Себебі, өмірден ерте от болып жанып кеткен Абдолла Жұмағалиев ақынның туған ауылында дүниеге келуі, білім алған мектебінде оқуы, өлеңдерін жатқа білуі көп нәрсені аңғартса керек. Әкесі Құсайын да майданға аттанып, соғыста көз жұмған боздақтардың бірі еді. Әкеге деген сағыныш жүректен өлең болып өмірге келді. Бұл өлең ақындық жолдың бастаушысы болғаны анық. Содан бері апамыздың 5-6 кітабы жарық көріп, оқырмандарынан оң бағасын алса, қазақтың Қадыры атанған, ұлы ақын Қадыр Мырза Әлімен творчестволық байланыс жасап тұрды.



Ақжайықтың ақшағаласы атанған сіңлісі Ақұштап Бақтыгереевамен үнемі байланыс жасап келеді.

Апайдың мінезі - өз өнерінің өзегі іспетті, өлеңдері өмірдің қыр-сырына арналып, шынайылықпен жырлап келеді. Сондықтан болар айтары бар, сипаты бөлек, қарапайымдылығымен жұртшылық жүрегіне жақын өлеңдер. Бүгінгі көпшілікке ұсынылып отырған «Қолтаңба» атты жыр жинағы өнердегі ғұмырының жалғасы. Бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеткен ананың бес саусағынан өнер төгілген ісмер екенін айтпай кетуге болмайды. Апайдың қолынан шыққан Махамбет сарбаздарының киімдері ерекше жарасымды тігілген болатын. Бес қаруы бойындағы Махамбет ақын бастаған сарбаздарды көргенде 19-шы ғасырда жүргендей күй кешесің. Өлгеніңді тірілтіп, өшкеніңді жандырды!

Москва, Алматы қалаларында тігілген киіз үйді көрген жұрт таң қалып, таңдай қақтырған болатын.

Жеңістің алпыс жылдығы, Елбасына арналған киіз үйдің жөні бөлек. Тағы бір киіз үйді Сырым ауданының атынан жерлес ағасы, Қадыр Мырза Әлінің 75 жылдық мерейтойына тарту етті.

Дәмелі апамызға жанына жақын іспен айналысу бақыты бұйырған. Өнерді өмірінің өзегіне айналдыра білді. Ұстаздық еңбегі де абыройлы болды. Отбасының ұйытқысы, жолдасының сүйікті жары, балаларының аяулы анасы. Жалпы ұлтқа қызмет еткендердің бірі - Дәмелі Құсайынқызының күлкісіз күндері мен ұйқысыз түндерінің ізі сайрап жатыр.

Апамыздың өмірдегі де, өнердегі де ғұмыры ұзақ болғай!



*Тамара ЖҰМАЛИЕВА,
Маңғыстау облыстық
тарихи-өлкетану мұражайының
директоры*

БАРЛЫҚ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ЖАН

Дәмелі апай баяғының соңынан шәкірттерін ерте жүріп, ел аралап өнер жарыстыратын, өнерімен өрге жүзген, ақылымен елді ұйытқан өнерпаздары сынды.

Шындығында шаршамай шалдықпай, өмірден түйгендері мен тірнектеп жиғандарын өзі шығарған өлеңдеріне арқау етіп кітаптар шығаруы, тынбай ел аралап жайсаңдармен жолығып, таланттарды тауып, көкірегі ояу ұрпаққа таратып жүруі жан-жағына ізгілік нұрын шашып жүрген кейуана тәрізді.

Өмірде жар сүйіп, ұрпақ өсіріп «Батыр Ана» атанған осынау ақын жанды нәзік тұлғаның қажымас қайраты мен тынымсыз еңбегіне қайран қаласың!

Қадірлі Дәмелі апай!

Өзіңіз сияқты әйел адамның бір басында жаратушы сыйлаған сонша қабілет-қарымға, татаусыз талант пен талапқа таңдай қаққан, тәнті болған жайымыз бар.



Өте қарапайым адами қалпыңызбен үлкенмен де, кішімен де тез танысып, әнгіменіздің жара-са қалуы, ешкімді жатсынбай риясыз көңілмен өз шығармашылығыңызбен, өз мақсаттарыңызбен таныстыра алуыңыз Сізді өзгелерден ерекшелеп тұр.

Сіздің елгезектігіңіз бен көпшіл көңіліңіз бізді де еріксіз баурап алды. Қалауын тапса қар жанады дегендей кешегі көшпелі өмір салтынан жұқана да қалмаған, ата дәртүрден алшақтаған мына заманда қолына қаламы мен оймағын қатар алып іске кіріскен аяулы Анадан айналып кетпейсің бе!

Өнерге әркімнің-ақ бар таласы десек те, ұлттық болмысымыздың бастауындай қара шаңырағымыз киіз үйді ұмыттырмай, жаңаша жасақтап, ою-өрнекпен безендіріп, бүгінгі ұрпақ игілігіне ұсына білген берден-бір шебер де өзіңізсіз Дәмелі апай!

Қымбатты Дәмелі апай! Сіздің үлкен жүрегіңізге сиып тұрған ақындық пен ақылдылық, бауырмалдық пен батылдық, ісмерлік пен ізденгіштік, шеберлік пен шабыт, ерендік пен еңбекқорлық қасиеттеріңіз Сіздің қандай құрметке де лайық Адам екендігіңізді көрсетеді.

Бар болыңыз Батыр Ана! Мың тағзым сізге, Ақын Ана!

Шебер Апа! Иә, Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері сізді Шебер апа атап кетті.

Сіздің мұражай қорына тапсырған кітаптарыңыз бен кассеталарыңыз толықтай сипатталып қорға қабылданды. Олардың қабылданғандығы туралы құжаттар өзіңізге жолданды. Сізге шексіз алғысымызды айтамыз!

*Темір ҚҰСАЙЫН,
журналист, «Құрмет»
орденінің иегері*



ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІМІЗДІҢ ЖОҚТАУШЫСЫ

Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық салт-дәстүріміз бен халықтық төлтума қолөнерін сақтап қалудың орны айрықша. Бізді ұлт ретінде ерекшелеп халықаралық қауымдастық алдындағы абырой беделімізді және салмағымызды арттыратын да әлбетте осындай халықтық рухани құндылықтар. Алтынға айырбасталмас мұндай ұлттық өнеріміздің жоқтаушылары мен оны ХХІ-ғасырға табыстаушылар қатары өкінішке қарай күннен күнге сиреп барады. Солардың бірі бүгінде жетпіс бес жасқа жетіп отырған ардақты ана, он саусағынан өнері төгілген ісмер жан, сөз киесі мен құдыретін тереңнен түйсіне білетін жазба поэзияның қабырғалы өкілі Дәмелі Құсайынқызы.

Елдік салт-дәстүрді, оның төлтума қолөнерін бүгінгі уақыт тынысымен ұштастыру үшін шын мәнісінде қанатымен су сепкен қарлығаштай өз білгенін өзгелерге, соның ішінде бүгінгі буынға табыстап кетуге барын салып, жанын салып жүрген Дәмелі апамыздың еңбегі – шын мәнісінде жоғары

бағаға лайықты. Ұлттық өнерімізді ұлықтай білмесек, әлемдік жұртшылық алдындағы бәсіміз де бәсеңситініне шек келтіруге болмайды.

Мәселенің дәл осы мәнісінен келгенде де Дәмелі Құсайынқызы секілді апа-анамыздың өнегесі көпке үлгі болып қала бермек. Ол кісі осыншама жасқа келдім деп жер таянып, жар таянып қалып отырған жоқ. Еліне берері әлі де мол өнерлі анамыз қалыптастырған ісмерлік мектептің тағылымы терең болатынына шек келтіргіміз келмейді.

Сөз сонында Дәмелі Құсайынқызындай халықтық өнеріміздің жоқтаушысы бар кезде, оның өрісі де соғұрлым арнасын кеңге тарта түседі, жаһандандудың арандай аузына жем болып кете бармайды деген ойдамыз. Сіз елге керек адамсыз, апа! Ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын!





*Гүлсім КАДЕШЕВА,
ҚР Мәдениет қайраткері*

АРДАҚТЫ АНА

Дәмелі апаны мен сонау 70-жылдардың басынан білемін. Сырым ауданының Аралтөбе ауылында тұрған кезден. Менің анам екеуі қызметтес болды, сол кезде анам тамсанып тұрып айтатын. «Неткен сегіз қырлы, бір сырлы жан еді. Апырмай, бір ерекше адам» дейтін. Сол кезде Дәмелі апа үкіметтің жұмысы, үй тауқыметі, балалары кішкентай болса да бүгінгі өнерін сол жылдардан алып келеді.

Бері келе апамызбен өнер мен мәдениеттің қара шаңырағында істеп жүрген жылдары жақынырақ араластық. Бұл кезде апам белді өнер қайраткеріне айналыпты. 3-4 кітапты шығарып үлгірген. Бұрын Аралтөбе қазақтың киіз үйін киізден жасаса, қазір заманның талабына сай әдемі жібектен, адамның көзінің жауын алатын сұлулықпен істелген киіз үй бұйымдары бүкіл Батыс өңіріне танымал болды. Шапай ағамызбен жарты ғасыр отасып, он баласын өсіріп қатарға қосып бақытқа бөленген ардақты Ана өмірінің әр сәтін өлеңдерімен өріп келеді.

Дәмелі апаның өнеріне, өлеңдеріне үнілсем, апаның жүрегіндегі елге деген, туған жеріне,



ұлтына деген шексіз махаббатын көрем. Үлкен патриоттық сезімі атадан қалған мұраны балаға, болашаққа жеткізу деп түсінем. Бүгінгі күні апам үлкен жетістікке жетіп отыр. Өнерге арналған 7 кітабы жарық көрді, еліміздің егемендігінің мерейлі мерекесіне арнап он шақты киіз үйлерді де жасақтады, Елбасына арнаған киіз үйі де бар. Осының бәрі қандай еңбек!

Ол екінің бірінің қолынан келмейтін іс. Осы қиын іс-әрекеттерінің бәрін апамыз материалдық жағдайын жақсартайын деп істемейді, аллаға шүкір ондай мұқтаждық жоқ. Ол кісінің көздегені алланың берген өнерін көкіректе жасырып қалмай халыққа сыйлау, мұра етіп қалдыру.

Ісіңіз әрқашанда жемісті болсын, қаламыңыз мұқалмасын, халқым деп, өнер деп соққан жүрегіңіз өміршең болсын, ардақты Ана, батыр Ана!

АЛАТАУДЫҢ ШЫҢЫНДАҒЫ АҚ ҚАРДАЙ
Дәмелі Құсайынқызына

Алатаудың шыңындағы ақ қардай,
Күллі өнер бойыңызды жапқандай.
Салт-дәстүрді насихаттап келесіз,
Түннен кейін қайта туган ақ таңдай.

Батырлықты, ақындықты ту еткен,
Жырлап жүрсіз, таза көңіл жүрекпен.
Дана ана бұрынғының сарқыты,
Өлмейтіндей туындылар түлеткен.

Қазағымның даласындай дархан ең,
Жүрек таза, сөзің өткір, құшақ кең.
Өзіңіздей үлкен дара ақынға,
Жыр арнаймын кішкентай бұл жүрекпен.

Қолөнермен тамсандырып талайды,
Балаларын бақытым деп санайды.
Көрмелерден орын тепкен еңбегін,
Ұрпағының ертеніне балайды.

Игі істері халқы үшін жасалған,
Еңбегі үшін Елбасынан хат алған.
Ұлттық рухты ұлықтаған ұлы жан,
Бұл күндері ел анасы атанған.



Тағдырына алаңдап қазағымның,
Өлеңіңді өрнектен жаза білдің.
Мәңгілікке өлмейтін мұра еді,
Әр кезеңі өмірлік базарыңның.

Сырым елі алыптардың мекені,
Қадыр акын қанат қаққан кешегі.
Осы жерден сіз де өсіп-өндініз,
Жосалының бағы бүгін бес елі.

Үлгі болар аналар сіздей болсын.
Өзіңізді жас ұрпақ іздей берсін.
Барша жұрттың бағбаны болып жүрсіз,
Алла сізге бақытты үзбей берсін.

*Ақын Ақұштап Бақтыгерейқызы,
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі, қазір Қазақстан Жазу-
шылар одағы Батыс Қазақстан
облыстық бөлімшесінің директоры,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының
иегері, 2005 жылы «Құрмет» ордені-
мен марапатталған, 2012 жылдан
«Қазақстан Республикасының еңбек
сіңірген қайраткері»*



АҚЫН ЖАНДЫ ӨНЕР СҮЙГЕН ҰСТАЗ АНА

Ардақты ана, он бала тауып, оны тәрбиелеп өсіріп, өзінің де ата-ана, туған ел алдындағы парызын қатты сезініп, өмірге асқан жауапкершілікпен қараған Дәмелі Құсайынқызын мен біраз жылдан сырттай естіп жүрем. Ол өз ортасына шарапат шашқысы келетін ақын жанды адам.

Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнай жүріп, ұлтымыздың ұмыт болған ою-өрнегін, көкірек кестесімен қайта жаңа дәстүрге жалғауды армандайды. бар дегені орындала бермейтін, ауыл әйелінің қиын тірлігі арасынан, өзіне уақыт табады.

Бойында қазақ әйелінің қайраты мен намысы бар өнер сүйген, осы кісіге еңбекқорлығы үшін үлкен ілтифатпен қарап, ылғи тілектес болып жүремін.

Әйел атаулы ауылда ине ұстауды ұмытқан кезде, ісмерлік мектеп қалыптастыру да, үлкен жігерді қажат етеді. Бұл өлкеде бір кезде ұмытылып, әлі де қалпына келмеген киіз үй оюы мен әшекейін жанарту да қажет шаруа, өте құптарлық іс. Ұлттық құндылықтың маңызын, әр қазақ әйелі осы Дәмелі Құсайынқызы сияқты сезінсе гой деп ойлайсың кейде.

Жігерлі жанға әрқашан жақсылық тілеймін.



*Қажығалиев Шапай Досжантегі,
Ұстазың, Қазақстан Халық ағарту
ісінің озық қызметкері*



ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ҰСТАЗ ТУРАЛЫ ОЙ

Өмірінің тең жартысын ұстаздықпен өткізген. Дәмелі Құсайынқызы үнемі бір арман биігіне талпынып, адам тағдыры төңірегінде ойға беріліп, тебірене толғанатын, жаны нәзік, мейірімі мол адам. Кәрілік шағына келсе де, атан жүгін арқалап, қияға көтерілуді армандайды. Француз жазушысы Винтор Гюго: «Өзіне арналар ескерткіштің тұғырын, өз қолынан тұрғызып» дегендей, сол тұғыр тұсындағы өмір биігіне көтерілуді өзіне мақсат етіп, әрқашанда шарықтау: «Думанды өмірден сыбағанды алып қалу керек, келешек ұрпаққа ізінді қалдыр, адамдардың атына кір келтірмей, жер беті деген сарайға ескерткіш кірпішінді қала»- деумен келеді. Дәкеннің кішкене кеудесі үлкен арманға толы, қазіргі ұрпақтарға емес, келер ұрпақ алдында да, жауапты екенін сезінеді. Ұрпаққа елеулі мұра қалдыруды, өмір сүрген аз ғұмырды, өкінбей өткізуді, замандас жолдастарына мәнді өмір сүріп, байсалды болуды, мақсат етуді уағыздайды. Ол өзгені сыйлай да, өзін де сыйлаттыра білетін жаны нәзік, ақпейіл жан. Дәмелінің бой-



ында тума ақындығы және ата-бабамыздан қалған қол өнер шеберлігі де бар. Он салғанда өзінің шығарған өлеңдеріне байланысты тыңдаушылар сезімін ұйытып әкететін, дауысында құбылмалы ырғақтар, нәзік әуендер бар. Өлеңдері нәзіктік, сезімталдық, сыршылдықтардан тұрады. Өлеңдерінде күйректік тәрізді көрінетін элегикалық сарындар да бар екенін жасыруға болмайды. Бұл сарын, сол өмірді терең сүюден болған деп ойлаймын. Ойткені өзінің ең қымбат көрінетін аяулы әкесін ерте жоғалтып (Отан соғысында қаза болған) алғандықтан, өзіне тән жырлау ерекшеліктерінің ақындық бір әдісі болар. Кейбір өлеңдерінде лиризмге бөлінген оптимизм үні еседі. Әділет дүниесі бақыт дүниесі - қазіргі заманын жырлағанда, отаншылық сезімін жан тебіренісімен жырлайды. Дәмелі жайшылықта бағалана бермейтін, өзі де еңбегін ешкімге міндет қылмайтын, бірақ тәртіптілік пен жауапкершілік қанына сіңген, адам санатына қосуға болады. Біздің қоғамда «Дұрыс адамдарды, ісіне адал, тиянақты адамдарды - қоғамдық беделдің қазығы» деп біледі. Осындай өз жұмысын жетік білетін, кеудесін қақпайтын, білікті адал адамдар адамдар - еліміздің алтын қорлары, еңбек майталмандары, тіректері, жастардың таптырмас тәлімгерлері. Жанының жарығы мен жылуын аямай, адал еңбек еткен, адамдардың бірі тәлімгер ұстаз - Дәмелі деп білемін. Дәмелінің өскен оңірі тегіс танып, сыйлайды. Танитыны - жылдар бойы еңбегінің елге етенелігі, сыйлайтыны, өзгермейтін бір қалыңтылығы, тәртіптілігі мен қарапайымдылығы. Қасиеті-талаптанып кісілік талантын, тазалық талантын, қанағатшылығын көрсете білетіндігінде. Адамның көп әдеті бала кезден басталып, бара-бара мінезіне ай-



налып, әлі келіп, өрісі жеткеніне өзін көрсете білуінде. Соғыстан қайтпаған әкесінің жылы алақанын, көмегін көрмей талпынып, талаптанып, тасты жырып шыққан жантақтай тағдырымен тайталасып өсті. Жетімнен жетіліп, намысқа тырысты. Адамдық жауапкершілігін ұмытпай өмір көріп, жер танып, жаны жақсы адамдармен араласты. «Адамға өткен өмір, бәрі сабақ» деген нақылды тәлім етіп ұстанды. Бұддырты ауылы Дәмелінің тал бесігі болды. Аралтөбе оның өрісін кеңейтті, өрісін биіктетті, өмірді түсіну мектебі болды. Тағдыр оны Аксайға табан тіретті. Мұндағы абзал жандар өміріне өң берді, үмігін оятты. Көзінің майын тоңит, істеген адал еңбегі бағаланды. Сөзіміне сезім қосып, жырлар легі шыға бастады. Ұлдары ер жетіп, қыздары бой жетіп, алтын асықтай немере сүйгізді. Адал көкірегі ояу достар табылып, сыйластыққа ие болды. Жүрген жерінде жастар жол беріп, үлкендер қол беріп, Бөрлі ауданының ардақты азаматшасының бірі болды. Міне, ол да оның арманының орындалғаны. Біз Дәмелі Құсайынқызыны жақсылықтың жағында, жақсылардың жасағында, тазалығыңыздан танбай жүре беруіңізге тілектеспіз дейміз.

*Алтыншаш Жаганова,
Жазушы-драматург, қоғам
қайраткері,
«Қазақстан әйелдері»
журналының президенті,
бас редакторы*



ӘСЕМ ЖЫРЛАРЫ ТҮСІНІКТІ ДЕ ҰҒЫНЫҚТЫ ТІЛМЕН ЖАЗЫЛҒАН

Қазақ халқының қолөнер бұымдврының тарихы тым тереңнен бастау алады. Ата бабамыз күнкөріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі еткен. Осындай көп ғасырлық шежіресі бар қолөнер атадан балаға мұра болып, жалғасын тауып келеді. Қазақы салт-дәстүрдің қаймағы бұзылмаған Орал өңірінде қолөнер шеберлері көп. Сондай ісмерлердің бірі – Дәмелі Құсайынқызы саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған зейнеткер ұстаз. Әрі «Батыр ана». Жолдасы Шапай Қажығалиев те ұзақ жылдар бойы білім ордасында шәкірт тәрбиелеген. Көп балалы Дәмелі мен Шапай бүгінде ұлдарын ұяға қондырып, қыздарын қияға ұшырып, немере-шөбере сүйіп отыр.

Білім ордасында ұстаздық ете жүрүп, өміріне өміріне қолөнерді серік еткен Дәмелі Құсайынқызының ісмерлігін ауыл аймағы жақсы біледі. Оның қолынан шыққан дүниелері көздің жауын алады. Он саусағынан өнері тоғілген Дәмелі әжесінен көрген-білгенін бүгінде заманауи үлгіде жасап, көптің алғысына бөлеліп жүр. Өз қолынан шыққан киіз үйімен Мәскеудегі халық шаруашылығы



жетістіктері көрмесіне қатысып, ресейліктерді қазақтың көлөнерімен қайран қалдырған. Сонымен қатар Алматыда өткен Сырым Датұлы бабамыздың туғанына 250 жылдық мерейтойында да киіз үйін тігіп, онда қонақтарды ұлттық өнердің құдіретімен тамсандырған. Қолы қалт еткенде өлең жазатын Дәмелінің өлеңдеріне ән жазатын сазгерлік өнері де бар. «Талантты адам, жан-жақты талантты болады» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Әнді де нақышына келтіріп шебер орындайтын Дәмелі біраз байқауларға да қатысып, жүлделі орындар иеленген. Ол «Ақ жаулықты әжелер» байқауының бірнеше дүркін жеңімпазы. Осыған дейін 6 кітап шығарған Дәмелінің аталмыш жинағына әр жылдары көлөнер туралы жазған мақалалары мен өлеңдері еніп отыр. Оның алғашқы шығармалары «Әке» деген өлеңдер жинағында жарық көрген. Ақын өлеңдерінің негізгі арқауы – достық, адамгершілік асыл қасиеттер, инабаттылық, туған жер, табиғат көріністері т.б. Ақынның әсем жырлары кез келген оқырманына түсінікті де ұғынықты тілмен жазылған. Жүректен шыққан жыр жүрекке тез жетеді. Үлкен толғаныстан туган жырлары оқырманының жүрегін тебіртпей қоймайды. Асыл әженің мейірімге толы жан дүниесінен ақтарылған жыр шумақтары оқыған жанның бойына жылылық пен мейірімділік дәнін себетіндей.

Бір бойына өнердің сан түрін сыйдырған ақын, сазгер, он саусағының бал тамған шебер, он баланың анасы Дәмелі Құсайынқызы бұл жинағында қазақ халқының айшықты ою-өрнектерімен қол өнері хақында жан-жақты зерттеліп жазылған мақалаларын енгізен. Өлеңдері де соңғы жылдары жазылғандар. Кітап авторы қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі ою-өрнектің ерекшеліктері туралы, қазақтың төл өнерінің артықшылықтары жайында әсерлі сыр.



НЕРАВНОДУШНЫЙ ЧЕЛОВЕК

Дамелею Кусаинкызы я знаю очень давно с 2003 года, когда мы проводили презентацию ее вновь вышедшей книги «Әке». Все ее книги имеются в нашей библиотеке. Учителя казахского языка, особенно Нугманова К.К. проводит уроки по творчеству Дамиля Кусаинкызы, она тоже частый гость этих уроков. Камажай Камаровна организовывает встречи с этим прекрасным человеком, оптимистом, для учащихся казахских классов в разных параллелях, ребята с удовольствием учат стихи Д. Кусаинкызы и рассказывают их на общешкольных мероприятиях.

Дамеля Кусаинкызы очень неравнодушный человек, она старается своим поэтическим словом не только донести до нас свои мысли, но и своими красивыми, светлыми по хорошему простыми стихами пробудить в нас за страну, за все что происходит в районе, городе, области, республике.

Дамеля Кусаинкызы прекрасная мать, которая родила и воспитала 10 детей, бабушка которая 14 внуков, поэтесса, которая живет вместе с нами, и своими поэтическими строками затрагивет все актуальные вопросы нашего времени. Она всегда в курсе всех политических событий в стране. Ее стихи, как отражение нашей действительности всегда связаны с реальными событиями нашей жизни. Это и Олимпиада, Послания Президента, праздники и юбилей города.

Мы знаем ее и как прекрасную рукодельницу, которая ни минуты не может обходиться без дела. Ее творчество



продолжается в создании прекрасного орнамента, в вышивании новых узоров. Много лет она дарит нам давно забытые узоры, выполненные на ткани. Свое рукоделие она щедро дарит всем. Ее прекрасные изделия имеются в музеях школ, в районном музее.

От души хочется пожелать этой удивительной женщине творчества и вдохновения, чтобы все ее задумки воплощались в жизнь новыми книгами и узорами, здоровьем и благополучия.

*Шиганакова Н.А.,
Директор ГУ «ОСШ № 3 г. Аксая»,
Отличник образования
Депутат районного маслихата*



*Игорь Иванов,
Украина*

БОЛЬШОЕ СПАСИБО, ЭТОЙ МИЛОЙ ЖЕНЩИНЕ

Госпожу Домели я повстречал на празднование праздника Курбан-Байрам в г. Аксае. Это мое первое пребывание в Республике Казахстан и мне очень интересны обычаи тех мест, где приходится бывать по служебной необходимости. А здесь такой национальный праздник. Было бы большой ошибкой не побывать на нем. Праздничные мероприятия проходили на территории местной мечети. Организация мероприятия была на высоком уровне.

Сразу в глаза бросались две великолепные юрты установленные во дворе мечети. Я впервые их видел и мне было интересно как они устроены внутри. Вот здесь я и познакомился с госпожой Домели. Красивые национальные орнаменты украшали стены юрт. Великолепно смотрелись ковры ручной работы. Она рассказала какой это нелегкий труд. Но женские руки кропотливой работой, годами создавали такую красоту. Большое спасибо, этой милой женщине за ее работы. Жаль, что последнее время она уже не может выполнять такие мастерские работы. Но из разговора с ней я узнал что она пишет стихи. А стих это такой же орнамент только из слов. Желаю этой милой женщине «вязать» стихотворные орнаменты и радовать нас своими новыми работами. Здоровье ей и долгой творческой жизни.



Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ



Облыс және аудан басшыларымен (2013 жыл)



*Анасы Бәтiш Есенбаева
(1910 – 1999)*



Оқушылармен кездесу кеші



Халықаралық әйелдер мерекесінде қала әкімінің қабылдауында



*Әнші Шүгірова Жаңыл Дәмелі Құсайынқызының
«Тағдырым» әнін орындап тұр*

*Дәмелі ана Сырым
ауданының «Күрметті
азаматы»*



Ақын Қадыр Мырза Әліге сыйлаған киіз үй 2010 жыл



Облыс және ауданның мәдениет саласының басшыларымен



Москвада 1990 жыл.
Алматыда 1992 жыл.



Дәмелі ана тоқыған костюмдер мен бас киімдер



*Дәмелі апаның әндерін
орындаушы, дәстүрлі әнші
Республикалық Мұхит,
Махамбет байқауларының
лауреаты Ажар Сейтенова*



*Аятолла ТҰРҒАНОВ көптеген республикалық
байқаулардың лауреаты. Ол П.Чайковский атындағы
Алматы музыка колледжінің студенті.
Ұстазы Роза Қадышевадан дәріс алып жүр.
Дәмелі Құсайынқызының «Бейбітшілік ұраны» әнін
алғаш орындаушысы*



Нұрланнның шаңырағында. Дәмелі ана, Ділдә, Шапай, Ілия, Тыйыш Атырау қаласы



Ә.Мұхитованың «Сағыныш» атты кітабының тұсаукесерінде



*Шапай аға мен Дәмелі апайдың ұлдары –
Нұрлан, Қуаныш, Нұралы Қажығалиетар*



Ұлы Отан Соғысы Ардагерілеріне арналып тігілген киіз үй



*Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында
1972 жылдан бері сақталып тұрған ақ текеметінің
екі беті*



Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында
1972 жылдан бері сақталып тұрған қара текеметінің
екі беті



Ел басына арнап тігілген киіз үйдің ішкі көрінісі



Елбасына арналған киіз үйдің сыртқы көрінісі

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАТЫС КАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰСАЙЫНОВА
ДӘМЕЛІ

«Сырым ауданының
құрметті азаматы»

БЕРЕКЕ БІРЛІК
Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы
20 қазандағы сессиясының №31-1 шешімі

СЫРЫМ
АУДАНЫ

Сырым ауданының
әкімі

А.Шыныбеков

Сырым аудандық
мәслихатының хатшысы

А.Галимов

Жымпиты ауылы
қазан, 2015 жыл

Дәмелі Құсайынқызының «Сырым ауданының құрметті
азаматы» атағына ие болу салтанатында
табысталған марапат



TÜRKSOY

ULUSLARARASI TÜRK KÜLTÜRÜ TEŞKİLATI
INTERNATIONAL ORGANIZATION OF TURKIC CULTURE

TEŞEKKÜR BELGESİ

Sayın Azhar SEİTENOVA

*2013 Eskişehir Türk Dünyası Kültür Başkenti
Kapanış Töreni ve Nevruz Bayramı Kutlamalarına
katılımınız ve göstermiş olduğunuz
üstün sanatsal katkınız için en içten dileklerle
teşekkür ederim.*

D. Kaseinov

Düsen KASEİNOV

Uluslararası Türk Kültürü Teşkilatı
TÜRKSOY Genel Sekreteri

*Дәмелі Құсайынқызының «Сәлем түркі еліне» әнін
орындаған Азхар Сейтеноваға берілген марапат*

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІН
«Ә. КАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ
КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МҰРАЖАЙЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫ

050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» м/а, 22/1
Тел./факс: +7 (727) 394 55 19, 394 57 08
E-mail: gmi-office@mail.ru / www.gmirk.kz
05.02.2016 № **01-01-31/012**



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ МУЗЕЙ
ИСКУССТВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ИМЕНИ А.КАСТЕЕВА»
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050040, город Алматы, мкр. «Көктем-3», 22/1
Тел./факс: +7 (727) 394 55 19, 394 57 08
E-mail: gmi-office@mail.ru / www.gmirk.kz

СПРАВКА

Дана Хусановой Дамели 1938г.р. - народному мастеру, и заверяет в том, что ее работы:

- 1.18-в Текемет – войлочный постилочный ковер (двусторонний)
- 2.17-в Текемет – войлочный постилочный ковер (двусторонний)

действительно находятся и хранятся в фондах Государственного музея искусств РК им. А. Кастеева с 1971года, неоднократно выставлялись в залах музея и на зарубежных выставках.

Главный Хранитель музея
Зав. Учетом

А.К.Алкина
И.А.Школьная

000396

*Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында
сақталып тұрған текеметтерін куәландыратын құжат*

Екінші бөлім

**ЖАСАЙ БЕР, ЖАСАМПАЗ
ЕЛ – ҚАЗАҚСТАН!**





ҮНДЕУ

Жердің бетін шарлаған бар атағың,
Әлдеқашан мен Сізді – «Хан» атадым.
Роза апаң өтті ғой «Ақ патшам» деп,
Білген сізге бұл атақ жарасарын.

Бізбен тұстас өтсе де бала шағың,
Әлдеқайда біз сізден аласамыз.
Ойлап туған ел қамын ұл боп тудың,
Қамдап жатсың ұрпақтың болашағын.

Сіздің әрбір сөзіңіз тәлім дейтін,
Ұлы тұлға әр ұлттың қамын жейтін.
Нар жігітті қайтадан Хан сайлауды,
Халқымызға бір Ана бар үндейтін!

Көз жіберсек заманға әрегірек,
Хандық құрған қазақтар бәлен рет.
Қолтаңбаңа жіберген риза болған,
Апаңызды біліңіз Дәмелі деп.





ЕЛБАСЫНА

Арналғанда өлеңім Елбасына,
Шалқар шабыт легі кел басыма!
Ел тағдырын мойнына алып тұрған,
Елбасының амандық бер басына!
Парасаттың биігін, дарын берген,
Бір басына өнердің бәрін берген.
Қара нарға қайқайтып жүк артқандай,
Нұрсұлтанға халқының қамын берген.
Нұрсұлтандай сұңқардың шырқары шың,
Жыр толқыса кеуденде бұрқанысып,
Жыр алыбы Жамбылға бала болсаң
Қарасайдай батырдың ұрпағысың.
Әйтеке ма, Төле ме, Қазымысың,
Халқың үшін арналды жазы-қысың,
Күй толқыса кеудеде күмбірлеген
Нұрғисадай әуеннің сазымысың?!
Мәртебемді көтеріп биіктеттің,
Отаныма көп ұлтты ел сыйып кетті,
Кең пейілін дәлелдеп дарқандығын
Қазақ елін дәл қазір иықты еттің.
Қазақ елі болғанын әлемдегі
Жер шарына дөңгелек дәлелдедің,
Әлемдегі әр елдің корольдері
Елбасына түзеді сәлемдерін.
О тәңірім, қолдай гөр Елбасымды,
Әл-Фараби, балаңа бер жасыңды.
Арыстанның күшін бер, айбатын бер,
Мандайына жазған соң ер ғасырды!



Иығына салып тұр заман жүгін,
Ақылына зер салды ғалам бүгін.
Ойын толғап парасат биігінен
Танытып жүр халқына адалдығын.
Көрген кезде от шашқан көзіңізді.
Назар қойып тыңдаймыз сөзіңізді.
Сізге сеніп тағдырын тапсырған ел
Хан сайламақ қайтадан өзіңізді.
Ел атансақ кең пейіл, Егеменді
Саясаттың арқасы көрегендік,
Халқыменен қауышқан Елбасына
Ел анасы – батасын берер енді.
Мәңгілікке атыңыз қалар болды,
Дұрыс таңдап алдыңыз барар жолды.
Бейбітшілік аңсаған әлем халқы
Сізден үлгі, өнеге алар болды.
Ақыл ойың, санаңды кір шалмасын,
Сара жолға халқыңды бір салғасын.
Дамылдарсың, сапарың ұзақ болғай,
Асқақтатсын атыңды жыр, сан ғасыр.
Ұрпақ үшін отырмын, алаң болып.
Апаң болып айналдым, анаң болып.
Ағыл-тегіл берелік батамызды,
Ата-бабаң рухы жебей жүрсін,
Жоқшылықтан құтылып кедей күлсін.
Бейнетіңнің зейнетін елің көріп
Ақ батасы халқыңның демей жүрсін!



ЖЕТІМДЕРДІ ЖЕБЕГЕН

(Сара Назарбаеваға мектептегі «өзін-өзі тану» пәнінен ашық тәрбие сағатына оқушылардың сұрауы бойынша шығарылды)

Ол жайлы жазсаң мәлімет,
«Өзінді -өзің» таны деп.
Жазыпты кітап апамыз,
Танырмыз болса қабілет.

Ол үшін зерттеп өзімді,
Дәлелдеп айтар сөзімді.
Кітабын оқып апаның,
Ашуым керек көзімді.

Көрмеген адам жайында,
Қиындау жауап дайындау.
Екенін ұстаз білсе ғой,
Сол жағы маған уайымдау.

Сара апаның кітабы,
Бір пән болып қосылған.
Білімді жан ұтады,
Ақыл тауып тосыннан.

Жетімдерді жебеген,
Мейірімді жан не деген.
Мақтан етіп апаны,
Жар салмаймын неге мен.



ЖАСАМПАЗ ЕЛ – ҚАЗАҚСТАН!
(Тәуелсіздіктің 25 жылдығына)

Көк құсы күнді аркалап дара ұшқан
Жасай бер, жасампаз ел – Қазақстан!
Біліммен сусындаған ұрпақтарың,
Орнатсын жер бетіне Ғажапстан!

Қамытын бодандықтың шешкен елім,
Гүл шыққан мұң орнына дестеленіп,
Зар орнына әніміз көкке самғап,
Көк туды желбіретті еспе желің.


Жыл сайын шаттығыңды тамашалап,
Қайғыдан халқымызды арашалап,
Әлемге Астананы тамсандырып,
Жанғырттық қалаларды жаңашалап.

Халықтар көріп, мақтап әр елдегі,
Жасампаз ел атандық әлемдегі.
Бір ғасырда жасайтын ірі істерді
Жиырма бес жыл ішінде дәлелдедік.

Жаса, жаса - жасампаз, жарқын елім!
Бақытты өмір сүрсінші халқым менің.
Кеменгер ақыл-ойын, күш қуатын,
Елбасы халқын үшін сарқып едің.

Артынып ел үмітін аркасына
Отыз бір ел сыйлаған «Алқасы» бар
Елбасының мүсіні нық орнамақ
Тең келер-бейбітшілік жартасына!

Әніміз шырқалсыншы әнге ұласа,
Әуезді ән тумайды жан жыласа,
Желбіреп көкте туым, жан жадырап,
Жасай бер, жасампаз ел, мәңгі жаса!



ТӘУЕЛСІЗДІК – ДЕРБЕСТІК

Тәуелсіздің мағынасы – дербестік
Шүкір Алла көп елдермен теңдестік.
Бару-келу, алу-беру жайында
Алдыңғы елдің көбіменен шендестік.
Аз ұлт болып бір орында калмаған.
Аяқ жетер жерді тегіс шарлаған.
Өгіз аяң айлап-жылдап жол жүріп
Сол жолдарда өлген қазақ сандаған.
Алған-берген, іздеп тапқан керегін,
Саран болмай бөлген ішкен-жегенін.
Қазақ халқы халық болған білімдар
Оған куә тасқа жазған дерегі.
Жұмбақ сырын жер қойнына тапсырған.
Алтын-күміс қолдан істеп жапсырған.
Жер қойнында тұнып тұрған байлығын
Алар кезі келген кезде аштырған.
Ел басқарған болған талай басты адам.
Ел байлығын оңды-солды шашпаған.
Батырлары білегімен ел қорғап,
Жерді қорғап ажалдан да қашпаған.
Басқыншылар қанды судай ағызған.
Тарих жазған естіп жүрміз аңыздан.
Абыз шыққан сөзбен жауды тойтарған.
Шешен шыққан тілдің майын тамызған.
Ірі елміз тіл байлығын меңгерген.
Тіл үйреніп жерді шарлап ел көрген.
Тілі, түсі, ділі бөлек ел танып.
Сол елдерді өздерімен тең көрген.



Жер кендігі тоғызыншы орында,
Сыр шертеді қотарылған қорымдар,
Күн көріпті біздің ата-бабамыз
Қазіргідей техника жоғында.
Міне, біздің қазақ қандай ел болған,
Кездері көп өзгелерге жем болған,
Ұланғайыр жерге ие болғаны,
Қазақ халқы ол бастан-ақ ер болған.
Мына біздер ұрпағымыз солардың,
Біз оларға ұқсамасак болар мін.
Тұғырымыз берік елге айналсақ,
Сан жағынан біз де алда болармыз.


ОТАН-ТІРЕГІМ

Бірлікте білдік күш барын
Жайнай бер Қазақстаным!
Саясат-бірлік, татулық,
Ұтымды бағдар ұстадың.
Елімнің көркі Астана,
Асқақтап өсіп барады.
Астана әзір жас қала,
Ашылған күндей ажары.
Тереңге тартып тамырын,
«Бәйтерек елім тұрғызды».
Шашады күнде жарығын,
Түсіріп еске жұлдызды.
Жатып та тұрып тәңірден,
Амандығыңды тіледім.
Отырмын көріп бәрін де
Жайнай бер, Отан-тірегім!



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАСАСЫН!

Пай-пай, пай-пай-пай,
Пай-пай, көңілім жай.
Көңілім қалай жай болмас,
Халқым тегіс бай болса.
Байлығына көңілі,
Әрқашанда сай болса.
Айдағаны машина,
Жасағаны той болса.
Асағаны ақ қалаш,
Жаққаны оған май болса,
Әр маусымға киім бар,
Әр отауда жиын бар.
Келін алу қыз беру.
Шілдехана туған күн,
Кәрінің де жасынның,
Андығаны той болса.
Төрт түлік мал жайылып,
Алып жатса даламды.
Жырға қалай қоспайсың,
Тәуелсіздік заманды.
Айтып айтпай немене,
Бұның бәрі халқым-ау,
Бостандықтың арқасы.
Тар заман да, зар заман.
Бара жатыр алыстап.
Енді мына заманда,
Адам ұшты ғарышқа.
Баратұғын жерлерге,
Қас қағымда барамыз.
Халқым тегіс білімді,



Кенеюде санамыз.
Тегін білім елімде,
Алып жатыр баламыз.
Сәби келсе өмірге
Алақанға салады.
Адамдарды қартайған,
Қамқорлыққа алады.
Тоқпен тамақ пісіріп,
Көгілдір газ жағады.
Айтып айтпай немене,
Бұл бақыттың барлығы,
Ертегіден оқитын,
Аңызды еске салады.
Радио жарымда,
Шырқап тұрса өлендер,
Экраннан көгілдір
Тегіс көрсем елімді.
Әйелдер де, ерлер де
Техника меңгерді.
Тесіп өтіп тауларды,
Суландырды шөлдерді.
Айтып айтпай немене,
Бұның бәрі халқым-ау,
Тәуелсіздік арқасы.
Қас қағымда шет елмен,
Қабарласып тұрамыз.
Компьютердің құлағын,
Меңгеруде ұланың.
Дәл осындай заманда
Халқымызға қанағат,
Достық, бірлік сұрадым.
Айтып айтпай немене
Мақтануға тұрарлық
Қазақ елі тұрағым.




**«ДОСТЫҚ, БІРЛІК» -
БЕЙБІТШІЛІК АРҚАУЫ**

Бір ғасырдың шеңберіне сыймайтын іс тындырдың.
Олқылық та болып жатты, оған қатты қынжылдың.
Қиындықтың бәрін жеңдік ұлы тұлға Нұрсұлтан.
Саясаттың сахнасы есімінді жыр қылды.
Елбасымыз ғұмырлы бол ел сенімін ақтадың.
Президент сайлағанда халқың сені жақтады.
Елдің камын, жердің камын жатпай тұрмай ойладың.
Тауқыметті арқаларда жігерінді баптадың.
Бір басыңда неше түрлі қасиеттің бары шын.
Халқын байып, ел көркейсе – ол да сенін табысың.
Елің жокқа шығара алмас, көрегендік ісінді.
Бір ғасырда бір туатын Нұрсұлтандай арысын.
Ел ортасы Астанада Ақорданы тұрғыздың,
Ішкі-сыртқы көрінісімен сән-салтанат құрғыздың.
Жер қойнында тұнып жатқан байлығымды копартың.
Талай ірі алып елдің бетін бері бұрғыздың.
Сөзіңмен де, ісіңмен де алға бастың қарқынды.
Ұстанымың «Достық, бірлік» иландырдың
халқыңды.


Қазақ деген ғажайып ел бар екенін таныттың,
Талай шет ел сахнадан көрді ажар – салтымды.
Ұстанымың «Достық, бірлік» ел бірлігін сақтадың.
Әр сөзіңе құлақ түрді, халқың сені жақтады.
Ел тұғырын аспандаттың, жылдан жылға нығайттың.
Халқын жылда тойлап жатыр тәуелсіздік ақ таңың.

Қазақстаным – бесігім алтын тербеткен,
 Ырыздық дәмді өзіңнен еміп ер жеткем.
 Өзімдік емес, өзгенің жұмақ өлкесі,
 Жаксы да болар, өзіне бірақ келмес тең.
 Қазақстаным – кең байтақ менің мекенім,
 Қай кезде сені қиялмен шарлап кетемін.
 Шет жерге шығып жұмаққа аялдасам да,
 Отаным менің, өзіңе аңсап жетемін.
 Қазақстаным – дарындылардың ордасы,
 Қойныңда сенің жиналған байлық қордасы.
 Халқын да сенің өзіңе тартқан кеңпейіл,
 Жаны да жомарт, анасы өзің болғасын.
 Қамқорлығыңды қайтарар екем мен немен,
 Тауқыметінді тартайын бірге елменен.
 Риза болсаң көкірегімде тербеткен,
 Қосайын жырға шабытым қысса селдеген.
 Көгілдір газын шапшыған көкке алаулап,
 Сөз етіп жатыр бар әлем оны жалаулап.
 Мұнай теңіздің үстінде тұрған Отаным,
 Болашағыңа көкірек көзбен қарау бақ.
 Республикам – Қазақстаным – мақтаным,
 Молығып халқын, ашылар қашан бақтарың.
 Елбасының еңбегін көріп отырмыз,
 Жер шарыменен байланыс жасап жатқаның.
 Қазақстаным – сүйеніш, тірек қорғаным,
 Көгілдір көлің, асқар тау, көкшіл орманың.
 Далаңдай дархан, қызыңдай нәзік жүрегің,
 Жарылыстардан жараланбаса болғаны.



АБЫЛАЙ ХАН
(Абылайдың 300 жылдығына)

Уәлиұлы Абылай хан бабамыз,
Үш ғасырға алыстады арамыз.
Мына біздің еншімізге айналды,
Ол қорғаған ұланғайыр даламыз.
 Ен далада еркін өскен қазақтың,
 Бостандығын бақытына балапты.
 Дүркін-дүркін елді жаттан тазартып,
 Қазағына алып берген азаттық.
Ер жігіттер білек түріп сыбанған,
Шеттерінен от жүректі қырандар.
Қарыс жерді жатқа бермей күрескен,
Абылай-лап жауға шапқан ұрандап.
 Қырық жылдан астам билік жүргізген,
 Басқалардан басымдығын білгізген.
 Шыңғысханның ол тікелей ұрпағы,
 Әбіл-Мансұр аталғанын кім білген.
Бала кезде аталыпты Сабалақ,
Ол тарихтан ойып орын алажақ!
Талай хандар қазақ елін билепті,
Абылайды таныды елі даралап.
 Байлық та көп кәдемізге асарлық,
 Батыр халық, ақын халық атандық.
 Қазақ елі тәуелсіздік алғалы,
 Көк байрақты талай елге апардық.
Байтақ елміз, Абылайхан қорғаған,
Бейбіт елміз әлем халқы қолдаған.
Қазақ елі айналып тұр аңызға.
Аңыз жетпек ғасырларға ондаған.



Қазақ халқы батыр халық басы айқын,
Аты-жөнім мәрмәр тасқа қашайтын.
Басшымыз бар аталатын Нұрсұлтан,
Есімі оның сан ғасырлап жасайтын!
Әніміз бар көңіл-күйді ашатын,
Жоспарлар бар кәдемізге асатын.
Абылайхан қорғап қалған байтақ ел,
Елбасымыз басқарған ел жасасын!

АССАМБЛЕЯ ЖАСАСЫН!

Өз елінен аударылып еріксіз,
Көптеген ұлт жолға шықты келіссіз.
Жан-жақтардан ауып келген ұлттарды,
Паналатып бөлме бөліп беріпсіз.

Жоқтық, аштық өмірлерін өксітті,
Жоқтан құрал баспана үшін қос тікті.
Қазақ елі қонақжай ел боп шықты,
Қазақтардан үйренді олар достықты.

Қонақтар деп орын берді төрінен,
Ауысқанын бөліп берді өзінен.
Ешбірінің қарамады ұлтына,
Жан жылуын аямады көзінен.

Қанша ұлттың тағдырлары тоғысты,
Бастарынан бірге өткізді соғысты.
Байтақ елді өз еліндей қорғады,
Дос боп кетті қиындықта, жол үсті.



Екінші ұрпақ үшіншіге жалғасты,
Қазақтармен туғанындай араласты.
Қыз берісіп, қыз алысып, құда боп,
Құдаға бас, қоса тартты, жанбасты.

Осылайша достықты олар кеңейтті,
Егін екті, суландырды шөлейтті.
Кәрі-жасы салт-дәстүрді жалғады,
Өсіп-өніп ұрпақтарын көбейтті.

Жүз отыздай ұлтымыздың құрамы,
Қазақ елі – мәңгілік ел тұрағы.
Мақсаттары елді қорғау қырағы,
Ынтымақ пен достық, бірлік ұраны!

Астанада Ассамблея құрылды,
Жақсылыққа елдің мойны бұрылды.
Достық, бірлік, ынтымақты колдадық,
Осылайша нықтап алдық тұғырды.

Біздің елді әлем танып, таңғалды,
Бағалады жаны жайсаң жандарды.
Ассамблея идеясын тудырған,
Елбасымыз екендігін аңғарды.

Елбасымыз – Ассамблея атасы,
Осы жайды әлем білед, ел білед.
Елбасымыз берді елге батасын,
Алтыншы ақпан той күні деп белгілеп,
Ассамблея жасасын, Мәңгілік ел жасасын!



ЕЛІМ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

Бұдан алпыс жыл бұрынғы Жосалының келбеті,
Ойлы-қырлы, сай-жыралы болатығұн жер беті.
Алатаудың етегінде ағып жатты Өлеңті,
Көз алдына елестетші оқырманым, жерлесім.
Алатаудың етегінде жылқы өрісі болатын,
Өлеңтінің бергі бетін малшы жайлап қонатын.
Қансұлудай шешеміздің іштік талай қымызын
Жылқышы ата Жолдыбайдын болатұғын зор аты.
Өлеңтінің қайраңында қайнап жатты бұлағы,
Қамшы өріп, себет тоқып пайдаландық құрағын.
Он шақырым болатұғын қыр үстімен жүргенде
Көз алдына елестейтін қырдың алып жыланы.
Сұр жыланның арқасында жүріп бара жатқандай,
Қырдың қиыршық тастары табаныңа батқандай,
Жылан-қырдың екі жағы ойпаң-малдың жайлауы
Тойынған мал көрінетін - қоңыз ұйықтап жатқандай.
Бара жатып, келе жатып қыр жыланын қызықтап,
Жыландарды қуалайтын өшіктіріп бұзықтар.
Соның бірі өзім болдым мойындаймын бүгінде
Ойлап көрсем соның бәрі - кешірмейтін қылықтар.
Өшіктірсек қыр жыланын бізге қарсы шабатын,
Ақымақтық балалық шақ содан ләззат алатын.
Он бес шақты сұр жыланды өлтіргенге мәз болдық,
Жайбарақат жылжыса да ойында жоқ шағатын.
Бөдененің балапанын қосқа әкеліп қамағам.
Қанша екені есімде жоқ, ұмытыппын, санағам.
Қайтып келіп қоршауымды ашып қалсам бірі жоқ
Мүмкін жылан жұтты ме екен – көрмепті бір жан.



Сауын сиыр қыстайтын жер Аққұдық деп аталды.
Сол арадан бастайтынбыз біз мектепке сапарды.
Алпыс жылдан кейін көрдім шеген де жоқ, құдық жоқ
Аққұдықтың жоқ жұрнағы, аяқ асты тапалды.
Аққұдықта қыс бойына сауын сиыр қыстайтын.
Шеген биік болғандықтан мал бораннан ықпайтын.
Ертелі-кеш сауын сиыр бұзаулайтын қыс бойы,
Жылы, жайлы, жарық үйде бұзауларды ұстайтын.
Суықта да, боранда да, мал қалмады бағылмай,
Шеген болды қысты күні мал қыстайтын айлапат.
Биіктігі екі метр, ені метр жарымдай
Ықтасында мал жүретін күйістеп жайбарақат.
Қоңыр болды орталығы, сайдың екі бетінде,
Ақсай жаққа айдау жолы елдің шығыс шетінде.
Сайдың қыр жақ бетінде тек он шақты үй болатын
Қырат жақтан құлаған су өткел бермей толатын.
Тың көтерген жылдардан соң сайдың басын бөгепті.
Ел басқарған басшылары жан жақтарға жөнепті.
Ағаш егіп, құм тоқтатпай, сайды құммен тегістеп
Айналғанда Орталықты құм тоқтаған шөл етті.
Су ағатын жыраны да бөгемеген жөн дер ем,
Дұрыс болар сайдың жолын ашып қайта жөндеген.
Сайдағы ауыл атымен жоқ, сайы да жоқ құм басқан.
Елге барсам орталықта, көкорай жоқ, шөлдеген.
Қияқты көл - асты теңіз, үсті қияк жайлау ғой,
Қоңырменен өтетұғын Ақсай жаққа айдау жол.
Бұлдырты мен Жымпитыдан тіке асатын Ақсайға
Менің ойым ұрпақтарды ойлануға қайрау ғой.
Жаңғазының дәл түбінде айдын Соркөл болатын.
Сол айдын көл көктем келе қар суымен толатын.
Текті құстың неше түрі: Тырна, Акку, Көкқұтан



Осы көлге ажар беріп сан түрлі құс қонатын.
Ащы-тұщы естелікті естеріңе саламын,
Жастық шақты ойлап кейде содан ләззат аламын.
Бұлақ көрсең көзін аш та, бөгет көрсең көпір сал,
Солай ғана келтірген жөн тұрған жердің ажарын.

МӘҢГІ ЖАСА

Соғысқа кеткен талайдың жайы беймәлім,
Соғыс жайлы тыңдадық талай қиналып.
Ерлікпен өлген Абдолла ақын ағаның,
Жетпіс бес жасын тойлауға келдік жиналып.
Сәлем сізге, соғыста болған аталар,
Сәлем, соғыс әкесін жұтқан апалар,
Мына мендей әкесіз өскен құрбылар,
Кезімде жақын көзіме мөлдір жас алар.
Тебіреніспен жас алсам көзге айып па?
Жылай бір алсам көзімнің жасы жайық та.
Соғыста өлген боздақты талай еске алып,
Оындай жерде жылап алғаным лайықтау.
Сәлем, соғыс әкесін жұтқан бауырлар,
Қабағы қатып жандары талай ауырған.
Жақсыларыңа шаттанып, налып жаманға
Қашанда менің бүйрегім бұрар ауылға.
Азаматтарын зарыға күткен аналар,
Жүректеріңде жазылмай жатқан жара бар,
Ер орнында еңбек еткен Сіздерді
Еңбектерің соғыспенен пара-пар.
Тауқыметті басқа түскен аркалап,
Сағынышпен жүректерін паршалап.



Жесір қалған қайран ана, женгелер,
Арамызда бар ма, қазір қанша бар?
Жиырма бесте алаулаған шағында,
Тап болған-ай соғыс сұмдық залымға.
Абдолла аға өлмей тірі оралса,
Отырар еді ақындықтың тағында.
Абдолла аға тірі жүрген күндері,
Өлмес дастан жазып кеткен үлгеріп.
Қатал соғыс аямасын ешкімді,
Болар сірә күн ілгері білгені.
Батыр даңқы мәңгілікке өшпегей.
Еске алайық, ерте демей, кеш демей,
Ақын аға жүрегінің алауы жанып тұрғай,
Мәңгі өмірден көшпегей.
Рухыңа бас иетін халқың бар,
Өлмес мұра қалды біраз артыңда.
Ерлікпенен қаза болған ағатай,
Мәңгі жаса, солай жап-жас қалпыңда!



ҮШ ҚЫРАН

(Қазақтың ғарышкер батырларына)

Дәл осындай ғылымға бас қатпапты,
Жеңілістер халқымды жасқатпапты!
Жерге аман қонуы Айдын ұлдың
Мәртебемді тағы бір асқақтатты!

Айдын жермен отырды хабарласып,
Адамдармен ғарыштан амандасып.
Ақтығына шашымның қарамастан,
Болғаныма қуанам замандасың.

Жерден күтіп Нұрсұлтан қарсы алды,
Қуаныштан көзден жас тамшылады.
Археолог, ғалымдар көп ізденіп,
Тарихымды тереңнен аршып алды.

Талай батыр даламда малдас құрған,
Талай Хандар орынын алмастырған.
Бес ғасыр жарымнан соң сол хандықты,
Назарбаев Нұрсұлтан жалғастырған.

Ынтымақ пен бірліктің жоқтығынан,
Талай хандар айрылған шоқтығынан.

Өткен талай Хандардың уәзірлері,
Ала алмаған ұйымшыл топты құра.


Алты ғасыр бөлсе де арамызды,
Көше жүріп қорғаған даламызды.
Ұрпағына айлапат жер қалдырған,
Хандарды оқып, аштық біз санамызды.

Орындалды бабалар ұрандарың,
Сіздер бүгін арқауы шығарманың.
Шарлап қайтты ғарышты үш батыр ұл,
Тоқтар, Талғат, Айдындай Қырандарың!



ӘКЕ

Сыр жаздым сөз маржанын өріп тұрып,
Көрсетпей көз жасымды төгіп тұрып.
Сен жайлы талай толғау жаздым, әке,
Бір-бірлеп қабырғамды сөгіп тұрып.
Сен жайлы бұрында жыр толғап едім,
Бұл күнде егеменді болған елім.
Соғыстың құрбаны боп қалып қойдың,
Ол кезде Совет елін қорғап едің.
Білемін ғой тіріліп келмесіңді,
Қиналғанда қол ұшын бермесіңді.
Жиі-жиі өзінді еске алу,
Айналып тұр әдетке, терге сіңді.
Демеші кіндігімнен ұл қалмады,
Қиылған ғұмырыңды қыз жалғады.
Айтылған аңыздардан естіп жүрміз,
Айтпаған сіздер жайлы сыр қалмады.
Әке, сені әрдайым еске аламын,
Әкесі едің бес қыздың – бес баланың.
Өлеңімнен ескерткіш орнатпасам,
Сезесің бе, жан әке, кеш қаламын.
Өсіп-өнді бес қызың, байға барды,
Басқа ошақта қайнатты тай қазанды.
Мен өлген соң өзінді кім жоқтайды,
Жан әкем-ау, сүйегің қайда қалды.
Жоғалды қобдидағы құралдарың,
Құралдан өзің жайлы сыр аңғардым.
Есіме өзің талай түскен кезде,
Қолыма ине ұстап жұбанғанмын.



Жан әке, қызыңыз жайлы біліп қойғын,
Іс істеп бар қайғымды түріп қойдым.
Екеуімізді іздейтін ескерткішті
Тірлікте көз майыммен тігіп қойдым.
Рухың ұлды жоқтап жүрмесін деп.
Ез ұлдарға көзіңді сүзбесін деп.
Есіміңмен өзіңнің жүрмін әке,
Өлмеген Құсайынды іздесін деп.
Білмеймін менде жұрттың несі кетті,
Жолымды талай пысық кесіп өтті.
Алатын биігіме жақындасам,
Алдымнан тартып алып өшіретті.
Намысым талай рет қамшыланды
Қайғымды жазған сырым аршып алды.
Жинасам терең тегеш толар ма екен.
Көрінбей көзден аққан тамшылары.
Ойға алған толғауымның әр данасы,
Жете алмай сан-шегіне таңғаласың.
Уақыт емші дегенге нансаң, жұртым,
Жаза алмай жүрмін әлі жан жарасын.
Үрлейтұғын үмітті оттығым бар,
Азды-көпті алынған шоқтығым бар,
Алынбаған қамал мен биіктер,
Жан әкем-ау, өзіңнің жоқтығыңнан.
Бейіште рухыңа тыным берсін,
Жоқтаушым шыр-шыр еткен қызың дерсің.
Сүйегін қай арада жатса да, әке,
Жырымды қойып жүрген гүлім дерсің.



АҚСАЙГАЗСЕРВИС
(*Депутат Шектібаев Тілекке*)

Талайға жұмыс беріп асыраған,
Шапағаты жан-жаққа шашыраған.
Басқарған мекеменді жырға қостым,
Жүрсін деп риза болып асыл анаң.
Анатолы басқарған кез болатын,
Көп аузында мекеме сөз болатын.
Даңқың бар жоқ-жітікке қолын созған,
Ырыс-бақ ондай жерге тез қонатын.
Ол кезде әкім Ғұмар Дүйсембаев,
Еске салып кетуге жігіт лайық.
Президент Тегісбаев Анатолы,
Басқарған бұл мекеме кетті байып.
Атағы аян болса шартарапқа,
Ол жерді алғыр жандар басқарад та.
Ендеше маған неге болмайды екен,
Ел мақтаған жандарды мақтамасқа.
Киіз үйді мен тіккен он жыл құрды,
Асқаралы алдында міндет тұрды.
Тегісбаев, Өтебалиев, Шектібаев
Басқарған мекемені біл деп тұрмын.
Шетелдіктің талайы қонақ болды,
Ақсайлық біраз әкім өзі-ақ болды.
Оюмен өрнектеген сондай үйдің
Алғашқы куәгері Одақ болды.
Алғашқы киіз үйді қайталадым,
Еске алғанда көңілім жай табады.
Экраннан көрсеткен жаңа үйге
Морозов та куә боп айта алады.
Бұл үйді он жыл бойы пайдаланды,
Шындықты айтатын жұрт қайда қалды?



Қазақтың кереметін жарнамалау
Ісі еді марқұм сіңлім Айжамалдың.
Қолдап тұр ата дәстүр-салтымызды,
Наурыз сайын риза ғып халқымызды.
Болашаққа өнеге қалдырамыз,
Осылай ойлай берсек артымызды.
Білмеймін, кімдер келіп, кім кетіп жүр,
Сол жерден жұмыс тауып індетіп жүр.
Ақынмын ғой, ерлерді ел мақтаған
Жарнамалау халқыма – міндетім бұл.
Ақын ба өз міндетін өтемеген,
Данқыңыз арта берсін еселеген.
Мен неге алғысымды аяп қалам,
Атағы жер жаратын мекемеден.
Музейге қалдырам деп еңбектендім,
Бейнеттің талай таттым кермектерін.
Үлгілі адамдардың жолын қуып,
Қалаймын ұрпақтардың ержеткенін.
Азамат бәрі сондай болса деймін,
Халықтың көңілі оған толса деймін.
Жасаған ісіне сай бағаланып,
Жігіттің басына бақ қонса деймін!



ҰЗАҚ ЖАСА, МАЙДАНГЕР – ҚАЙСАРЛАРЫМ!

Болмайды әке, толқуға мына маған,
Жеңіс күні жылым жоқ жыламаған.
Қан қысымым жүр еді көтеріліп,
Келіп тұрмын қалпымда шыдамаған.
Жоқтағанда қыздарың тылда қалған,
Сай сүйегі талайдың сырқыраған.
Бір аунап жат жан әке тыңдап ал да,
Құлыныңның дауысын шырқыраған.
Жанып алып лапылдап, сену үшін
Жаратылған адамзат өлу үшін.
Оралмасын өлгеннің түсінсем де,
Келіп тұрмын сіздерді көру үшін.
Арпалысқан ажалмен қайсарларым!
Мүмкін бәрін жеткізіп айта алмадым.
От жалынға оранған Жер-Анамен,
Көк аспанның көрдіндер шайқалғанын.
Кеудеңдегі отыңды батыл жақтың,
Батыл жақтың, жалынан лапылдадтың.
Шұқыр қазып пана ғып, құм жастанып,
Жеңіс күнін осылай жақындаттың!
Күнді түнге, түнді күн жалғастырған,
От-жалынға жастығын алмастырған.
Майдангерлер тойларың тойға ұлассын.
Бейбіт елдің төріне малдас құрған.
Көп жасандар майдангер – қайсарларым!
Ұрпағына ұрпақтар айтар бәрін.
Оққа тосып кеудесін, қанын төгіп,
Өтеуіне, Отанын қайтарғанын.



СОЛДАТ ҰЛЫМ КЕЛГЕНДЕ

Сені ойлаған кездерде,
Кетуші едім елжіреп.
Бүгін аман келгенде,
Жарылсайшы бұл жүрек.
Бетіңді басшы кеудеме,
Иіскетші төбеңнен.
Еміреніп оңайын,
Айналайын жан ботам.
Шақтарымда сағынған,
Түнгі ұйқымнан жағылғам.
Хат тасушы кешіксе,
Почтадан табылғам.
Сен келетін қарсаңда,
Түстік әбден сарсаңға.
Тұра-тұра жүгіріп,
Жолаушыны қарсы ала.
Сүйгіз жаным маңдайдан,
Алма кезек бетіңнен.
Мауқымды бір басайын,
Айналайын жан ботам.
Сағыныштың шарабын,
Сарқып ішіп тауыстым.
Бүгін міне қарағым,
Аман-есен қауыштым.
Күліп тұрып жыласам,
Қуанғанның салдары.



ӨНЕРПАЗДАР КӨП ЖАСАҢДАР

Кетіпті ақын болып әнші қызым,
Шыркатып әуеніңнің салшы бірін.
Кеудеңнен саз төгілді әнмен бірге
Ақын да әнші болып қалсын ізің.

Қолына тума дарын алар тізгін,
Қуандым әнін естіп Ажар қыздың.
Тербеген көңілдерді әніменен
Күтеміз талай есте қалар күнді.

Сахнаның ажары мақтанышы,
Келе жатыр өнерде атсалысып.
Өнерге бас иетін халқымызға,
Демекпін әншілерді баптап ұшар.

Табатын жол азығын - ән азығын,
Жаныңның айқындайды тазалығын.
Өмірдің күдіреті бас игізіп,
Жүрегін талайлардың мазалаған.


Жүректен өлең болып сорғаладың,
Шындықты айтпай неден қорғанамын.
Талантты бағалайтын халқымыздан,
Демекпін бағалайық қолда бардың.

Әншілер айдын көлдің шағаласы,
Роза, Бибігүлдің баламасы,
Эфирден сыңғырлаған ән естісең
Секілді мөлдір бұлақ тазарасың.

Майралар, Сәулелер мен Айгүлдердің
Бәрі де шағаласы айдын көлдің.

Роза, Бибігүлдің ізін жалғап,
Болып жүр мақтанышы айбынды елдің.

Көрінбеген әлі көп шағала бар.
Халқым-ау әншілерді бағаландар.



Рухани сусынға қанғың келсе,
Ауылын әншілердің жағалаңдар.
Аққуы айдын көлдің сылаңдаған,
Құлағы патефонның бұралмаған,
Халқына көрінбеген әншілер көп.
Беймәлім болғаннан соң сұралмаған.

Табиғи дауысының тазалығы,
Халқының рухани жан азығы.
Құлақты тұндыратын даңғырлақты
Қоспаса әншілердің ажары бұл.
Мақпалды қалай айтпай жасырамын,
Мақтауын алты қырдан асырамын.
Ажары сахнаның, бишілігі
Айтады жүрегімен ғасыр әнін.

Күйші Айгүл - ол қызды кім білмейді?
Қолына алған домбыра күмбірлейді.
Саусағы пернелерде жорғаласа,
Сабаз қыз қолға қамшы ілдірмейді.

Өнерге жақсы көңіл бұрғаныңыз,
Көп екен ғой мақтанар қыздарымыз.
Күй тыңдап, ән естісек әншілерден
Жібиді көңілдегі ызғарымыз.

Қолында домбыра - ән шырқап тұрған,
Мен барлық қыздарымнан айналамын.
Суырып ғасырлардан тіл қаттырған,
Кезде ғана қонамын айға барып.

Өзен-көл жағасы ән, ағашы ән,
Қазақтың ұланғайыр даласы бар.
Өрлеуді, өркендеуді мақсат қылған
Көреген, ел басқарған данасы бар.

Тілекшімін мен әнші болмасам да,
Мақтанам ба, өнерлі болмасаңдар.
Көк аспанды кернеген ән-жырымен
Өнерпаз қыз-жігіттер көп жасаңдар.



МЫҚТЫ ЖАН

(Ханзадаға)

Бар ғұмырын балаларға арнаған,
Тіршілікте қисық жолға бармаған.
Қырық жаста жесір қалған – мықты жан,
Батыр ана – Ханзададай бар ма адам?
Өмірдің бар қиындығын көріпті,
Бар өмірін балаларына бөліпті.
Майыспапты, қайыспапты, сынбапты,
Ханзада апа сонысымен көрікті.
Сексен бесті күліп-ойнап, құрықтап,
Ортамызда отыр ана шыныққан.
Қажырлы ана еңбек еткен ерлерше,
Бас тартпапты басқа салған жұмыстан.
Жылдар өтті бастан талай, жүдеген,
Еліміздің тыныштығын тілеген.
Балалардың құрметіне бөленіп,
Батыр ана ортамызда жүре бер!
Ана жайлы айтар болсақ төрелік,
Балалардың қызығына бөленіп.
Сексен беске күле жеткен ананың,
Тоқсан жасын тойлағанды көрелік.



ОТЫЗ БЕСІНШІ ЖЕҢІС!

(Әлем чемпионы Геннадий Головкинге)

21-ғасырда, даңқымызды асырған!
Жеңіс күтіп отырдық,
Геннадидай асылдан,
Көкке тағы көтермек,
Қазақстан жалауын!
Айта алмаймыз бекер деп,
Жүрегінің қалауын,
Шабуыл да басталды,
Ауды көптің назары,
Тағы жеңді Геннадий,
Сеніміміз ақталды!
Толықтырдым мен тағы
Жанкүйерлер қатарын!
Аспандатты ел бағын,
Головкиннің атағы!
Жеңіс отыз бесінші,
Жұдырығы қуатты!
Жекпе-жекте екінші
Қарсыласын сұлатты!

24.04.2016 ж.



ТҮРКИЯДА ӘН САЛҒАН ҚАЗАҚ ҚИЗИ
Ажар Сейтеноваға

Түріктің ән қалқыған аспанымда,
Қоздырған делебесін басқаның да.
Ән салған қазақ қызын Түркияда,
Атаған «Өрт-Жалын» деп қас қағымда.
Дәстүрлі әнші дауысы сорғалаған,
Саусағы домбырада жорғалаған.
Қол соқты өлеңіме бауырлас ел,
Күш берді – дейді әнші ол да маған.
Жанында Ата-Түрік мүсінінің,
Бейне бір ел қонғандай кішігірім.
Әнші қыз қуанышын жасырмайды,
Секілді қас қағымдық түсі мұның.
Келтірді ұлттық киім сәнімізді,
Шашбаулы бұрымым бар бұландаған.
Шырқадым «Сәлем» деген әніңізді,
Сыйлады шалқар шабыт бұл ән маған.
Ішінде киіз үйдің ән салдырған,
Әншінің әсем даусы тамсандырған.
Көрермені көп елдің қол соғуы,
Тамаша естелігі бар қалдырған.
Ағалы қарындастай жарасым бар,
Қазақтың «Ірі тұлға» дарасы бар.
Наурыз тойын атқарған Түркияда,
Дүйсендей ағасына алғысым бар.



СӘЛЕМ ТҮРКІ ЕЛІНЕ

*(Наурыз айында Ескішехир қаласында
А.Сейтенова орындаған)*

Сәлем түркі еліне туыстардан,
Түбі бір туған ел деп туыс қылған.
Иесі Шаңырақтың «Қазақ елі»,
Құралған жүзден астам уықтардан.

Анадолы, Измирдей қаласы бар,
Ғұлама, оқымысты данасы бар.
Қаланың Стамбулдай атағы зор,
Теңіздің шағалалы жағасы бар.

«Оғызнама», «Көріғұлы» дастаның бар,
Шырқалған асқак әнім аспаның бар.
Бұл елде біздің жастар оқып жатыр,
Оқитын біздің елде жастарың бар.

Аңызы Қожанасыр кең тарады,
Атағы да Ата Түрік жер жарады.
Ұлыстың ұлы күнін ұлықтауға,
Бұл елге жан-жақтан ел ағылады.

Жер Орта теңізінің егіздері,
Сол жақта Мәрмар, Эгей теңіздері.
Санайтын Қазақ елін туысқан деп,
Жүрекке жылы тиер лебіздері.

Бірі біз түркі тілді халықтардың,
Тұқымы дана, батыр алыптардың.
Түріктің аспанында қазақ әні,
Болады әлі талай шарықтар күн.

12.03.2014 ж.



АЛҒЫС

*(Қадыр Мырза Әлі атындағы
мәдениет және өнер орталығына)*

Рухани тамақтанып қайтыңдар,
Кездескенің бір-біріңе айтыңдар.
Ақыны бар Қадыры мен Жұбандай,
Оралдықтар сіз не деген байсыңдар.
Теңдесі жоқ ғимаратты салыпты.
Сонадайдан елеңдеткен халықты,
Менмұңдалап Қадыр отыр қасында
Қазынасы рухани азықтың.

Асықпаңыз ішін көргін аралап,
Безбендеңіз ақыл, оймен саралап.
Уақыт тауып жаныңызды емдеңіз,
Ұлылардың рухымен тазалап.

Көп акынды маңайына топтапты,
Сонысымен Қадыр өзін жоқтатты.
Әлі талай жас буынды жинайды,
Ғимараттың біраз орны бос қапты.

Ғимаратта кино залы тағы бар,
Көру үшін халық талай ағылар.
Рухани ордасы бар Оралда,
Қазіргінің, болашақтың бағы бар.

Өкінбейсің сен өткізген күңіңе,
Ғимараттан орын алған ірілер.
Сен соларға ұқсағың кеп шығасың,
Тым болмаса еліктерсің біріңе.

Қолдаушымыз облыстың әкімі,
Елден алғыс алуына хақылы.



Ұлы іске хор жинаған қомақты,
Азаматтар заманының батыры.

Идеяны бес жыл жүріп жинаған,
Айтқанының барлығына иланам.
Ел аралап Гүлнар менен Донеділ,
Күн-түн демей талай жанын қинаған.


Ұлыларға сәлем бермей кетпеңіз,
Ұлы ақынның Оралына жеткенің.
Қолдаушыға мұндай ғажап жұмысты,
Қоятұғын бағаңызды бес деңіз.

Қабыл алғын сәлемімді жолдаған,
Адамдарға алғысым зор қолдаған.
Осы өлеңім жетіп жатса халқыма,
Наныңыздар, үлкен бақыт ол маған.

ӘНШІНІҢ АРМАНЫ (Әнші Ажар Сейтеноваға)

Шашы бар өріп шашбау тағатындай,
Қасы бар қарлығаштың канатындай,
Келбеті келіскен жан Ажар қыздың
Дауысы бар шартарапқа баратындай.

Ажарды бүгін көрсең Көкшетаудан,
Ертең оны көресің Алматыдан.
Ән сүйер жас ұрпақтар өссе қаулап
Әншінің арманы бұл алда тұрған.



АРМАН БОП ЖҮР

(Қадыр Мырза Әлі рухына)

Қаламыңыз сіз берген бата болды.
Сіз өлгенде қайғырдым, қапа болдым.
Жетпіс бестен мен қазір асып кеттім,
Бүгін аға мен сізге апа болдым.
Үнірейіп тұрғаны орыныңыз,
Бірақ, менің емес қой қолым ұзын.
Суреткер болсам егер тұрар еді,
Ғасырларға жол сілтеп форымыңыз.
Актарғанда ұрпақтар томдарыңды.
Елестетер том жазған қолдарыңды.
Қаламыңды ұстадым сен ұстаған
Арман боп жүр бір ұстау колғабыңды.
Орның ашық тұр әлі жерлес аға,
Өкінішті басады нендей шара.
Тоқсан жасқа толғанша жүрсең еді,
Қайта оралып ортаға келмес аға.
Жол көрсетер сан ғасыр өлеңдерің,
Суретіңмен танысар көрерменің,
Рухыңды ұрпақтар қозғағанда
Қайта оянып өзінді көрер ме едің.
Қаламыңды тапсырдым немереме,
Мәлс Қосымбаевтың қолыменен,
Сіздей ақын болсын деп келе-келе
Бата бердім бабалар жолыменен.
Сізді еске алғанда тебіреніп,
Сағыныштың кетеді сеңі еріп.
Рухыңды оятып есіме алсам.
Жебегендей болады мені келіп.



АҚ БАТАМДЫ БЕРЕЙІН

(Облыстың жаңа басшысы Алтай Көлгіновке)

Үлкен үміт күтіп жүргем мен сізден,
Белгілі еді ол бастан-ақ бертіннен.
Ел сайлады облысқа басшы ғып,
Жұмыс жасар деген жаңа серпінмен.
Ел басына алғысым зор айтарым,
Жас басшыдан болар деген қайтарым.
Зор үмітпен облықа басшы ғып,
Сенім артып отырғанын байқадым.
Алтай балам,сізді бірден таныдым,
Алғырлығың байқалып тұр жарығым.
Ел тілегін ойлап жүрген ананың,
Ақ батасы өн бойыңа дарығын.
Шын жүректен ақ батамды қабылда!
Адал ұл бол ,түзу жолдан жаңылма!
Инжу-маржан ел атанған Оралдың,
Абыройы асқақ тұрсын жадында.
Батамды алшы,жәйшы алақаныңды,
Ешқашанда кір шалмасын жаныңды.
Бір ауыздан халық сенген тұлғасың,
Өтінерім таза сақта арыңды.

7.04.2016жыл



БАСЫМНАН ӨТКЕН КӨРІНІСТЕР

Жүрегім сыздап қиналып жүрмін,
жетпіс алты жастамын,
Тілегім мынау - мынау жағдайды басына
берме басқаның.
Экрандағы киноға ұқсас басымнан өткен көріністер,
Есіме түсіп кете береді, соғыс кезіндегі жас шағым.
Сұрықсыз көрініс, қырыққа жетпей,
қартайып кеткен аналар,
Қабағы түсіп, қарыны ашып,
азынап жүрген балалар.
Шөп шабатын шалғы орақ қайрап,
шаршанқы тұрған аталар
Жартылай жерге салынған күрке сарайға
болды пара-пар.
Қазіргі ұрпақ түсінбес бұған, секілді айтсаң ертегі,
Соғыс кезінде ауылда қалған аталар ғана еркегі.
Талай әйел атқа қонып күні-түн елді басқарды,
Шөпті де шапты, пішен де үйді,
жинады малдың жем-шөбін.
Осындай көрініс есіме түссе, дірілдеп үйге сыймаймын,
Қар астын қазып, көжесін іштік,
жиналмай қалған бидайдың.
Ащы да болса, тәтті екен ғой,
қайрылмас қайран балалық
Сонда да өткен күндерімменен,
балалық шақты қимаймын.
Тәңірден тілеп соғыс болмасын, ұрпақты енді жылатпа.
Бейбіт аспанның астында қазір күн
кешкендейміз жұмақта,
Елбасы айтқан мәңгілік елге айналса екен еліміз.
Сандаған ғасыр соғыссыз өмір созылса екен ұзаққа.



ӘЛМҰРАТ АҒАҒА АРНАУ
(Еңбек ардагері Бақтығұлов Әлмұратқа)

Ауылымыз бірге «Жосалы» елді мекені,
Арнаған жырым ауылға қашан жетеді?
Ауылда біздер оқыған сол кез мектепті
Сіз, мен, Асан оқыған мектеп деседі.
Кеңашы ол кез атақты колхоз болатын
Арнасы сайдың көктемде суға толатын.
Ашуы келсе көктемде өткел бермейтін
Өлеңті бойын жағалай ауыл қонатын.
Төбелеріне төңкере сөйлеп аспанды,
Колхозды сол кез Аманов Халел басқарды.
«Қираған елді қалпына қайта келтіру» -
Қаһарлы бастық салушы еді аттанды.
Ол кезде елді басқармай олай болмайтын,
Колхозшы тегіс басшының сөзін қолдайтын.
Салт атқа мініп ел басқарған жандардың,
Кезі жетті ғой ерен еңбегін сомдайтын.
Кенжебеков Сүлеймен аға тағы да,
Есепші болды ірі колхоздың бағына.
Дүрілдеп тұрды атағы осы колхоздың,
Жеті колхоздың кіретін еді санына.
Біріккен жеті колхозды Халел басқарды.
Ұйытып сөйлей алатын кәрі-жас
Күні-түн демей жұмысқа түгел аттанды.
Бақтығұл деген ата да еді сол елден,
Колхоз еді ой-қыры тұтас көгерген.
Өлеңтіден атақты ақ бор шығатын



Мәйітке белгі қоятын боры мол елден.
Бактығұл ата атағы болды зор ата.
Соғыстан кейін машина мінген бората.
Майдангер ата аяқтан қайтты жаралы,
Жарақатына бермепті мәнді ол ата.
«Кеңашы» менен «Ленинизмнің» арасы
Он бес шақырым алшақтау дейтін шамасы.
Бактығұлов Әлмұрат бізбен оқыды,
Сол майдангер Бактығұл ата баласы.
Бірінші қаңтар сексенге толған ағамыз,
Төрт жасқа алшақ екен ғой біздің арамыз.
Балалық шақтың қиындау кезін қайырылмас
Бұл күнде міне сағына еске аламыз.
Бактығұлов Мирасжан оның ұрпағы,
Лауреат ұлы дәстүрлі әнді шырқады.
Дәстүрлі әндер қазақтың байтақ даласы,
Дәстүрлі әннің атады әлі-ақ жыр-таңы.
Маржан жеңгеміз батыр ана атанған,
Жаксылық түбі жария болмай жата ма?!
Аға екеуін қол ұстасып ауырмай,
Атғаныңыз тоқсан деген сапарға.
Бақытты жанбыз «Егеменді» елдеміз,
Жетпіс беске толмақ Маржан жеңгеміз,
Жеңгемізбен күн кешіңіз бақытты,
Алмұрат аға тоқсанға жетіп ерлеңіз...



**ЖАРЫҚ КӨРГЕН КІТАБЫҢА
ҚОЛ СОҒАМ!**

*(Сырым елінің редакторы Махмет
Қажияхметовке)*

Тілекші едім көптен бері сізге мен,
Сөз маржанын ой түбінен іздеген.
Сыйлайтұғын інім едің Махмет
Әр жырыңа қуанушы ем бірге мен.
Дарынды ақын болдың, білем жасыңнан,
Жылдар жылжып өткен сайын ашылған.
Қиындыққа алдырмаған мықтысың,
Қанша жағдай өтсе дағы басыңнан.
Сенің елде отырғаның мақтаныш,
Оқырманмын әр жырыңды жаттағыш.
Әр жазбаңыз ой тастайды адамға
Дегендей бір меніменен атсалыс.
Ғұмыр бойы жазып келген еңбегің,
Көп кешігіп жарық көрсе елге мін.
«Ештен де кеш жақсы» деген мақал бар,
Жақсы болды-ау ортамызға келгенің.
Дарыныңды аяладың, қиналдың,
Болашаққа жол шегуге жиналдың
Жарық көрген кітабыңа қол соғам!
Хат арқылы құттықтауды ұйғардым.
Қол соғамын сенің әрбір жырыңа,
Жазғаныңның не жетеді құнына.
Мағыналы жазғандарың жасасын!
Жүректерге шашып тұрған шұғыла



АТА ЗАҢЫМ – АЙБАРЫМ

Ей, адамдар, құлақ асқын сөзіме,
Ата заңға басымды ием, бүгілем!
Әрқашанда қамымды ойлап тұратын,
Әділетті шешіміне жүгінем.


Желбіреп тұр елімнің көк байрағы,
Ұйқы тыныш, көңіліміз жайдары.
Құқығымды қорғап тұрған – қамқоршым.
Ата заңым – әлеуетті айбарым.

Жеті жарғы – ата заңның негізі,
Ата заңым – әлеуеттің лебізі.
Тура жолға жол сілтеп тұр Ата заң,
Ата заңға арта бермек сенімім.

ЖАЙЫҚТАЙ БІЗДЕ ЖЕР БАР МА?

Көк кілем жайып тастаған,
Батысқа, байтақ далаға.
Шырқатып жатыр асқақ ән,
Ауылда, дала, қалада.

Қырында гүлдер жайнаған,
Көзіңнің жауын алады.
Далада еңбек қайнаған,
Құстар да әнге салады.



Көңілдің қылын шертеді,
Көктемнің көркем келбеті.
Секілді әлем ертегі,
Оранған көкке жер беті.

Сан түрлі киім киінген,
Адамдар гүлден аумайды.
Көрініске көңіл сүйінген,
Бақытты сәтті аулайды.


Жайықтай біздің жер бар ма,
Жаз шыға көкке оранған?!
Көңілі көкте ел барда,
Жүректе тұнған мол арман.

НАР ТӘУЕКЕЛ!

Соқты талай «Әке» деп бұл жүрегім,
Паспорт алып қояйын, кім біледі?
Әкемді іздеп жол жүру қамын ойлап,
Талай мына жүректі тілгіледім.

Мені алып баратын біреу керек,
«Денсаулық» деген мықты тіреу керек.
Жер бетінде жүрмін ғой әлі тірі,
Намысымды қамшылап, іреу керек.

Әкемді іздеп тапқанша шықпа жаным,
Және тіреп тұрған жоқ ықта малым.
Жол жүретін қаражат мәселесін,
Балалардың қалар ем құптағанын.



Нар тәуекел! Мен паспорт алайыншы,
Өзімді тағы сынға салайыншы.
Асықпаса тәңірім мені алуға,
Әкемді іздеп Орловқа барайыншы.

Барып, көріп оралу «Қабіріңді»,
Қабыл алса бір Алла шағымымды.
Көз жасымды басыңа төгіп қайтпай,
Тежей алар емеспін сабырымды.


Тілегімді Тәңірім қолдасын деп,
Кәрілігім кедергі болмасын деп,
Паспорт алып қояйын, әзірленіп,
Нар тәуекел, болсыншы жолдасым деп.

СОҒЫССЫЗ БЕЙБІТ ӨМІР – ҚАНДАЙ БАҚЫТ

Сен кеткенде мен төрт-ақ жаста болғам,
Сенен ерте айырылып қасқа болғам.
Жоқшылықты не түрін көріп өстік,
Талай жылдар жанарым жасқа толған.

Сен осыны жан әке сезесің бе?
Бастан өткен зұлмат жыл ел есінде.
Тыныштық орнағалы өтіп жатыр,
Алға жылжу, жетпіс жыл белесінде.

Өркендеп, өсіп-өну белең алды,
Бұл өмірді бізге Алла қия салған.
Біздер үшін бір ғасыр келе қалды,
Қой үстіне бозторғай ұя салған.



Әуреміз өскен елмен бақ таласып,
Түгендеп жүрміз заңның ақ, қарасын.
Соғыссыз төгіп алмайық бақ шарасын.

Қазіргі өмір тамаша, жарқын деймін,
Қанағатшыл болайық халқым деймін.
Ел бірлігі, достығы, байлығымыз,
Қайырлы ете көргін артын дейміз.

ЖЕҢІСКҮНІН ОСЫЛАЙ ЖАҚЫНДАТҚАН

Әкеміздің мінезі жайсаң болған,
Анам адам айтқысыз қайсар болған.
Бес қыз бағып аяқтан тік тұрғызған,
Халық танып «Батыр» деп айтар болған.

Бізді бақты ас өтпей тамағынан,
Солай анам бес қызды тік тұрғызды.
Іштей жылап айырылды жанарынан,
Ауыр жұмыс оның белін бүк қылғызды.

Зардап шекті соғыстан қаншама адам,
Жеңіс күнін жан қалмай аңсамаған.
Соғыстың құрбаны боп әкем келмей,
Анамыздың жүрегін паршалаған.

Соғысты ойлап тапқан тасыр заман,
Аналар жайында сыр ашылмаған.
Қайсарлық пен батырлық арқасында,
Өмірді сүрді тоқсан жыл, ғасыр мамам.



Қайсарлықтан аналық хақын тапқан,
Ауыр жұмыс күндіз-түн тақымдатқан.
Қысты күні аққала соққан анам,
Жеңіс күнін осылай жақындатқан.

ПАРИЖГЕ СӘЛЕМ

Мұнараңыз Эйфельдей мақтанышы
Үш жүз метр аспанға өрмелеген.
ЕХРО үшін жатырмыз атсалысып,
Айналуда модаға көрме деген.
Мұнараны Эйфельдей өріп салған,
Барып көру талайға болыпты арман.
Туризмде дамыпты сол себепті,
Жолы түсіп барғандар көріп қалған.
Париждегі қазақтар амансыз ба?
Қазақ елін көруге алаңсыз ба?
Қазақстан көрмеге әзірлікте,
Тамашалап кетуге барарсыздар.
Талай қазақ ұрпағын қалдырыпты,
Дайрабаева Гүлмира таныстырды.
Франция төрінде жаңғырып тұр,
«Сенбілік таң» эфирден қанықтырды.
Осы бастан көрмеге шақырамыз,
Талай тамашаларға батырамыз.
«Мәңгілік ел» аталмақ қазақ елі,
Естисіңдер таңдайға татыр аңыз.

ЮНЕСКО-ның жетпіс жылын тойлап жатсыз
Тарихтың тереңіне бойлап жатсыз,



Ұрпаққа Қорқыт жайлы аңыз шертіп,
Олардың болашағын ойлап жатсыз.
Наурызда бас қосатын салтыңызбен,
Қауышып түркі тілдес халқыңызбен,
Алпыс миллион халқы бар Франция
Танысатын болды ғой жалпы бізбен.

Халифа Алтай ұрпағын танып, көрдік,
Олардың өміріне қанық болдық.

Француз қызын алған Мұстафамен
Сәуірдің төрті күні таныс болдық.

Гүлмира сұхбатыңыз әдемі өтті.

Француз келін елге сәлем етті.

Елдермен татулықты былай жалғау

Осындай көріністері дәлел етті.

Ғарышкер Клоди қыз мақтанышың,
Ғылымға тер төгіп жүр атсалысып.

Дәрігер, саясаткер, еңбексүйгіш,

Жүрген жан, үлкен міндет атқарысып.

Елінде Наполеон Бонапарттың,

Сәнімен брэндолық тон тігіпті.

Көруге осы сәннің салтанатын,

Барша жұрт «Париж» жаққа жөңкіліпті.



ОЛ – ӘЛЕМНІҢ ДАҢҚЫ ЗОР ТУЫСҚАНЫ

(Олжас Сүлейменовке)

Мәртебелі бір жан жүр арамызда.

Құйып алғын ұрпақтар санаңызға,

Қазақ деген халықтың бақытына

Олжас деген ұл келген даламызға.

Содан бері ғасырға жуықтады,

Жүзден асты шаңырақ уықтары.

Олжас өсті, есейді, дана болды,

Ол әлемнің даңқы зор туысқаны.

Арғы атасы Олжабай батыр болған,

Жаяу Мұса атасы ақын болған.

Шетінен әнші, жыршы, сауықшыл боп

Анасы да өнерге жақын болған.

Олжас бала жасынан зерек болған,

Бабалар тектілігі себеп болған.

Көп оқып, көп іздену арқасында,

Ақындық, жазушылық кенет қонған.

Өмірде тәрбиелік бағыт берген,

Бағыттап ұлы жолға салып келген.

Өкіл әке Әбдуали Қарағұлов,

Қосылып анасына бағып келген.

Басқыншы көп болған кез ірге жақтан,

Айрылған әкесінен мүлде жастай.

Сүлейменов Омар мен өз әкесі,

Түрмеде Лев Гумилев бірге жатқан.

Елді ауызға өлеңі қаратыпты,


Бір кітабы айрықша дара тіпті.

«Аз и Я»-ны жазғаны зәрені алып,

Кітаптарды түрмеге каматыпты.

Бастан өткен қозғасақ тақырыпты,

Талай болған сұмдықтан жат үрікті.



Тиым салған «Аз и Я» кітабымыз,
Елу есе қымбатқа сатылыпты.
Жаяу Мұса Олжастың арғы атасы,
Бір атасы Олжабай батыр еді.
Жоңғарларды қуғанын жерімізден,
Мақтан етіп айтуға татыр еді.
Елбасының айтады санасқанын,
Сырластығы, достығы жарасқанын.
Ол жағын да Елбасы жасырмайды,
Пікірлескен кездер де таласқанын.
«Тыңдаңыздар, мырзалар, ханымдар» деп,
«Ядролық қаруды жабындар» деп,
Зор дауысы әлемді шарлап кетті,
Қазақтардан өнеге алындар деп.
Бүкіл әлем ұранға құлақ түрді,
Бұл зұлматқа Жер-Ана шыдап тұрды.
Халқымыздың мұң зары жанға батып,
Көкірегі Олжастың жылап тұрды.
Абай жатқан аймақты улағанда,
Адам жаппай қырылып шулағанда.
Ядроны тоқтат деп кім шығар еді,
Ақын Олжас батыр боп тумағанда.
Гагаринді аспанға ұшырғанда,
«Жер адамға табын!» деп тағы шықты.
Кемтар ұрпақ туылып қысылғанда,
Ядроны тоқтат деп жаны шықты.
Көп ұлттар елімізге ауып келген,
Айналды елім бүгін сауықты елге.
Мысыр елін басқарған Бейбарысты,
Оқымысты Олжас қой жауып келген.
Олжастың жазатыны сарқылмағын,
Найзадай тағы да бір жарқылдағын.
Біле жүр таңғаларлық еңбек жазған,
Кітапты күтіп жүрген халқың барын.



ОЙЫП ОРЫН АЛДЫ БӨРЛІ КАРТАДАН

Жиырма жылдай төсінде мен тербелдім,
Аспанға ұшып ел аралап жер көрдім.
Астана, Ақтау, Каспий көлі көгінен,
Өркен жайып өсіп жатқан ел көрдім.

Маған Бөрлі жат болған жоқ келгеннен,
Және ыстық ықыласын бөлгеннен.

Ойып орын алды Бөрлі картадан,
Бар әлемге газ-мұнайын бергеннен.

Мұнда біраз тер төктім деп айта алам,
Мұнайымен, газыменен бай қала.

Ақсай қазір өркен жайып барады,
Ақ бесіктей ұрпақтарын шайқаған.

Жер шарының әр ұлттары ағылды,
Іздегені жер астынан табылды.

Мен солардың қатарынан көрініп,
Еңбек етіп жеп отырмын нанымды.

Бұл қалаға бауыр басып барамын,
Ақсай өсіп, өркен жайып барады.


Кәсіпкерлер ірі істерге кірісті,
Атап айтсақ табысы сан салалы.

Оқуда да алғы орыннан көрінді,
Спортқа да қатты көңіл бөлінді.

Әлеуметтік жағдайымыз жақсарды,
Құрметтеймін мен отырған төрімді.

Халық риза жан-жақтардан ағылған,
Дүкендерден бар керегің табылған.

Жыр жазуға шабыт алып отырам,
Терді төгіп жеген тәтті нанымнан.



Екі қолым симағаннан жаныма,
Шеберлікті берген менің бағыма.
Қазір де мен костюм тоқып отырмын,
Өлең жазам, оралғанда жадыма.

Мұның бәрі Елбасының арқасы,
Қақыратқан кедейліктің жар тасын.
«Қарашығанақ» - мол байлықтың өлкесі,
Әлемге аян Ақсайымның қартасы.

Бөрлі ауданы сексен жасқа толыпты,
Мұнда талай жақсыларға жолықтым.
Бәрі соның арқасы деп ойлаймын,
Таныстарым жылдан жылға молықты.


Бөрлі жері құтты мекен білерім,
Жақсылыққа жарнамашы жүрегім.
Сексен жылдық құтты болсын тойымыз!
Құтты болсын халыққа айтар тілегім!

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Бақырайтып атыңды атамайын,
Бұлай ету болмас еді аса лайық.
Жас ақынды маңдайдан қақпаңызшы,
Таланттарға қиянат жасамайық.

Құлақ қағыс ақындар ұжымына,
Мен куәмін, ел куә қылығыңа.
Жас талантты маңдайдан қақпайлауың
Мына менің сыймай тұр ұғымыма.

Мүмкін болса ұстаңыз өзіңізді!
Қабылдаймыз әр сұхбат, сөзіңізді.



Едіңіз ғой мақтаныш елімізге
Сізге лайық шырағым төзім ізгі.

Шыдамның да шегі бар екендігін,
Назымменен апалық етем бүгін.
Бұл өлеңнен танырсыз өзіңізді
Түсінгенге осы да жетер бүгін.

Кімге лайық сыртынан ғайбатталған,
Алыс-жақын естілген аймақтарға.
«Меннен озып кетер» деу лайық емес,
Сүт бетіне шығатын қаймақтарға.

КҮЙ МЕКЕНІ

Бай елмін, бақытты елмін, мақтана алам,
Ел барма, Қазақ елін мақтамаған?
Ұлы дала елінің перзентісің,
Сенімін Отаныңның ақта балам!

Біздің ел, күмбірлеген күй мекені,
Ұрпағын асқақтыққа үйретеді.
Құрманғазы сазына құлақ салсаң,
Еріксіз әлем халқын тербетеді.

Бабаларым зиялы, текті дейді,
Сазының асқақтығы көк тірейді.
Күйлерін күмбірлеген тыңдап өссең,
Ешқашан көкірегің өксімейді.



МЕН БАСЫМДЫ ЧЕМПИОНҒА ИЕМІН!

GGG - Геннадий Головкинге

Әр чемпион Қазақстан беделі,
«Қиындықпен басқа қонған «Егені»,
Қастерлейік, ұрпақтарға жалғайық» -
Іске асуда Елбасының дегені.

Құттықтаймыз егіз ұлдың сыңарын,
Мәңгі лаулап жана берсін шырағың.
Геннадий ол Қарағанды тумасы,
Халқымыздың қандыра бер құмарын.

Жеңіс тілеп, махаббатпен аналық,
Боксшылар жекпе-жегін қарадым.
Шапан киіп шыққан батыр Геннадий
Қарсыласты жеңіп кеттің, жарадың!

Әр раунд оңай болып шықпады,
Сол мақтаншақ қарсыластан ықпадың.
Сені қалай жеңетінін әйгілеп,
Стивенс ел алдында нықтады.

Осы көрініс намысыңды қайрады,
Жасқағандай Геннадийдің айбары.
Стивенс жеңілгенде ойсырап,
Желбіреді қазақтың көк байрағы.

Сан толқыды көңілдің көк жиегі,
Қолдағандай ұлы елім киелі,
Жеңісіңді болдым тілеп жанкүйер
Мен басымды чемпионға иемін!



ХАЛҚЫМЫЗ ЕЛБАСЫНА СЕНІП ОТЫР

Жайылды атағыңыз Жер шарына,
Ұл болдың туа қалған Ел бағына,
Саралап бастан өткен ғұмырыңды
Тарихтың куә болдық бер жағына.

Ұлтыңның туған ұлсыз маңдайына,
Жұмыстың төтеп бердің қандайына,
Домбыраны ойнайсыз құлағында,
Бұлбұл құс ұя салған таңдайына.


Саясаттың жілігін шағып ішкен,
Тұлғасыз, елің куә, бағың үстем,
Алған беттен қайтпауға серт бергенсіз
Дариядай кемерінен тасым түскен.

Баянды етіп жүрсіз елдің бағын,
Туа берсін халқымызда сіздей дарын.
Бейбіт тірлік рухани бірігуге,
Шақырасыз үндеу сап жердің шарын.

Күллі әлем бұл ісінді көріп отыр,
Зор қатер адамзатқа төніп отыр.
Мазалап осы жағы жаныңызды
Қазіргі уайымыңыз болып отыр.

Тіршілік – Жер-Анамыз жанымыз деп,
Апаттан жерді қорғап қалыңыз деп,
Ой тастап ғалымдарға отырсыңыз
Қуатты күн мен желден алыңыз деп.

Дұрыс тауып басылса тетіктері.
Күпияның ашылар есіктері.
Бар ғаламды аналар әлдиімен
Сәбилердің тербелсін бесіктері.



Белгілі тауқыметтен қашпайтының,
Халқыңды тағы алға бастайтының.
Лайықты арыстанға жүрегің бар
Көрінді кедергіден саспайтының.

Самитте Әлем қолдап бастаманы,
Көзімен көріп кетті Астананы,
Ішінде ел басқарған жылдарыңның
Отырсыз іс атқарып асқаралы.

Елбасы халық сізге сеніп отыр,
Көп болып ымыраға келіп отыр,
Тағы біраз ұзартып ел билеуді
Тек қана сіздің қолға беріп отыр.

Халықта қалыптасқан төзім ізгі,
Бетпе-бет көрмесе де көзіңізді,
Елбасын мақтан етіп отырған ел
Қайтадан хан сайламақ өзіңізді!



ЗАМАНЫНЫҢ АБАЙЫ – ҚАДЫР МЫРЗА


Ол әлемнің ақыны - Ұлы ақын.
Өйткені оның жүрекке жыры жақын.
Заманының Абайы - Қадыр Мырза
Мойындады оқырман мұны ақыр.

Қадыр қайтып оралды Оралына,
Өзгелерден ол сезді озарына.
Озық ойлы жырымен мүше болды,
Бітімгершіл Әлемнің Одағына.

Сондықтан да, оны әлем мойындады.
Қазынасын сарқыды бойындағы.
Оған дәлел, ғимарат теңдесі жоқ,
Бірден екі ескерткіш қойылғаны.

Бас иеміз Ұлыға сыйлағасын.
Сағынамыз өлдіге қимағасын,
Анадайдан ерекше көзге түскен,
Көре келдік Ұлының ғимаратын.

Анықталды мықтының күші міне,
Еліктеуге жақсыға ерікті ұл-қыз.
Оралдағы Қадырдың мүсініне
Сәлем беріп кетуге келіп тұрмыз.



АҚЫН ҚЫЗ, ОРАЛЫҢА ОРАЛДЫҢ БА!?
(Айсұлу сіңліме)

Ақын қыз, Оралыңа Оралдың ба?
Жарқырап шыға келдің көз алдымда.
Махамбеттің сесі мен айбарындай,
Шиырылып шаршы топта сөз алдың да.
Өзіңді шарболаттай қайрап шықтың,
Айтатын небір ойды сайлап шықтың,
Хандықтың 550 жылдығында,
Баяғы Айсұлуша сайрап шықтың.
Байқалды ерлігің мен тектілігің,
Біржола елге бұрдың бетті бүгін.
Сөйлер сөзде ешкімге алдырмадың,
Көрінді саясатқа ептілігің.
Баса айтып заманымның оңды жағын,
Пейілің ел халқыңа болды мәлім.
Тарихтың қойнауынан алып шықтың,
Талай құнды дерегін мол мұраның.
Ақын қыз, Оралыңа оралды да,
Жарқырап шыға келдің көз алдымда.
Исатай-Махамбеттің айбарындай,
Арқырап алқа топта сөз алдың да.



АЙМАН ҚҰРБЫМ

*(Мәдениет қайраткері жерлесім, кластасым
Айман Қуатоваға)*

Жастық шақтың куәгері өзің ең,
Жүрегімнің орнын алған төрінен.
Айман құрбым балалық шақ өзің ең
Жанарымның тереңінен көрінген.

Балалығым - жастық шағым қимасым,
Өмір көріп тәжірибе жиғасын.
Байқағаным бақытты шақ балалық
Өтінерім, өтейікші сыйласып.

Біз екеуміз жетпіс беске жетіппіз,
Ойлап көрсем бақытты өмір кешіппіз,
Бойымызда батылдық та жоқ емес
Үлкендікті мойындауға бекіппіз.

Солай құрбым ақиқатқа таңғалма,
Тіршілікке не жетеді жалғанда,
Жарық күннің алайықшы бір сәтін
Жолығайық кетпеу үшін арманда.



ЕЛБАСЫНА ОТАНЫ КҮН СЫЙЛАДЫ!

Арғы-бергі тарихты парактаған,
Жақсылардың игі ісін сабақтаған.
Елбасына Отаны күн сыйлады!
Шашу шашпай мен қалай қарап қалам.

Ел басқарды ойымен данышпандық,
Бұл ел – елі хас батыр, алыптардың.
Хан сайлаған сол күнді тойлайтын күн
Желтоқсанның бірі деп анықталды.

Ынтымағы жарасқан, берекелі,
Елімізді айбынды ел етеміз!
Тәуелсіздік алған күн он алтысы,
Бір жаңасы бұл айдың мерекеміз.

Бақ орнатты баянды басымызға,
Әннен шашу, халайық, шашыңыздар!
Мәңгілікке жасасын Елбасымыз,
Жас қосылсын демекпіз жасыңызға!

Күн көбейді елімді сауықты еткен,
Елге оралды қандастар ауып кеткен.
Елбасының арқасы соның бәрі,
Шешім болды бұл өзі тауып кеткен.

Артық десең, оқырман, ғафу ет сен,
Жүзден астам ұлттарды тату еткен.
Ерен еңбек сіңірген Елбасымыз,
Өлеңімді қабыл ал, шашу еткен.



ЖАҢАЛЫҚТАР - ҒАЖАПТАР
(ЭКСПО-2017)

Күллі әлемдік жәрмеңке бізде болмақ,
Жүз үш ел ақылдасты бірге қолдап.
Екі мың он жетінші жылғы көрме,
Басталар күн оныншы шілде болмақ.

Қонақ келмек бес миллион Астанаға
Осындай көтерілді бастамалар.
Жүз үш елден салынбақ ғимараттар,
Жаңа қала қосылмақ жас қалаға.

Қуанған жұрт жас алды көздеріне,
Міндет артып тұрса да өздеріне.
Ауыр міндет мойнына алды еліміз,
Тұрады деп сенейік сөздеріне.

Таңғаларлық ғажаптар болып жатыр,
Атқаратын жұмыстар толып жатыр.
Талай елдің елшісі біздің елге,
Айлап келіп, апталап қонып жатыр.

Үлкен сенім артып тұр елімізге,
Жұмыстанбақ көп халық сеніңіздер.
Елбасының арқасы соның бәрі,
Бізде дауыс берейік, келіңіздер.



ДОСТЫҚ ЛЕБІЗ

Көршілес қырғыз елінде Халықаралық ұстаздар мен психологтардың ғылыми конференция фестивалінде орындалды

Таулы, сулы ел деген даңқыңыз бар.
Бес миллион шамасы халқыңыз бар.
Төсекте бас, төскейде мал қосылған
Қырғыз – Қазақ ұқсастық салтымыз бар.

Айырқалпақ келеді көз алдыма,
Ұқсастығы тіл – діні өз алдына,
Қазақ – қырғыз құда боп бір-біріне
Жайған талай дастархан төр алдына.

Күндеріңді мереке тойлай келдік.
Көршілік халқымызды ойлай келдік.
Ежелден қыз алысып, қыз беріскен
Тарихтың тереңіне бойлай келдік.

Әлемге «Манас» жыры танылған ел.
Жер беті көлден көрпе жамылған ел.
Кеме жүзген атакты көліңіз бар,
Жан-жақтан «Ыстық көлге» ағылған ел.

Қалдығұл, Арыстанбек, Қылыш молда,
Қырғызды жырлап талай шықты жолға.
Тоқтағұл поэзия классигі
Қазаққа көптен бері таныс ол да...



Айтматов Шыңғыс десе елендедік.
Ол жұлдыз ағып түскен кемелденіп,
Шығармасын сүйсініп оқымасақ,
Мұндай биік бағаны берер ме едік?

Даңқыңыз бар әнімен «Қызыл өрік»,
Талай жиын тойларға болды көрік.
Қырғыз тауы Тянь-Шаньді әнге қостық
Қазақ елі бұл әнге көңіл бөліп.

Өс, өркенде қанат жай ағайындар,
Аралас халықтардан талайың бар.
Достық лебіз білдіріп жүректерге
Ән алауын маздатып жағайын да.



БЕКБОЛАТ ТЛЕУХАНОВҚА

Тлеуханов Бекболат қымбаттым,
Ата-бабам сазы менен тіл қаттың.
Домбыраны безілдетіп сөйлеттің,
Қобызыңмен бес ғасырды жырлаттың.

Бір ғасырда бір туар ұл – Бегімсің,
Тұла бойың тұнған өнер – сезімсің.
Мақтан етер ұлым сенсің Бекболат,
Ұлан байтақ Қазақ елі – өзіңсің.

Шалқар сазды, шымыр тұлға- қаршығам,
Тұла бойың тұнып тұрған ән шығар.
Өзге елдің әуеніне бой ұрған,
Ұрпақтарды тексіздіктен аршып ал.

Мақтанышым, асыл текті жанарым,
Тіл мен көзден аман жүрші қарағым.
Қоңыр үнді кобызыңды сөйлетсең,
Сай-сүйекті сырқыратып аламын.

Сендей болсын халқымыздың бір ұлы,
Ұлы өнерде биік болсын тұғырың.
Байтақ елден бата алып самғай бер,
Айналайын, ұзақ болсын ғұмырың.



ЕЛ ТІЛЕГІ

Өсейін, толысайын, ержетейін,
Өмірмен қоштасармын мен де кейін.
Көзімнің тірісінде, әке, сізді
Дұғамен, жоқтау жырмен тербетейін.


Басыңа бару жайлы толқып жүрмін,
Жолға шығып кетуге қорқып жүрмін.
Қолыма қалам ұстап ертелі-кеш,
Астында қалып жүрмін толқын жырдың.

Есімнен шықпай жүрсің, сезесің бе,
Аян беріп, түсіме енесің бе?
Кешегі жұрт қырылған жойқын соғыс,
Сақталды мәңгілікке ел есінде.

Қоя алмай жүрмін шектеу өнеріме,
Десем де қан қысымым сырғанап тұр.
Жұрт жыласын, күлсін, мейлі, өлеңіме,
Сағатым тоқтағанша жырламакпын.

Тәңірім тілегімді оңдаса екен,
Соғыс енді ешқашан болмаса екен.
Қасіретті бәлені болдырмауды,
Жер шары бір ауыздан қолдаса екен.

Бейбітшілік – әрқашан ел тілегі,
Жақсы өмір берекеңді келтіреді.
Уайым-қайғы көрмесе ұрпақтары,
Халықтың көңіл-күйі серпіледі.




ШЫРАҚ
*(Жаһанша Досмұхамедовтің
125 жылдығына арнаймын)*

Жетпісті өтіп, сексен жасқа асыппын,
Жанша атаның басқан ізін басыппын.
Жанша атаға той жасаймыз дегенді
Естігенде жеткенімше асықтым.
Жанша жері – жаяу жүрген жеріміз,
Ол кезеңде жадау еді еліміз.
Ұлыларды еске алып той жасау
Келеді екен өте орынды дегіңіз.
Тартыншақтап неменеге тосылам,
Бұл шараға шын жүректен қосылам.
Ұрпақтарға үлгі болар бұл тойға
Шақырыпсыз, ризамын осыған.
Бұлдырты мен Жосалының арасын,
Еске алсам, жаным ләззат алатын.
Талай жаяу шарлаған жер болғасын,
Жастық шақтан сағым болып қалатын.
Екі ортаны Жанша талай шарлапты,
Сол еңбегі бірақ текке қалмапты.
Мен туған жыл атылса да атамыз,
Өз өмірін болашаққа арнапты.
Мен елімнен жүрсем-дағы жырақта,
Қос жанарым Сырым жақта бірақ та.
Жанша, Сырым, Қадыр елі Жымпиты
Мен үшін тең жанып тұрған шыраққа.



ИЛИЯМЫЗ – «ЕДІЛ-ЖАЙЫҚ» АТАНҒАН

Ән - Илия, ақын - Жұбан мәңгілік,
«Еділ-Жайық» шырқалғанда жаңғырып.
Жасыл орман жамырайды таң қылып,
Айдында аққу көрсетеді паң қылық.
«Еділ-Жайық» мейірімді қандырды,
Қайырмасы тамағымды талдырды.
Екі тұлға әлемге аян атағы,
Ұрпағына асқак әнін қалдырды.
«Еділ-Жайық» талай елге барыпты,
Талай дүл-дүл шетелде ән салыпты.
Москваға сегіз жүз жыл толғанда,
Оралдықтар алтын жүлде алыпты.
Жойқын әуен достығымның сен алғы,
Илияның әндерінің ең алды.
Осы әнді тыңдап Шәмші «мощно!»
Деген екен,енді бізге не қалды?
Илиямыз «Еділ-Жайық атанған»,
Осы әнімен озып шыққан қатардан.
Шетелдерден бәйге алған әншілер,
Асқак әнді хорға қосып апарған.
Жаныменен жырлап кеткен қазағым,
Сөзін жазып тартқан қатты азабын.
Жұбан аға тыңдай жүріп бұл әнді,
Рахатын сезгендігін жазады.
Жиырмадан астам елге танытқан,
Жапондардың құлағына дарытқан.
Үрімшіден Рәзилә әншімен,
Илиямыз сол сапарда танысқан.
Біз қазақтар өнер сүйер халықпыз,



Хас өнерге уызынан жарыппыз.
Анталия қаласында Атырау,
Осы әнмен «Бас жүлдені» алыпты.
Ақын, сазгер атағыңыз самғасын,
Өнеріңіз жасай берсін сан ғасыр.
Орын алып жүрегінен халықтың,
Халқымыздың ақ батасын алғайсын.

ОН ТӨРТІНШІ НАУРЫЗ – КӨРІСЕТІН КҮН!

14-ші наурыз қазақ мейрамы,
Әлі күнге жалғасуда бұл жағы.
Осы күні үй аралап көрісіп,
Қуанышпен қарсы алады мейманын.
Осы күні қызыққа ел тоятын,
Сүр ет асып, тоқты -қойын соятын.
Қазақ халқы тойшыл халық ежелден,
Бас қосқанда ақтаратын ой-ақыл.
Ой мен ақыл тәрбиенің атасы,
Осы күні қызыққа ел бататын.
Бар жақсысын киінген қыз-жігіттер,
Алатұғын үлкендердің батасын.
Көрісетін көрген жанға қол беріп,
Жас-кәрімен көрісуге болды ерік.
Бір үйден соң, бір үй әзір отырып,
Тойдың соңы кететұғын жөнделіп.
Тойшыл халық болыппыз ғой ежелден,
Тойлар- тойға жалғасуда дегенмен.
Тойшыл елдің тойы- тойға жалғассын,
Тату-тәтті өмір сүрсін ел-елмен.



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ
Дзюдошы Елдосқа

Жүз жиырмадан астам ел
Астанаға жиылды.
Ерен істер бастады ел,
Елге қаржы құйылды.
Елбасымыз халқына,
Көп міндеттер жүктеді.
Атқарған іс жарқырап,
Қазақ елін тіктеді.
Жігерілі де жүректі,
Екі қазақ күресті.
Өздеріне сенімді,
Болғаннан соң білекті,
Құттықтаймыз бапкерін.
Күресті екі азамат
Шықты көктер, актері -
Көрініс болды ғаламат.
Күштерімен байқасты,
Екі қазақ айқасты.
Бірін-бірі ала алмай,
Шаршы топта шайқасты.
Көңіл күйдің тұтқыны,
Көзімнен жас ытқызды.
Елдос жеңді күресте,
Мойындатты мықтыны.



АРМАНЫМ

Жылдың басы дәл бірінші ақпанда,
Елбасына бата беріп хат жазғам.
Хатымды оқып «Қолтаңбасын» жолдапты,
Қуанышым қалықтап жүр аспанда.

Ұйытқы болып ұстап тұрған бірлікті,
Көп кешікпей Ассамблея дүрлікті.
Ханымызды биыл қайта сайлап ап,
Мақсаттары бірге атқармақ тірлікті.

Ақ батамның сездім қабыл болғанын,
Бұл үндеуді халық тегіс қолдады.
«Қолтаңба» деп кітап жаздым кешікпей,
Сол кітапты келіп жүр ғой жолдағым.

Бұл тірлігім үміт отын тұтатты,
Берік қамал-достық, бірлік, тұтастық.
Елбасымен бір жүздесу арманым,
Өз қолымнан табыс етіп кітапты.

ДӘСТҮРЛІ ӘУЕН

Дәстүрлі әуен - ән атасы.
Қазақтың даласының кеңдігіндей.
Тыңдайтын жырауларды ел бүгілмей,
Дәстүрлі ән - ән атасы десе болар.
Әуеннің көркемдігі елдігімдей.
Домбыра, ұлттық киім салтанатың,
Дәстүрлі ән көкке самғар ән қанаты.
Дәстүрлі ән теңеуі жоқ ән екенін




Кез жетті халқымызға жар салатын.
Ақын ел, Мәңгілік ел - Қазақ елі
Ұлттық киім қазақтың ажары еді.
Аспанда тұрса қалқып дәстүрлі әуен,
Ұрпаққа мұра болып қалар еді.
Тарихтан бізге жеткен көп дерегің,
Тенеуі дәстүрлі әннің жок дер едім.
Ән төресі дәстүрлі әнді тындау,
Тыңдарман жүрегіне От береді.

СҮНДЕТ ТОЙ

(Гүлбақыттың сұрауы бойынша)

Мұсылман тойлайтұғын әлемдегі,
Сүндет той, атаулы той бар елдегі.
Әмірдің сүндет тойын тойлап жатқан,
Алдымен құдаларға сәлем бердік.
Құттықтауға тойшының аталасын,
Темір-Дана Әмірдің ата-анасын.
Алматыдан келгенмін қазағымның,
Астанасы бұрынғы аталатын.
Міндеті той басқару асабаның,
Сүндет той ән-жырменен жасалады.
Әмірге нағашы апа боп келемін,
Есімім Гүлбақыт деп аталады.
Гүлбақыт нағашы апаң келіп отыр,
Көп сәлем Шелектікке беріп отыр.
Кішкентай Әміржанның сүндет тойы,
Көңілден шығарына сеніп отыр.
Той иесі, тойларыңыз тойға ұлассын.
Жақсы болып атағы ой-қыр ассын.
Әмір өсіп ер жетіп, мақтан тұтар,
Азамат болсын деген ойға ұлассын!



АҚ БАТА
(Немерем Мақсат Қуанышұлына)

Мен сенімен мың жасайын немерем,
Жүрегіме ыстық едің не деген.
Саған қарап мауқымды бір басайын,
Періштем-ау қолтығымнан демеген.

Алыс жүріп өсіп-өнген Мақсатым,
Маған қажет ауадайын жақсы атың.
Еміренген жанарымнан босатам,
Мың айналып мауқымды бір басқасын.

Жігіт бопсын қарықтырар көзімді,
Көріп тұрмын көшірмемді өзімнің,
Ұзын бойлы жігіт болып өсіпсің
Шыңдала бер, азамат бол төзімді.


Білгенің жөн нағашыңды тегіңді,
Анандай сүй Отаныңды, еліңді.
Өз ортаңның алды боп өс немерем,
Азамат бол өзіңе-өзің сенімді.

Жолың болсын, шықсаң ұзақ сапарға!
Әрқашанда оқ бойы оз қатардан!
Саған ақ жол тілейінші немерем
Сапарға шық қарт әжеңнен бата ал да!



**«АЙТУҒА ОҢАЙ» -
ТАҚЫРЫП ЕЛ ҚАЛАҒАН**
(Журналист Бисенге)

Өтіп жүр тәрбиенің сан саласы,
Қозғалған талайлардың жан-жарасы
Тәрбие құралына айналдырған
Бисендей журналистке таң қаласың.
Қозғап жүр ол өзекті мәселені,
Жан-жақтан мол мәлімет әкеледі.
Ұйып тыңдар тақырып қозғап отыр
Өзекті мәселелер бәсең еді.
Бисеннің еңбегі ерен білгендерге,
Куәміз жылаған мен күлгендерге,
«Ашық есік» болып тұр «айтуға оңай»
Жар салғым келіп отыр жүрген жерге.
Қадалып қарайтұғын тақырыбым,
Таралып шартарапқа жатыр үнін.
Әркімнің жүрегінен орын алдың
Денің сау аман жүрші батыр ұлым.
Отыр небір жайсаңдар ұмыт қалған,
Күтіп жүр олар әлі үмітті алдан,
Кезінде марапаты ескерілмей
Алатұғын уақыты тұрып қалған.
Аяйтын жазушы мен ақындардың,
Жағдайын айтуға да жақын қалды.
Қиянат қаламақы төленбеуі
Бұл жайды да қозғауға хақың барды.
Халықты аралап сыр тартатының,
«Айтуға оңайда» жүр тарқатылып,
Сені ертең ғалым ғылып шығарады
Санаңнан орын алған сан тақырып.



Таныттың ұмыт қалған адамдарды,
Өлі де мәселе көп алаңдарлық.
Марапатын алмаған талай жан бар
Қозғар ірі мәселе саған қалды.
Журналист деп өзінді атап жүрсін,
Талай жанға жақсылық жасап жүрсін.
Ел көңілін қайткенде табамын деп
Жаныңды сан сауалмен қашап жүрсін.
Көкірегің көл-көсір сұрақ тұнған,
Кеуденді тесіп өтпей шыдап тұрған.
Апыр-ай! Кеудең қалай көтеріп жүр?
Іштегі арманыңды жылап тұрған.
Атақ сатып алғандар өріп кетті,
Атақсыз талай жайсаң өліп кетті.
«Айтуға оңай» - тақырып ел қалаған
Экранды бұл күні көрікті етті.
Ұлы ұстазың келгенде жеме-жемге,
Егеменді еліме ере келген.
Тәрбиенің бұл түрін сен еңгіздің
Қайтемін Ұлы ұстаз демегенде.

МӘҢГІЛІК ЖАТАР ОРНЫМ САЛУЛЫ ТҰР

Еңсемді тікте мені құлатпа жыр,
Айналышы суалмайтын бұлаққа бір,
Мәңгілік жатар орным салулы тұр
Қалаға Ақсай деген тұрақтадым.

Өлеңнен күдерімді үзбе менің,
Қиялым алыс-жақын, жүзде менің,
Әлемді жарылқаған газ-мұнаймен
Қаладан Ақсай деген ізде мені.



АНАНЫҢ ТҰҒЫРЫ

Тағдыр маған оң көзімен қарады,
Мен өмірге әкелдім он баланы.
Әрбір бала дүниеге келгенде,
Мақтаныштан жарқырайтын жанарым.

Сәбилердің қылығына мәз болып,
Өтті менің бар ғұмырым жаз болып.
Ой-хой менің сарқылмастай шаттығым,
Көрінетін қанағатым аз болып.

Сәбилердің тәтті иісі, қылығы,
Ана үшін шексіз бақыт мұны біл.
Демекшімін ана атаулыларға,
Ана болу - ананың тақ, тұғыры.

Дей алмаймын ештемеден кем болдым,
Шаңырақтың патшасы да мен болдым.
Айналғанда он баланың анасы,
Лауазымым осал емес - Ер болдым.



**БАТЫР ЖІГІТ,
ҚОШ КЕЛДІҢІЗ АҚСАЙҒА**
(Чемпион Ермахан Ибраимовқа)

Спорт жолы болған емес тақтайдай,
Бір жеңіліп, бірде жеңіп жатпай ма?
Қазақ елін әйгілеген әлемге,
Батыр жігіт - қош келдіңіз Ақсайға.

Батыр жайлы жазылар сан том алда,
Сиднейден абыроймен оралған.
Ермаханын қуанышпен қарсы алар,
Көңілі ауып жолы түскен Оралға.

Аңыз болмақ ғасырлардан ғасырға,
Халқымыздың мәртебесін асырған.
Сәлем бердік бөрліліктер атынан,
Қазақ ұлы Ермахандай асылға.



**ДҰРЫС ЖОЛҒА БАСТАҢЫЗ,
КІМ БОЛСАҢ ДА**

Ұшқанда құс қанаты талатұғын,
Жеріміз ұлан-байтақ далатұғын.
Көлік қой ол заманда ат пен арба,
Жолаушы айлап жүріп баратұғын.
Тұяғы мұқалатын құлагердің,
Жеткенше таусылатын шыдамы ердің.
Ал қазір темір қанат құсқа мініп,
Тәулікте барар жерден шыға келдің.
Жайғасты жаһандану санамызға,
Деп жүрміз көп тіл үйрен баламызға.
Алдыңғы елу елдің қатарына,
Қосылмай біз қатардан қаламыз ба.
Осындай болды қазір ұранымыз.
Белгісіз қайдан барып шығарымыз.
Ойнайды компьютердің құлағында,
Бесіктен белі шықпай ұланымыз.
Жер асты тереңдігін шақырымдап,
Бұрғылап тесіп жүрміз ақырындап.
Қақ жарып қара жерді түтік тарттық,
Мына мен куә болған ғасырымда.
Ал халқым, арандамай абайлаңыз,
Ісінді ақылға сап бажайлаңыз.
Дұрыс жолға бастаңыз кім болсаң да.
Абайлап алды, артына қарайлаңыз.



АНАНЫҢ АЛҒЫСЫ

Зәйтунамның қызы, Жары, алданышы болыпты,
Бүгін гүлім санап тұрсам он алтыға толыпты.
Оң солыңнан Ай-күн тусын - анаңның ақ батасы,
Армандаған алтын балық алдарыңнан жолықсын.

Сені жасқа толғаныңша «Алтын бас» - деп атадық,
Сары шашың шындығында алтын деуге жатады.
Бәріміздің қамқоршымыз - «Алтын басым»
аман жүр,
Саған жаным беріп жүрмін ағыл тегіл батаны.

Мен басымнан өткен жылды санап шықсам
парақтап,
Тәтті ғұмыр кешіппін-ау ризамын жаратқан.
Ұл-қыздарым бір-біріне жаны ашитын бауырмал,
Қорға Алла жанұямды берекесі жарасқан.

Ұл-қызымның тірліктері бір-біріне байланған,
Бір-бірінің жетпестерін бүтіндеуге сайланған,
Алла саған ризамын, қолдап, қорғап жүрсің ғой
Мен бақытты әже екенмін Бәйтерекке айналған.

Ақ батамды Зәйтунама беріп қойғам көп бұрын,
Санап көрсем содан бері біраз жыл мен өтті күн.
Гүліміңнің қызығын көр, қайғы мұңсыз өмір сүр,
Алда жасар ғұмырыңда бақытты боп өт күнім.



ТОЛҚЫНДАР

Каспийдің беті жап-жасыл,
Түнерген бұлттар жаумайды.
Бірімен-бірі арбасып,
Толқындар ғана аунайды.

Толқынның жету мұраты,
Жағаға көбік қалдырып.
Толқынды күтіп тұрасың,
Қарайсың көзді талдырып.

Жағаға көбік шашқанда,
Теңіздің жал-жал толқыны,
Түнерген бұлтқа аспанда
Қарау да тіптен қорқыныш.

Әр түске еніп құбылған,
Теңіздің бетін қарасаң,
Жағаға жетіп жығылған,
Толқындар жал-жал тамаша.

Түнерген сұсты қара бұлт,
Теңізге төніп жаумай тұр.
Жап-жақын тіптен аралық,
Құлайтын таудан аумай тұр.



ТАРИХИ ТҰЛҒА

*Қоғам қайраткері, жазушы-драматург
Алтыншаш Жағановаға*

Бойына Алла талант дарытқасын,
Тарихқа тұлға болып қалыптасып,
Тұлғалы да сымбатты қыз болдыңыз,
Анаңыз уызына жарытқасын.

Білгенге байтақ елміз іргеліміз,
Өмірден көп-ақ түйіп білгеніңіз.
Көзге түсіп, әрқашан топты жарып,
Халықтың сөзін сөйлеп жүргеніңіз.

Сөйлеймін сөзін әр кез ақылдының,
Ұнайды сіңлім сенің батылдығың.
Жазушылық талантың өз алдына,
Журналды шығарасың татымды ғып.

Сүйсінемін көз тігіп сымбатыңа,
Көкірегің жаралған сырға тұна.
Өтінішпен байланыс жасап тұрмын,
Жауап жазып жібергін тілхатшыма.

Алыстан хат жолдамақ аса құнды,
Хат арқылы таныған апаңызды,
Жатса егер тілегім орындалып,
Жаудырамыз соңынан батамызды.

Сөз ұйқасы сіз емес, сенге келді,
Шебері, ақыны саналдым менде елдің,
Бір пұшпағын терінің илеп жүрген,
Бір анасы санаңыз іргелі елдің.



АҚ ЖОЛ
(Немерем Мәдинаның тұсауын кесу)

Алтын жайма төсейін,
Тұсауыңды кесейін,
Қайда барсаң жол болсын
Ер жеткенде есейіп.

Жапырағым, жанарым,
Балапаным базарым.
Қидым ала жібінді,
Құтты болсын қадамың.

Балапаным борықтай,
Тәй-тәй басшы қорықпай,
Ала жіпті қиған соң,
Жүріп кетші толықтай.

Қаражаттан тарықпа,
Өнеге бол халыққа.
Аман болсын Ата-анаң,
Ешқашанда қамықпа.

Тәй-тәй қадам аттаған,
Балапаным-ақ балам.
Лауазымың әрқашан,
Биік тұрсын ақшадан.

Қайда барсаң жол болсын,
Ризығың мол болсын,
Ақ тілеулі әжеңнен
Алар батаң сол болсын!



ЕЛБАСЫНЫҢ АРМАНЫ КЕЛЕЛІ ЕКЕН

Ағылуда халықтар Астанаға,
Қарық болмақ халқы да баспанаға,
Қиындыққа қайыспай қарсы тұру
Өр мінезді лайық жасқа ғана.

Астанамыз әдемі, халқы да жас,
Түсті жастар сан түрлі талқыға да.
Қиындыққа шыдады, шынықты да,
Қызығын да көретін халқы ғана.

Тойлап жатыр тұрғындар жас қаласын,
Мақтанышпен сүйеді Астанасын.
Көз тоймайтын көркіне қанықтырып,
Қала халқы өсірмек жас баласын.

Қала халқы дүрлікті, алаңдады,
Кәрі, жасы тер төкпей қала алмады.
Сан алуан әдемі ғимаратты,
Еңбек етіп күндіз-түн тәмамдады.

Экраннан көрсетіп, тамсандырып,
Жарнамалап әлемге жар салдырып,
Астанаға ағылған халықтарды
Салтымызбен қазақи қарсы алдырып.

Қолымыздан өрелі іс келеді екен.
Еңбек етсең нәтиже береді екен.
Алған ісін жеткізді аяғына,
Елбасының арманы келелі екен.

Орындалды халқының ішкі арманы,
Облыстар шашудан тыс қалмады.
Күн-түн демей орнатты Астананы,
Басшылардың көрінді ысталғаны.



Көп колдады Елбасын, көңіл толды,
Ұқсап кетті Астана ертегіге.
«Су бұрқакка», «Көп гүлге» өңір толды,
Мақтанышпен қарайсың ертеңіңе.

Монғолия, Қытайдан атпен келді.
Бір ай жүріп араға баппен келді.
Шет елдегі қазақтың тектілері,
Жүрек жарды сағыныш ап келгені.

Желбіретіп көгілдір жалауларын,
Жағу үшін сағыныш алауларын,
Ат сабылтып келгендер Ата жұртқа
Таңдап мінген жылқының жарауларын.

Қазақтарға жар салды әлемдегі,
Азабымен жол жүрген дәлелдеді.
Шашу шашып қарсы алған қандасына,
Көкіректен қыстығып Сәлем деді.

Құлағыммен естідім нанасың ба,
Мыңға жуық тілші бар арасында.
Сегіз жүздей шақырған қонағы бар.
Шет елдік бар, бұрынғы Одағы бар.

Мың өліп, мың тірілген, қайран халқым,
Тәуелсіздік тұғырың мықты болсын!
Бақ қонғанда басына сайран салсын,
Ұлың батыр, келінің жүкті болсын!



ӘЛЕМНІҢ ТОҒЫЗЫНШЫ АЙМАҒЫМЫН

Әлемнің тоғызыншы аймағымын,
Осындай жер шарында орыным бар.
Қонақжай мінезім бар жайдарлымын,
Жайылған бұғы-марал қорымым бар.

Көгілдір желбіреген байрағым бар,
Күн аркалап құс қанат жайғанын да,
Көңілім шалқып ала жөнелгенде,
Шаттықтан кеудем кернеп сайрадым да.

Қанатты қос тұлпар мен шаңырақты,
Гербім де көңілімді жадыратты.
Кеудем де күмбірлеген күйге толы
Күй сазын сазгерлерім жамыратты.

Сан түрлі аттары бар тауларым бар,
Шекараға көз жетпес аумағым бар.
Өзенім, көлдерім көп мақтан етер,
Балығы сан құбылып аударылған.

Сан түрлі қазыналы, жерім жұмақ,
Сырым көп айтылмаған менің бірақ.
Ұлттар көп мекендеген жерімізді,
Қазақтың салтанатты елін құрап.

Мейірімді, құшағым кең халық болам.
Маңыма шуақ шашып жарық болам.
Әлемде ойып алар орыным бар
Еңселі қазақ деген Алып болам!



ҚАЗАҚ – МЕНІҢ ӨЗ АТЫМ


Біз қазақпыз пейілдері жарасқан,
Дала жайлап, көші болған көрікті.
Төбемізден төңкерілген кәрі аспан,
Тарихымды көзіменен көріпті.

Аң мен құстың тілін ұққан халықпыз
Ал әуенге уызынан жарыппыз.
Дала жайлап, көкте күнмен сырласып,
Жымыңдаған жұлдыздан сыр алыпмыз.

Көш түзеппіз құс жолымен бағыттап,
Қазақтардан туған талай алыптар.
Танды-таңға ұластырып ән салсақ,
Дауысымыз кетеді екен шарықтап.

Арғымақпен жарысқанда озатын,
Халықпыз біз айға қолды созатын.
Сақ та емес, ғұн да емес, таласам,
Қырғыз емес, нағыз қазақ өз атым.

Мақтанамын, қазақ менің өз атым,
Ұл да тудым ғарышқа қол созатын.
Құшағым кең, қонақ жаймын, салтым бар,
Ол жағынан әлемге үлгі болатын.




МӘҢГІЛІК ЖЫР
(Айсұлуға)

Егер сізге өлең іздеп келмесе,
Мазалайық Айсұлу боп, мен болып.
Тыңда, қарғам, мен сөйлейін ендеше,
Мұнда сізді жоқтап жүрміз ел болып.

Көпті көрген, отты ой өрген сіз бен мен,
Әрқашанда бола алмаспыз болып тең.
Өлең сізді жүрген болса қозғамай,
Үрлеу сөзім кетер, бәлкім, болып ем.

Дұрыс елдің сөзін айттың жасыңда,
Жыр оқыдың тойда, жиын, асыңда.
Айсұлудың өлеңі деп Тұңғышбай
Жаманқұлов әнді шетел асырған.

Ол Тұлға ғой, ірі актер, ойлы адам,
Құрманғазы, хандар болып ойнаған.
«Барып қайт балам, ауылға туған, барып қайт»
Мәңгілік жыр, еш мазмұнын жоймаған.



**ҰРПАҒЫҢА ҰСТАТЫП КЕТ
ЖІП ҰШЫН**

Біз әзірше бұл өмірдің қонағы,
Тарих ертең бізді іздейтін болады.
Біз өйткені, айналыстық мұрамен,
Арамыздан бара жатқан жоғалып.

Уақытында жасамадық салғырттық.
Көп іздендік мұраларды жаңғырттық.
Алдымызға мақсат қойған жан болдық
Біздерде де болған жастық, албырттық.

Бұл сөзіме нанасың ба досым-ау,
Ұрпақтарға айтар ойда осынау,
Ұрпақтардың жалғасарын ойласақ,
Дәмі ащы ізденуден шошымау.

Сен өлерсің, қолың кетер өзіңмен,
Адал еңбек туындайды төзімнен.
Ұрпағыңа ұстатып кет жіп ұшын,
Кезің келер мәңгілікке көз ілер.



ІРІ ТҰЛҒА

(Қоғам және мемлекет қайраткері, халық жазушысы Әбіш Кекілбаевқа)

Әулиелер Ақтауда бұрын болған,
Тыңдайтұғын аңызды уақыт берсін,
Әбіш Кекілбаевтай ұлың болған
Бақытты елсің Маңғыстау, бақытты елсің.


Газ-мұнайды айтпайын, байлығыңды,
Бастан кешкен айтпайын қайғы, мұңды,
Айтсам жетер пір Бекет елі екенін.
Адаймыз деп көрсетер айбыныңды.

Әбіш тек Маңғыстауға мақтан емес,
Әлем танып отырған Ғұлама ол.
Береді Әбіш жақынға, жатқа кеңес,
Әлемге Қазақ атын шығарады Ол.

Кітап жанын емдейді жаралының,
Қыр-сыры көп жазушы азабының,
Жазушылар жетерлік, ал Әбіштің
Мақтанышпен айтамыз даралығын.

Қазақ «Қырғыз» атанды бұрмаланып,
Жамбыл мен Манас қатар тұрғаны анық,
Әбіштің толғауында баяндалды
Қырғыз жайлы Манастың жырлары анық.

Қалың елге Каспийдің бойындағы,
Тілегімді айтпақпын ойымдағы.



Маңғыстаудың өнерін көре келдім,
Атақты жазушының тойындағы.

Әбіш дана қатарын толықтырды,
Бұл жиынға тағдырым жолықтырды.
Даналарды бетпе-бет көріп қалу,
Бакытына риза болып тұрмын.

Ұлы жанды ұрпағым көрсін дедім,
Салтымызға көңілін бөлсін дедім,
Берері мол деп ойлап осы тойдың
Көрсетуді ұрпаққа көпсінбедім.

Бір басына жететін атағы бар,
Бергені мол тарихтың сапарына.
Ойып алар орны бар ірі тұлға
Абай, Мұхтар, Нұрсұлтан қатарынан.

Жер астынан газ-мұнай сорып жатқан,
Келіп тұрмын Оралдың Ақсайынан.
Менің де айтарым бар толып жатқан,
Өнерді қадірлеген жастайынан.

Қазақтың мақтанышы-текті ұлымыз,
Жазуда тоқтамасын екпініміз,
Сізді сырттай сыйлайтын бір оқырман
Тілекші Дәмелі апай деп біліміз.

Тойларыңыз Маңғыстау тойға ұлассын,
Тойшы халқың бұл күні бір жасасын.
Үлкен тойдың атағы ой-қыр асын
Жазушымыз атақты жүз жасасын!



АУЫЛЫҢДЫ АЯЛА ДЕМЕКШІМІН


Кіндігімді өзіңде кеспегенмен,
Сағынышым кеудемде дестеленген.
Көкіректің түбінде тербеткенмен,
Таңғалдыра алмадым ештеңемен.

Өлкесінде Орынбор туылыппын,
Кіндік қаным сол жақта жуылыпты.
Жосалыда туысым қалмағанмен,
Сағынышым демеймін суынып тұр.

Туған жерге өзінді балап келдім,
Ой, қырыңды қиялмен қарап келдім.
Жас-кәрісін ауылдың шансаңыздар,
Тумағанмен туғандай санап келдім.

Ата-бабам зираты «Жаңғазы» да,
Тіршілікте кім жеткен арманына.
Ұл боп тусам қалар ем өскен жерде,
Қыз көнеді тағдырдың салғанына.

Өскен жердей жер болмас жер бетінде,
Анама ұксап кетеді келбетің де,
Ауылыңды аяла демекшімін
Ауылдасқа төсіңде тербетілген.



**«БӨРЛІ ЖАРШЫСЫ»
ЖУРНАЛИСТЕРІНЕ**

Ағыл тегіл ақынға беріпті арман,
Ақындық та бір дерт қой ерікті алған,
Әне-міне дегенше жыл айналып
Журналистер күні де келіп қалған.

Бұл ұжыммен таныспын көптен бері,
Бірге өтіппін он үш жыл өткелдерін.
Басымды ием киелі шаңырағым,
Ақын болып жырымды төккен жерім.

Алқаңызды әрқашан құрметтедім,
Кімдер келіп ұжымға кім кетпеді.
Көк жолақты мен үшін ашып қойдың
Көңілімді ешқашан кірлетпедің.

Лауазымың төртінші билік болсын,
Денсаулығы ұжымның мықты болсын!
Қаламыңыз әрқашан жүйрік болсын,
Журналистер күніңіз құтты болсын!



ӘКЕМ СОҒЫС ҚҰРБАНЫ

Зарыға күткен қызыңмын.

Артыңда қалған ізіңмін

Жеңіс күні таялды

Көңілім тағы бұзылды.

Аз болған жоқ арманым,

Өлгеніңе нанбадым,

Тірліктегі тұяғың

Өзің бола жаздадым.

Өзімді көп қайрадым,

Мақсатымнан таймадым,

Жылдар ұзаған сайын

«Жан Әкем» деп сайрадым.

Тек жатқызбай молаңда,

Аруағыңды аунаттым.

Місе тұтпай оған да,

Жаумен іштей жауластым.

Кетсең дағы сағындым,

Жарты ғасыр алыстап.

Тағдырыма бағындым,

Күшім жетпей алыспак.

Күдерімді үздірді,

Алпыс жылдан асқасын.

Қазанды анық білдірді,


Түсті талай басқа сын.

Қабіріңді іздеуге,

Дауаламай тұр жүрек.

Намысымды үрлеуге,

Денсаулық тұр үлбіреп.



Қан қысымым жоғары,
Жолға шығу қиындау.
Қалай етсем болады?
Шықпай қойдың миымнан.

Сағынышым дестелі,
Іздемесем кеш мені.
Бір алланың қолында
Тағдырымды шешпегі.

Міне, ұлы Жеңіске,
Алпыс бес жыл таялды.
Жоқтауыма келіссең,
Бермейсің бе аянды.

Қуат құйып бойыма,
Елестеші көзіме.
Шабыт беріп ойыма,
Демеу болшы өзіме.

Батырлардың жұрнағы,
Әкем соғыс құрбаны.
Ұрпағымын мен оның
Тұяғымын тылдағы.

ӘКЕМ ЖАЙЛЫ БІР ДЕРЕК КҮТІП КЕЛЕМ

Уақыт емші, жан-жарам бітіп келед,
Жазылмай жүр өлеңмен үтіктеп ем.
Елу алты жыл толды жеңіске де
Әкем жайлы бір дерек күтіп келем.

Ойламадым ұмыту амалдарын,
Сезбей өстім әкедей қамал барын.
Отан үшін, мен үшін құрбан болдың,
Есіміңді өшірмеу, бар арманым.



Өсіп-өндік, есейдік. толыстық та,
Өмір сүрдік жок-жұтаң тар кезеңде.
Жетімектер әкесін соғыс жұтқан,
Алға үмітпен қарадық әр кезеңде.


Арманым бар жетерлік бір адамға.
Ала алмаған өмірден сыбағам бар.
Бәрі сенің жоктығың деп ойлаймын,
Көкіректен қыстығып жылағанда.

Қиындық бар қай жерде сұрандық біз,
Жұмыс десе білекті сыбандық біз,
Соғыс кезі әкені сағынғанда
Папалап әнге қосып жұбандық біз.

Әкеңменен полктас болдым десе,
Бір окопта сан рет кондым десе,
Сол атаны оллаһи әке қылам
Өз қолымнан жер қазып көмдім десе.

Хабар күтем бір жерде тірі жүрсең,
Өлі болсаң бақыл бол, қалай ғылам.
Санамаймын өлдіге бұны біл сен
Оралмаған соғыстан талай қыран.

Қайғым қалай қайталап оянбайды,
Әкем орнын көңілден жоя алмаймын.
Әкемізден бір дерек табылғанша,
Жоктауыма мен нүкте қоя алмаймын.



АҒА ДАҢҚЫ ӘЛЕМГЕ САМҒАЙ БЕРСІН!
(Қадыр Мырза-Әлидің 75 жасына арнау)

Жиынтығы ақыл, ой парасаттың,
Ол алдына жан салмай дара шапты.
Үзеңгі қағыстырып кім келеді,
Менің осы бағама таласад кім?

Биіктігі келеді таңғалдырып,
Таланттарды биікке қармандырып,
Көп оқысын Қадырды, көп ізденсін.
Биіктікті жүргендер арман қылып.


Бойлатпайды түбіне тереңдігі,
Куә болып осыған келем бүгін.
Бұлақ, өзен шалқарға айналды да,
Кетті айналып Мұхитқа өлең бүгін.

Озық ойлы ағаны көре алмайды,
Өлеңіне бағасын бере алмайды,
Іштарлықтан біреулер құса бопты,
Пендешілік шындықты жеңе алмайды.

Орынымен төгілді сөз жүйелі,
Көрінбейді ақылдың көк жиегі,
Қазынаның мұртын да шақпаған жан
Өз қандасы ағаның, өз жиені.

Көзге шұқып біреуді отырғам жоқ,
Көп өлеңі әлі де оқылған жоқ.
Келеді оның ғасыры алдымызда
Оқып жүрмін біразын, опынғам жоқ.

Тіліміздің ағамыз қазынасы,
Түсінгенге айтылды базынасы.
Қайдан оқы, ағаның өлеңдері
Санап көрсең санынан жаңыласың.



Ғасырлардан ғасырға талмай желсін,
Тұлпарының тұяғын тағалайық!
Аға даңқы әлемге самғай берсін,
Тірісінде көзінің бағалайық!

ШЫНДЫҚ ОСЫ


(Айтыскер, ақын Бауыржан Халиоллаға)

Бауыржан, бала кезден атың шықты,
Халқыңа мойындаттың ақындықты.
Ақсайға келіп айтыс өткізетін,
Балам-ау қайдан алдың батылдықты?

Халықтың сезіп пе едің жиналарын,
Тиіссең тіл жағына қиналамын.
Жеткізіп жетемізге сын айтсаңыз,
Тағы бір абыройды жинағаның.

Өткір сын бұл ауданға керек боп тұр,
Ана тілін сыйламау дерек боп тұр.
Халқының көпшілігі ауызданған
Өзге тіл сөз етуге себеп боп тұр.

Кабель мен табақ қойып алған елміз,
Ана тілде сөйлеуден қалған елміз,
Хабар мен Ел арнаны қоспайтұғын
Сайрайтын өзге тілде «Заржак» елміз.



Сынай бер, тағы сына шындық осы,
Таңғалма не деп жүр деп мұндық осы,
Өзге тілдің алдында жорғалаймыз
Тоқтаусыз жалғаспақ па құлдық осы.

Ақсайдың сөз етсеңіз жетістігін,
Қолында газ-мұнайдың тетік бүгін.
Меңгерген екі-үш тілді тұрғындары,
Жастары шет тіліне жетік бүгін.

Спорт пен би жағынан алда жүрміз,
Оқуда біріншілік санда жүрміз,
Табысты шет елдік пен салыстырсак
Біршама төмен алып жалға жүрміз.

Қылжисак қырық-елуде таңғалмаңыз.
Осылай қол созып па ек арманға біз.
Газ бен мұнай байлықтың көзі десек,
Ажалдың өзі десек арланбаңыз.

Осылай сұрасаңыз жағдайымыз,
Күйіп тұр күлбіреп тұр таңдайымыз.
Бұл жағын да басшылар ойланар деп,
Шыдаммен күтіп жүрміз арнайы біз.




ҚАС ШАЙЫРЫ БАТЫСТЫҢ
(Мэлс Қосымбаевқа)

Есінде ме, газеттен тіл қатқаным?
МЭЛС балам үмітімді ақтадың.
Кездесе де талай рет кедергі,
Бойыңдағы хас өнерді баптадың.

Ол бастан-ақ айдын-шалқар көл едің,
Каспий көлі толқынындай өлеңің,
Түбі терең мұхит болып барасың,
Бас бергізбей көңілдің көк дөнені.

Талай жерді аралап дәм татыстың,
Талай мәрте айтыстарға қатыстың,
Талай рет намысымды қорғадың,
Хас шайыры ұланғайыр батыстың.

Сені халқың қыран ақын атайды.
Қанатыңның қауырсыны қатайды.
Сан ғасырдан сөз маржанын аулаған
Біздің МЭЛС та сыр жасайды.



ЖЕЛЕ-ЖЕБЕ!

Дейтін сені «Азамат қой сымбатты»,
Сен алыстап бара жатсың қымбаттым.
Көз алдыма елестетіп тұлғанды,
Бүгін тағы рухыңа тіл қаттым.

Сенің орның жүрегімде, киялда.
Сені еске алып сағынудан ұялман.
Біраз болды сенсіз жүріп жатырмын,
Біз екеуміз өмір сүрген ұямда.

Сағынышты жүрегімнен өткізем,
Айтшы маған, саған қалай жеткізем.
Үндемейсің, алмайсың ба сырласып,
Сенен асқан сырласым жоқ деп білем
Телефонмен Надеждамен сырласам,
Ескі дос қой және құрдас шындаса.
Елді айтамыз, жастық шақты қозғаймыз.
Солай достым Үмітпен көп мұңдасам.

Үміт өзің құда түсіп барған қыз,
Замандасың Мақсот ағай алған қыз.
Сексен оның денсаулығын қозғап жүр,
Дәрігерге қаралып жүр армансыз.

Орыс-қазақ арасынан шыққан қыз,
Айтарыңды қабағыңнан ұққан қыз.
Ташаева Надежданы білсеңдер

Ақылды ұстаз-жар таңдаудан ұтқан қыз.

Сырлас жоқ деп айтпайыншы күпірлік,
Үміт бар деп етем кейде шүкірлік.
Зейнетақы алып жүрміз біршама,
Жетіп жатыр қаражатқа күтімдік.



Ескі достың орны мүлдем бөлек қой,
Жастығыңды қозғайтұғын дерек қой.
Екеумізді желе-жебе жай жатпа,
Қосағыңмын, қолтығымнан демеп қой.

АУЫР ӨНЕР

Өлең шықпақ ұшқыны күйдіреді,
Қуатыңа басыңды идіреді.
Өлең сен, мен, ол және барлығымыз,
Айтарыңды қозғаса жанды жыры.
Шын иесі өлеңнің ақын аты.
Ол оқ дәрі - мезгілсіз атылатын.
Өлең азап - өзінді кеміретін,
Қинағанда жаныңды егілесін.
Өлең - у, шыбын жанды қинайтұғын
Өсекші шекараға сыймайтұғын.
Өлең – емші, дұшпанды табыстырған,
Жігер, қуат - өн бойы намыс тұнған.
Өлең - аяз, жаныңды қалтыратқан,
Дуалы сөз, құралған сан сұрақтан.
Өлең - дұшпан құзға да лақтыратын,
Жауыңды дәл қасыңнан таптыратын.
Өлең – шуақ, нұрына жылынатын
Өлең – самал, сан түрлі құбылатын.
Алай-түлей ететін өлең дауыл,
Өн бойыңнан өтетін өнер ауыр.



ҰЛЫ ТОЙДАН БАСТАУ АЛДЫ ЖЫЛ БАСЫ

Хош келдіңдер қырандары Жайықтың,
Әрқашанда мақтануға лайықты.
Үлес қосқан ел мерейін үстеуге,
Батырларды қарсы алмасак айып бұл.

Қалай өтті шығар күн мен батар күн,
Қандай екен салтанаты Шаһардың?
Көк байрақты желбіреткен сіздерді,
Алда талай мақтанышпен атармыз.

Алдарынан ешкімге орын бермеген
Қарсыластар өздеріндей пенде ме?
Жеңіс сайын биіктеді еңсеміз,
Қалай ғана мақтанбаймын мен неге?

Екі, үш, төрт боп сырғи берді төменге,
Қиынырақ соққан болар ол елге,
Атын атап намысына тимейін,
Ұл-қыздары жандар еді өлермен.

Жеңімпаздар сайраңыздар ар жағын,
Қуаныш қой жеңіп жүлде алғаның.
Алда талай асулар тұр алатын,
Көгімізде қырандардай самғағын.

Спорт - жігер ел мерейін асырған,
Өздеріндей туа берсін батырлар.
Өсіп келе жатқан шығар ортада,
Сырым батыр, Махамбеттей асылдар.

Жайлап басып жалпақ алған Қазекем,
Қынжыларым, қара көздер аз екен.
Мақтанарым ұлан-байтақ елі бар.
«Қазақ» деген намысты ел бар екен.



Бағыт сілтеп жанып тұрған Шырағдан,
Қара көз ер - қазақ атын шығарған.
Жер адамы айналғанда қыранға,
Ер атағы айналады ұранға!

Көк байрағым желбіресін көгімде!
Алшаң бассын сайып қыран елімде!
Ұлы тойдан бастау алды жыл басы
Тәуелсіздік нық орнасын өмірге!

Ата берсін талай таңдар күлімдеп,
Қара көздер көбейер деп түбінде.
Осы өлеңді өздеріне жолдадым,
Алдарыңнан алып шыққан «гүлім» деп.

ИНЕМЕН ҮЙ ТҰРҒЫЗДЫМ

Астанадан тіл қаттым халқымызға,
Үлес қостым біршама салтымызға,
Құдық қаздым инемен үй тұрғыздым,
Мұра болып қалсын деп артымызға.

Айтуға оңай, іс тігу қиын бірақ,
Бар жасадым, жоқ заттан тиын құрап.
Мені неге басып жүр, қызғаныш па?
Осы араға жетпей жүр миым бірақ.

Жасағаным татыды таңдайыма,
Қиындықтың шыдадым қандайына?
Адал құлы Алланың мен болғаным
Туа сала жазылған маңдайыма.



**ҚАДЫР МЫРЗА-ӘЛИ
ҰСТАҒАН ҚАЛАМСАП**

Басталғанын көргенім жоқ, кеш қалып,
Сіз жайында кеш өткізді «Кеш жарық».
Сізді ажалға қимай жүрген кез еді,
Жанарымнан жас ағылды, еске алып.

Бірін оқып, біреуіне ауыстым,
Жырларыңның көбін оқып тауыстым.
Сен ұстаған қаламыңмен ағатай,
Сенің қырқың болған күні қауыштым.

Аға сізге ризамын, молынан,
Аттамапсың уәде еткен жолынан.
Қаламыңды алдым аға елінде,
Кенже балаң Газизжанның қолынан.

Сағынышты ақ қағазға ақтардым,
Қаламыңды қол қоюға сақтармын.
Әрі жерлес, әрі оқырман рөлін,
Қазанызға қайғырғанда атқардым.

Сөзбен айтып жеткізуім мүмкін бе?
Арамызда жоқсың аға бұл күнде.
Жоқтағанда туғаныңдай жоқтасам,
Жанарымда жас тұрады кілкілдеп.

Рухыңа жүгінгенді қолдадың,
Отаныңа сен борыштар болмадың,
Мына мен де хабарластым өте кеш
Кітабыма алғы сөзді жолдадың.

Телефонмен өлең оқып, мазалап,
Көңілімді алатынмын тазалап,
Қоштасатын кездің таялғандығын
Сезгендей-ақ тілесіппін ғажап-ақ.



Сағыныштар жылдан жылға асқынар,
Әлі талай жанарларға жас тұнар.
Өзін ақын санап жүрген немерем
Кәмилама қаламыңды тапсырам.
Ескендірдің әні менен мәні бір,
Бұл өлеңді шырқатып жүр ғаламшар.
Сөзін жазған «Атамекен» әнінің
Қадыр Мырза Әлі ұстаған қаламсап.

ШАПАҒАТ ШАШҚЫМ КЕЛЕДІ

Уайымшыл пенде емеспін,
Үмітпен алға қараймын.
Бақытты болған себепті,
Кеудемнен шуақ тарайды.
Шапағы өткір сәулемді,
Шашқым-ақ келіп тұрады.
Бақытты сүрген дәуренім,
Көңілім сергек, қырағы.
Төбемде күнім тұрғанда,
Асырар мені Жер анам.
Тәңірге тәуба кылғанда,
Рахаттанып дем алам.
Көгілдір аспан тұрғанда,
Жұлдыздар самсап, ай күліп.
Бақытты жанмын бұл маңда,
Отаным асқақ айбыным!
Шапағат шашқым келеді,
Өлеңім жазған келелі.
Оқырмандарым мән берсе,
Ойлаймын бар деп берері.



«ЕСКЕРТКІШ» – «МҰРА»

Жан әкетай, асырдым ойымды ақыр.
Сенің қаның әзірге бойымда тұр.
Сенің атың жазылған мәрмәр тасқа
Ұрпақтарың гүл шоғын қойып жатыр.
Жетегіне ілесіп үмітті, ойдың,
Алпыс жеті жыл өмір сүріп қойдым.
Өз қолымнан оюлап тірлігімде
Саған арнап «Ескерткіш» тігіп қойдым.
Маған керек болған жоқ мансап-атақ,
Жетпес еді, таласса баршаға тақ.
Ұлдың орнын толтырған қызың болдым,
Дәмелі деп қойыпсың жаңсақ атап.
Ою-өрнек бабалар қалған сізден,
Өтті ғұмыр кеудеме арман тізген.
Он бармақпен тігілген «Ескерткішім»,
«Мұра» болмақ ұрпаққа қалған бізден.
Қасіретті соғыстың өткен елес,
Көз алдымнан тізіліп кеткен емес.
Түсінігі өмірден бар адамдар,
Азалапты әкесін текке демес.
Талай таңды атырдым, күн батырдым,
Бәлкім қызы шығармын бір батырдың.
Кімнің қайда қалғанын кім біліпті
Жұрнағы да қалмапты бір хатыңның.
Мені күтіп жүріпсің ұл ма екен деп,
Мен де күттім сен тірі жүрме екен деп,
Ұл де, қыз де атыңды аяладым
Кеуде деген бесікке жыр мекендеп.



ОЛ – ДӘРІГЕР

(Истаев Рафхат Әжигерейұлына)


Зор жақсылық еткен жан бар халқына,
Әрбір адам бұл өмірдің қонағы.
Айталықтай із қалдырған артына,
Рафхатпен мақтануға болады.

Шам жарығы түспейді екен түбіне,
Жұрт көбіне білмейді кім-«Ірілер»?
Көкірегін көтермейтін бір жанды
Теңер едім Рафхаттай ініме

Бір әулетті дерігер ғып шығарған,
Шаңырағы көп адамнан құралған.
Барлығын да ұстап отыр бір уйде,
Мұндай болу азаматқа бір аман.

Ірі тұлға, өнегелі тәлімгер,
Мұндай жанды біле жүргін бәрің де!
Алпыс бестің асқарына шықса да
Бауырымыз жас көрінді әлі де.

Ол елінің мақтан етер баласы,
Біреулердің ол құрметті ағасы,
Ол дәрігер-немеренің атасы.
Үлкен әулет тауып тұрған жарасым!



Шүберекке жанын түйіп келгендер,
Сауығып ап, үйлеріне қайтады.
Ал соңынан дәрігер боп ергендер,
Болышаққа аңыз ғылып айтады.

Мойынымда жүр еді бір қарызым
Алғыс айтып кету еді парызым.
Бір әулеттің жанұясын үлгі етіп
Әр ортада айта жүрер аңызым.

ЖАЙЫҚТА НАЗГҮЛ ДЕГЕН ҮР ҚЫЗЫ БАР

(дәрігерім Назгүл Маратқызына)

Назгүлдей дәрігерді кім біледі?
Бұл заманның кәдімгі Қыз Жібегі.
Жаныңды жадыратар мінезі ме?
Назгүлге бұрып тұрад кіл жүрегім.

Көркіне мінезі сай жаратылған,
Қыз мүсін қатарынан дара тұрған.
Атыраулық анасы Алтынайдың,
Даусы бар естілетін ана қырдан.

Жаныңды жадыратар мінезі бар.
Мейірімді анаға тән жүрегі бар,
Өзіне емделуге келген жанға
Жүрекке жайлы тиер тілегі бар.



Назгүлдің маңдайының жұлдызы бар.
Өзімен қатар өскен ұл-қызы бар.
Атыраулық әнші сіңлім Алтынайдың
Жайықта Назгүл деген үр қызы бар.

Назгүлдің қандай екен отағысы?
Беймәлім боп тұр маған осы арасы.
Қыз Жібектің жарына айтар тілек,
Мәңгіге берік болсын босағасы!

БІЗ ЖЕҢДІК БҮГІН ТАҒЫ ДА

Хоккейшілер бүгін орын алмасты,
Қазақстан мен Америка боп алмасты.
Жапалақтап қар төгіп тұрды көк аспан,
Көк мұздың бетін ақ ұлпа ақша қар басты.

Қарамай қарға бәсеке тағы басталды,
Қызықтап бақтық аспаннан жауған ақ қарды.
Шаң қауып қалды, қарсылас жағы сүрінді,
Біздер жақтан артық доп талай тасталды.

13:3 боп біз жеңдік бүгін тағы да,
Біздерде жеңіс-айбынды елдің бағына.
Жанкүйерлердің қуаныштары жалғасты,
Қуандым мен де, барады жағып жаныма.

30.01.2012 жыл.



**АНА ТІЛІН БЕС САУСАҚТАЙ
БІЛІП АЛ!**

Тіл арқылы тарихымды таныдым,
Тіл білген жан тұнып тұрған тағылым.
Тіл-ол сенің байлығың мен иманың,
Тіл-айнасы тура адам жанының.

Тіл білген жан қазынаның қоймасы,
Тіл-ол сенің айнымас дос сырласың.
Тіл- ол сенің өміріңнің азығы,
Әрбір адам тілдің қамын ойласын.

Тірі тілдер мемлекет құраған,
Тіл қазынаң,кілтін тапсаң- жыр алаң.
Тіл қаруың сан ғасырға жалғаған,
Тіл атасы –адам және ұлы адам.

Кімсің өзің таныласың сөзіңнен,
Тілді меңгер,үйреніп бақ төзіммен.
Тіл таппасаң сөйлескенде біреумен,
Тіл байлығың жетпегені өзіңнен.

Тіл дегенің байлық көзі білгенге,
Тіл білмесең дұшпаныңда іргенде.
Ана тілін бес саусақтай біліп ал!
Есінде ұста, тіл қадірін кеш білме!
Сайрап тұрсаң,сайрай бер сен бес тілде!



ЕЛ КУӘ

(Алынбаған баспана)

Үй беріп менің жайымды қарастырмай ма?
Халқым-ау айтшы, не дейсің енді мұндайға?
Оған дейінгі аржағын айтып қайтейін
Қырық жыл еткен еңбегім бұған тұрмай ма?

Жетпіс бес жылғы еңбегім текке кетпейді,
Айыптай көрме, оқырмандарым, тек мені.
Еңбегім көзге көрініп жатыр ел куә,
Қолдайтын мені құлаққа үнім жетпейді.

Сұмдық қой менің баспанам жоқ деп шағыну,
Жүріп алғанмын қолымнан келмей жағыну.
Шынымды айтсам кей кезде көзсіз батырмын,
Келмейді бірақ, қолымнан менің жалыну.

Үш-төрт жыл болмай ауысып әкім тұрады,
Құқығым бар деп кезексіз үйді сұрадым.
Ақысыз, пұлсыз телефон, жылу, газың бар.
Жиырма жыл бойы қыздардың үйі тұрағым.

Кезексіз үйді алып жатыр ғой әркімдер,
Жүрегім шаншып, ұйқысыз өтті әр түндер.
Лайық па маған, талқыға салып көріңіз,
Шешімге келер кез келген жоқ па әкімдер?



ҰСТАЗДЫҚ – БИІК МӘРТЕБЕ!

*(№3 орта мектептің директоры
Надежда Шығанаковаға)*

Үмітпен алға қарадың,
Депутат келін жарадың!
Атқарып жүрген жұмысың
Шәкіртке дарып қалады.

Қазақтан жарды таңдапсың,
Атқардың жұмыс жан-жақты,
Кең пейіл елге қазақтай
Келін боп мәңгі қалмақсың.

Атқардың жұмыс татымды,
Орыстың қызы ақылды.
Қазаққа келін болған соң
Үміт деп жүрмін атыңды.

Биіктей берсін беделің,
Толыға берсін кемелің.
Рухың болсын жоғары
Үміт, мен сізге сенемін!

Ұстаздың жолы – бұраң жол,
Күреспен келер әр кезең.
Ұстазым – міне, бақыт сол,
Ұстаздық – биік мәртебе!



МАҚТАНУҒА БОЛАДЫ

(Ақұштап Бақтыгерееваға)

Мақтан етер ұл-қыздар бар,
Қазақ деген халықта.
Асып туған бір қыздар бар,
Соның бірі Ақұштап.

Жаны нәзік, сезімтал жан,
Жаратылған жасыннан.
Жас-кәрілер, өрімталдар
Табылады қасынан.

Аяулы жан, ақын ана,
Жеткілікті атағы.
Халқы ерте берді баға,
Жырмен таңы атады.

Ақұштаптай ақын қызбен,
Мақтануға болады.
Көп жұмысты батыр қызбен,
Атқаруға болады.



ДАРИҒА ҚЫЗ АЙРЫҚША ДАРА ТҰЛҒА

Ұзақ жолда келеді басып алға,
Дариға қыз ерекше дара тұлға.
Туа біткен қайсарлық қасиет бар,
Жүк артқанда қайыспас қара нарға.

Мықты болды ол өзін сындырмады,
Көз алдында халқының тындырғаны,
Алла оған ерекше дарын берген,
Ән салғанда дауысы сыңғырлады.

Айтары бар қақ жарып қара қылды,
Тәжірибе жинаған ана болды.
Кесіп айтар әділжан керек шығар,
Халқымызға көрсетер сара жолды.



ЖҮРЕКТЕГІ ТҰРҒЫНҒА ХАТ

Жүректе тұрған тұрғыным,
Қадірің өтті-ау бұл күні.
Кеудемде сайрап тұратын
Шырқайды сирек бұлбұлым.


Тамырың кетті тереңге,
Айналдың өзің еменге.
Көзіме елестемесең,
Көнбейді өлең дегенге.

Кеудемде қалдың тұрақтап,
Елес боп кеттің бірақ та.
Елу жыл жұбын жазбаған
Жұбайыңмын ғой құжатта.

Санамнан неге шықпайсың,
Кіресің түске тіпті айқын.
Оқып ап жазғандарымды,
Сен жоқсың бүгін құптайтын.

Өз тілін білу азап боп,
Өзге ұлттарға мазақ боп.
Өзге тілде сайрайтын
Арамызда қазақ көп.

Жан айқайың жетер ме,
Әлде сөзім бекер ме?
Халық, ойлап қарасам,
Еліктеуде шетелге.



Жүректің жайған сырларын
Оқылмай жатыр жырларым.
Оқырманымның бірі едің,
Сен неге жүре тұрмадың?

ЖАС ОТАУҒА ТІЛЕК *(Қайырбек пен Алуашқа)*

Зор дауысты әншіміз әлемдегі,
Еліне Мұхит баба сәлем бердім.
Шырқатып Мұхит баба өлеңдерін,
Аралап шар тарапты дәлелдедік.

Сырым баба елінің тегін көрдім,
Қадыр Мыра Әлінің жерін көрдім.
Бұлдырты Исатайдың жаз жайлауы,
Алуаш атақты елге келін болдың.

Сенімін келген жердің ақтағайсың,
Жарыңмен ата-анаңды бапбтағайсың.
Иіліп жас кәріге сәлем етіп,
Қазақтың салт-дәстүрін сақтағайсың.

Екі жас жақындатты арамызды,
Асырар жандар болғай бағамызды.
Екеуінде дәрігер екенсіңдер,
Сыйлаңыздар ата менен анаңызды.

Орал қаласы 30.10.2015ж



КІТАП

Сенің ең көп оқырманың мен екем,
Зеріккенде сеніменен кеңесем.
Ақылшым да, сырласым да өзіңсің
Мені өзіңе көп тартасың өзің сен.

Қандай ғана сиқырың бар тартатын,
Сені оқимын жіберсең де шаршатып.
Жасырынған түкпіріне жүректің
Көп түйінді жібересің тарқатып.

Кітап сенен қол үзетін жерім жоқ,
Менің сенен ажыраған күнім жоқ.
Көп оқысам көкірегім кеңейіп,
Кеудеме сен құйыласың білім боп.

ЖЕР-АНАМ

Суарып алып көзімді,
Тыныштандырам өзімді.
Шын жүрегімнен арнаймын
Жер-Анам, саған сөзімді.

Қиялыммен аралап,
Ақыл-ойыммен саралап.
Сен анамсың деп түсінем
Айтатын болсам даралап.

Алатын жерім Жер-Анам,
Баратын жерім Жер-анам,
Жабырқауымды жазатын,
Жаныма өзің сеп анам.



**КӨК ТУДЫ АЛТЫ РЕТ КӨТЕРДІ,
ӘН ҰРАН АЛТЫ РЕТ ШЫРҚАЛДЫ**

Білсеңіз – Лондонда жанарым,
Спортқа жанкүйер анамын.
Қазақтай кең пейіл халықтың
Атағы аспандап барады,
Жанкүйер болуға жасандым,
Мен бүгін алты есе жасардым.
Алтыншы алтынды алғанда,
Шаттықтан жанарға жас алдым.

Спортшы ұл-қыздар жарап тұр,
Илья палуан талапты,
Тағы да, тағы да Илья.
Әлемді аузына қаратты.
Көк туды алты рет көтерді,
Шапалақ соғылды нөсерлі,
Ольгалар жеңісті жаңғыртты,
Қуаныш дегенің осы енді.

Елбасы жанкүйер білемін,
Сыбанып кірісті білегін.
Батырдың бәріне риза,
Қолына ұстап жүр жүрегін.
Әлем боп, ел болып қолдаймыз,
Спортшы ұл-қыздың жеңісін.
Алыстан мың сәлем жолдаймыз,
Соңынан терерсіз жемісін.



ТҮРКІСТАНҒА АРНАУ

*(Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми конференциядан
соң, фестивальда әнші А. Сейтенова орындаған.)*

Мен қалай шаттығымды жасырамын,
Келгенше тәу етуге асығамын.
Ахмет Яссаудің жатқан жері,
Түркістан киелі жер даңқы мәлім.

Әлемге мәлім сенің салтанатың,
Көрген жан таңдай қағып тамсанатын.
Әлемнен ағылған жұрт тәу етуге,
Ақтығын тай қазаны бар салатын.

Бұл жерде даңқы биік Баптар жатыр,
Әлемге дәлелдеген Сақтар даңқын.
Салдырған Ақсақ темір ғимаратын,
Сыры көп ашылмаған ақтаратын.

Елбасын қайтадан біз сайлап алдық,
Жағдай бар көңіліміз жайланарлық.
Бес ғасыр жарым хандық құрған кезде,
Ат жегіп, өгіз жегіп қайда бардық.

28.04.2015ж.



ҚАРА ӨЛЕН

(Дәмелі Құсайынқызының анасы Бәтіш Есенбаеваның орындаған қара өлеңдерін өз аузынан жазып алып жеткізген немере келіні Тойдық Башарқызы)

Самаурын шәй қайнаттым алтын тұтқа,
Сыбанып ақ білекті шықтым сыртқа.
Шәй салсам бір қадақ шәй бүтін салдым,
Шықсын деп мырза атағым бүкіл жұртқа.
Үстіне боз қырқаның тіктім күрке,
Ауылым өрді жайлап қонады үрке.
Бұл тойды біз бастамай кім бастайды,
Ежелден бастап жүрген біз бір серке.
Жіп пе екен,жібек пе екен жағаларың,
Мыс па екен,күміс пе екен доғаларың,
Сәтіне сәрсенбінің той тойлапсыз,
Тойларың тойға ұлассын ағаларым.
Қара нар қартайғанда қалып жеген,
Жусанды бетегелі шалып жеген.
Қыздары біздің жақтың қандай әсем.
Қымызға қойдың етін малып жеген.
Жүгірген қойдан қойға көзгіл қойым,
Бұралған тал шыбықтай өзім бойым,
Секілді кескен картоп сенің бойың,
Тұрады қай жеріңде ақыл ойың?
Ақ бәтес әдірә қалғыр ауыр киім,
Орамал орай тартқан тәуір киім.
Алланың хақ бұйрығы болғаннан соң,
Кеттік қой әке-шеше тастап үйін.
Жұмыртқа аппақ-аппақ кір болады,



Мен кетсем апам қызы кім болады?
Өсірген сылап-сипап қайран апам,
Төсегін қағып, сілкіу мұң болады.
Қой жатыр саздау жерде сабыр тұтып,
Киеді ләмпөк бешпент белін қытып,
Кешегі үйден кеткен ақ өресім,
Жүр екен қай жерлердің суын жұтып?
Жылқысы біздің елдің қай жақта жүр,
Қара етік мың теңгелік аяқта жүр.
Кешегі үйден кеткен ақ өресім,
Жаутаңдап екі көзі қай жақта жүр?
Ауылдың ақсакалы Сұлтансыйық,
Төбетей қызыл мақпал сегіз қиық,
Әкеме қызда болсам ұлдай едім,
Беріпті енді неғып көзі қиып.



БАТЫР ЖАЙЛЫ ТОЛҒАУ

*(Жеңістің 65 жылдық тойына,
Абдолла Жұмағалиевке арналады)*

Сен оқыған мектептің түлегімін,
Соғып тұрған Қоңырдың жүрегімін.
Жетпіс бесте тойыңа өлең оқып,
Тоқсан бесте жыр жаздым міне бүгін.

Қиялымда мүсінің алып тылсым,
Сенің батырлығыңды халық білсін.
Майдандағы ерлігің таңғаларлық,
Алау болып мәңгілік жанып тұрсың.

Анталаған жауыңа оқ боратып,
Жауды жайпап салыпсың жақындатып.
Жанып тұрған намысың шоқ болатын,
Автоматтан оқ аттың лапылдатып.

Қаймықпадың, көрсеттің ыждаһаттық,
Үсті-үстіне лақтырдың гранатты.
Жауды солай жусатып көз алдында,
Із қалдырдың ұрпаққа ұлағатты.

Айтылып жүр жыр болып сарбаздығың,
Өлең оқып жалындап, жыр жазыңыз.
Окитын ең ортаңда отты өлеңді,
Жасамыс боп жасыңнан бүр жардыңыз.

Білім алған ортаңнан сабақ алып,
Өлеңдерің қырланды жаңаланып,
Мұхтар Әуезов ағаң қолыңды алып,
Үлгеріп ең жасыңнан бағаланып.



Талай ақын көзінді көріп қалған.
Көпшілігі бұл күнде өліп қалған.
Ғұмырынды сұм соғыс қиып түсіп,
Күні жетпей күйреген көрікті арман.

Сен туралы жыр – дастан қалыңдасын,
Абдолла аға, сен елдің жадындасың.
Сенің туған еліңнен болғасын да,
Абдолланың атандым қарындасы.


Ерлігіңді білгенде шаттанды жан,
Есіміңді әр кезде мақтан қылам.
Қаймықпаған жауынан батыр жайлы
Оқып жатыр тарихтан жастар мына.

Жаның тұрды ұшында ұстараның,
Қалам және автомат ұстағаның.
Өшпес өлең ерлікпен жазып кеттің,
Ерлігіңді өлгенше ұстанамын.

Қазақтан бір сұлу жар табылмапты,
Корей қызы артында жарың қапты.
Сол арудың ішінде кеткен бала
Ағамыздың уайымын қалыңдатты.

Қаһарлы түн. Сен қалдың тосқауылға,
Оқ, қалқан боп жауынгер, дос-бауырға.
Жанған үйдің шатыры опырылды,
Қаймықпады жау үйге от салуға.

Қайдан іздеп табамыз тұяғынды.
Жүгіртемін сан-саққа қиялымды.
Қыз ба, ұл ма? Жүр ме екен Кореяда?
Алмадық па жоғалтып зиялы ұлды?



Александра! Қайдасың, үндесеңші?!
Сені жатырқамаймыз, бізге сенші.
Ұл ма, қыз ба тұяғы Абдолланың,
Тірі жүрміз, біз мұнда, біл десеңші.

Абдолланың ұрпағы, жарыққа шық.
Кореяға кетпесе алып қашып.
Зейнеткерсің сен қазір, тірі жүрсең,
Қол созайық бауырға, тарықпасың.

Қаламгерсің, қаһарман, сен бүгінгі.
Қаруластар жыр қылды ерлігінді.
От ұстаған Прометей атаныпсың,
Орыс қаруласыңнан енді білдім.

Білгендей-ақ өмірден өтерін де,
Қолжазбаны тапсырған кетерінде,
Мариям Хакімжанова анамызға,
Сенген оған жанашыр есебінде.

Отқа орандың, сен жауға берілмедің,
Күлге ұшырдың жауыңның сенімдерін.
Сөйтіп жаудан қорғадың Отанымды,
Бейбіт өмір сүруде елім менің.

Жастығына сұм ажал қарамапты,
Қырық бірде естіртті жаманатты.
Қасым Аманжоловтай қаламдасы
Оқымпаздық өнерін бағалапты.

Орынборда оқыпсың бастамада,
Өнеге бұл ісің де басқаға да.
Жеті класс бітіріп Орынбордан,
Оқу іздеп келіпсің Астанаға.



Талай өлең аудардың қазақшаға,
Жаза білдің сен, аға, арабша да.
Өмірде де, өнерде өз орның бар,
Алла сені таңдауда адаспаған.

Бақыл болшы, мәңгі жас ағатайым,
Атағыңды әлемге таратайын.
Есіміңді жаңғыртып әр жыл сайын.
Тойлап жүрміз Жеңістің тамаша айын.

АЗАМАТ

(Бақытқожа Салахадинұлы Измұхамедовке)

Жақында емес, құда да емес ол маған
Ол азамат халық мұның қолдаған
Атқарып жүр аяғынан тік тұрып,
Елбасының тапсырмасын жолдаған.
Біткен іске мақтанбауға хақым жоқ,
Барлық әкім болса сондай батыл боп.
Әлі талай іс тыңдырар жайы бар,
Бақытқожа тұрса 2-3 жыл әкім боп.
Үй құрылысы өсіп жатыр қарқынды,
Әлеуметтік жағдайы елдің жақсарды.
Алыс жақын ауданға газ тартылды,
Талай іске тартып жатыр жастарды.
Көтеріп жүр мәдениет саласын,
Көрсетіп жүр ол іскерлік шамасын.
Алыс жақын аудандарға көз тіксең,
Сең әкімді сол ауданға табасын.



Обылыстың бар ауданын қамтыған,
Іскерлігі мәлім болар жалпыға.
Тапсырманы беріп әр бір ауданға,
Өз көзімен бақылайды артынан.
Бала бақша, мектеп көптеп жаңғырды,
Жоқ жерлерге жаналарын салдырды.
Көз тоймайтын ғимараттар салынған,
Ұрпақтардың ата-анасың таңқылды.
Жарық жайлы азаймақшы дау енді.
Мұқтаждықтаң арылмақпыз әуелгі.
Электрдың мәселесі шешілді,
Ресейге болмаймыз біз тәуелді.
Жол картасы жасыл желек жоспарда,
Халқымызды жұмыстарға жарыттық.
Сан салалы кәсіпкерді қосқанда,
Бойымызға ынта жігер дарыттық.
Мұқтаж елге жаңа көпір салынды,
Қиындықтан талай аудан арылды.
Шын жүректен халқыңыздың алғысы,
Әкім інім, аша түссің бағыңды!




МАСҚАРА

Даңқымызды сатып алар болдық па?
Бұл мәселе абырой ма, қорлық па?
Атағынды шығарады ақшаға,
Өкпе-реніш туындайды сондықтан.
Бұл жағдайды ойламаймын дұрыс деп,
Еңбек еттік жұмыс және жұмыс деп.
Сатып алған атақты мен ойламаймын,
Жанқалтадан ағып түскен ырыс деп.
Осы шындық болып жатыр маскара,
Еңбек еткен кәріге де, жасқа да
Ешкімге де әкелмейді абырой,
Атағынды сатып алсаң ақшаға.
Еңбегіннің нәтижесі еленсе,
Елендім деп қуанышка кенелсе,
Несі айып? Кім болса да айтыңыз,
Шын еленсең қуанар ма ең егер сен?
Арманымды талай алдап ойнаттым,
Еңбегімді бағалар деп ойлаппын.
Сатып алған төс белгіні маскара-ай,
Таға алмаймын, қайда тығып қоймақпын.
Еңбегім бір еленер деп ойлаймын,
Ойлауымды өлгенімше қоймаймын.
Атағымыз қолға тисе ақшасыз,
Бір тойымды сонда ғана тойлаймын.
Сатып алмай атақ тиіс болатын,
Іреті жоқ қолға келіп қонатын.
Алуымнан асып кетті уақыты,
Жемісімнің кезі жетті оратын.



Үшінші бөлім

**БАСЫЛЫМДАРДА
ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР**





Шебердің қолы алтын

ӨНЕР ҚУЫП, ОЙ ТҮЗЕ

«Қыз еркем - кестесімен көркем» деген сөз бар халқымызда. Қазекем осы бір ұлағатты пайымды ұрпағын өнерге баулу тұрғысында айтқандығы белгілі. Өз басым ұл, яки қыз болсын кез келген жасөспірімнің қандай да болсын өнерді үйренуі керек дер едім. «Өнерді үйрен де, жирен» деген сөзді де атам қазақ текке айтпаған.

Мен 78 жастағы қарт анамын. Қолыма қалам алуымның басты себебі – өзімнің көп жылдардан бері айналысып жүрген кәсібім туралы көпшілікпен ой бөлісіп, қазақ қолөнерінің артықшылы мен пайдасы туралы пікірімді ортаға салу. Көзі қарақты оқырман менің «Қазақстан әйелдері» журналының 2009 жылғы қаңтар және ақпан айларындағы сандарында жарияланған мақалаларым арқылы таныс болар деп ойлаймын. Енді міне, тағы бір дүниемді жұртшылыққа ұсынып отырмын.

Мен кешегі сұрапыл соғыстың алдында дүние есігін ашқан ұрпақпын. Біздің балалық шағымыз ауыр кезеңмен тұспа тұс келді, тағдырдың кермек дәмін көп таттық. Он жасымда-ақ ата-анамның жанында жүріп өмірге, тіршілікке не керектінің бәрін үйреніп шықтым десем болады. Тары қайнатып, келі түйіп, диірмен тартып, киім тігіп, ұршық иіріп дегендей, қыз бала білуге тиіс істердің бәрін де игердім.



Кейін жоғарғы сыныпта оқып жүргенімде осы сүйікті журналым арқылы ою оюдың жолдарын үйреніп, үлкен ісмерлік мектебінен өттім. Кезінде осы журналда жарияланған «Жамал апайдың» ақыл-кеңестері бізді саликалылыққа, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиеледі. Бір сөзбен айтқанда «Қазақстан әйелдері» журналы менің өнердегі ұстазым болды деп айта аламын.

Мен ұзақ жылдардан бері осы тоқымашылық, тігіншілік өнерімен айналысып келемін. Сәнді сырт киімдерді өзім тоқимын. Айтайын дегенім, бұл қолына ине-жіп ұстай алатын кез келген әйелдер қауымының қолдарынан келетін шаруа. Меніңше, бойжетіп қалған әрбір қыз бала өз киімін өзі тігіп, өзі тоқып киюге міндетті. Бүгінде әрине, дүкендер мен базарларда киім деген сіресіп тұр ғой, оны кайтеді деп айтар бәзбіреулер. Дегенмен, қолдан тоқылған, ою-өрнекті киімдер адамға ерекше көрік береді әрі халқымыздың тоқымашылық өнері де ұмыт қалмайды.

Мұны бір жағынан жүйкенің емі деп те айтуға болады. Өз қолыңнан, өз еңбегіңмен шыққан бұйым қашанда сізге айырықша ләззат, көл-көсір қуаныш сыйлайтындығын ұмытпағайсыз. Мәселен, қолы бос қыз-келіншектер мен зейнет жасындағы әжелер қолдарына бір мезгіл ұршық ұстап, жүн иіріп, шұлық, қолғап, бөкебай, тағы басқа да бұйымдар тоқып, оларды сатып пұл қылса, оның несі айып? «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» дегендей, бұл отбасы бюджетіне қосымша қаражат болмай ма?!

Бірақ, бір өкініштісі - қазірде қазекем малдың жүн-жұрқасын кәдеге асыруды қойған секілді. Осы бір қажетті шикізат дұрыс пайдаға аспай жатыр. Егер жергілікті жерлерде кәсіпкер азаматтар кәсіпорындар



ашып. жүн иіру, тері илеу секілді ата кәсіп қолға алынса, ауыл-ауылдарда жұмыссыз сенделген адамдарға нәсіп табылар еді.

Мен былай деп айтқан болар едім:

Ұршық иір, киім тік, тоқы шәлі,
Отбасының орнықтыр үстемдігін.
Әйелдер қауымының осы сәні,
Қиындықтан құтқармақ ісмерлігің...

Мен қашанда оқырмандарға журнал беті арқылы ісмерлік, шеберлік тұрғысында ақыл -кеңес беруге дайынмын.

*Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ,
зейнеткер, қолөнер шебері
«Қазақстан әйелдері» Ақпан, 2016 жыл.*



КЕРЕМЕТ ЕСТЕЛІКТЕР

Мен өз өміріме өте риза анамын. Ойлап отырсам, өнерлі он бармағымның арқасында біраз атақты ақын, жазушылармен бетпе-бет кездесіп, қолдасып, амандасып, кейбірімен бір дастарханда бірге отырып, сол дастарханнан бірге дәм татыппын. Онда әлі Одақтан бөліне қойғанымыз жоқ. 1992 жылы Сырым Датұлының ғылыми конференциясы астанамыз «Алматы» да өткен болатын. Менің іші-сырты оюланған киіз үйім Мұхтар Әуезов атындағы драм-театрдың алдына тігіліп, бес киіз үйдің бірі болып, сол үйдің жауапкершілігі менің мойнымда болған еді. Малынып ұлттық ақ көйлек, камзол, басымда өзім тіккен кимешек, осы үйдің нақ төрінне өзім үй иесі болған мен, әже болғасын жайғасып алғанмын. бір уақытта үйіміздің іші қонаққа тола бастады. Дастархан жайылып, алдымызға алдымен табақ-табақ жылқы еті тартылды. Нағыз төрінде Кәукен Кенжетәев (Базарбай), Қадыр Мырза Әлі ағамыз. Иманғали Тасмағамбетов (осы жиынды басқарып ұйымдастырушы, менімен иық тіресіп Құман (Төлеген) Меруерттің (Қыз Жібек) күйеуі отырып ет турады. Біраз атақты адамдар, біздің Оралдан Мәтжан Тілеужанов ағай болды. Ағұштап, Хамит Ерғалиев, Бекқайыр Аманшиннің жары т.басқалар болды. Атырауда Нұрлан деген ұлым тұрғанда Илья Жақанов пен жары Тыйыш, Ділдә Матайқызын (Иманғалидың анасы) екі немереме бата алайын деп үйге шақырғам, келіп, қонақ болып бата беріп кетті. Әбіш Кекілбаевтың жетпіс жылдығында да ол кісінің батасын екі немереме алып қалдым. Кәзір қазақша оқып жүрген немерелерім олардың көздері тірісінде көріп қалсын деген ой ғой менің мақсатым. Бір жұма Москва-



да ВДНХ да тұрғанда да «Жылы буыңмен» деп аталатын киноны қойған үйде қазақ апай. қызы. жиенімен тұрып жатыр екен, сол үйде қонақ болдық. Егер мен от басынан ұзамай қалсам, осындай кездесуге бара алмас едім.

Айтпағым бұның бәрі мен зейнеткерлікке шыққасын болған кездесулер. Кеуделерінде оты бар қыз-келіншектерге тек алдарында мақсат болса, сіздердің де өмірден түнілмей алға жылжи беріңдер дегім келеді.

Мен бір өзім киіз үйді қол машинамен бір жыл тігетін едім. Қазір ине сабақтау қыйын. оның үстіне жасым келіп қалды ғой. Сырым елінде (Жымпитыда) менің Қадыр Мырза Әліге тарту еткен киіз үйім бар. Соны бір кең жерге құрып алып соған қарап та киіз үй тігуге болады. Ақсай қаласында «Елбасына» арнап тіккен киіз үйім тұр. 2004 жылдан бері ескірген болар. Соған қарап қайталап үй тіксе 2017 жылға дейін асықпай бірнеше сондай үй тігіп көрмеге апарса барған ұжым өкінбес еді. Өйткені, ол киіз үй көрерменді мен мұңдалап шақырар еді. Әдемілеп тіге алса оған кім қызықпайды. Көп түкірсе көл, ол қолдан келетін іс қой. Осыны естеріңізге салғым келеді оқырмандар.

Дәмелі Құсайынқызы

21.02.2013 жыл



ИСАТАЙ, МАХАМБЕТ ЖАСАҚТАРЫНА ҚАРУ-ЖАРАҚ, КИМДЕР КАЛАЙ ӘЗІРЛЕНДІ?

1983 жылы Қазақстанның Россияға қосылуына 250 жылдығын тойлауды Д.Сырым елі «Жымпиты» міндетіне алған.

Осы кезде Жымпиты совхозына Серік Сарсенғалиев деген партком конторына көптеген ер адамдарды және мені шақырып алып: «Сіздерін ақыл – кенес, көмектерің керек болып тұр» - деді.

Л.И. Брежневтің түрегеліп тұрған мусінін немесе Исатай, Махамбеттің сарбаздарына қару – жарақ, киім әзірлеуге тапсырма алып отырмын. Мен Исатай, Махамбет сарбаздарын киіндіруді, жасақтауды дұрыс көріп отырмын. Осыған сіздердің ақыл-кенес, көмектерің керек болып тұр - деп шақығандағы жұмысын түсіндірді.

Мен 2 күн ойланып почтада қағаз байлайтын қағаздан есілген жіпті қарыс жарымдай тоқып 2 күннен кейін парткомға апарып көрсеттім. Кәдімгі батырлар киетін сауыт қалай тоқылады, солай тоқып алып бардым.

Осындай жіп керек және осыны тоқытатын жәрдемші керек деп, өйткені, мен өзім оюлап 2 ат жабу, 18 «арзан» қара матадан сауыт тігуді мойыныма аламын. Сауытты қалай тоқуды жәрдемшіге өзім көрсетемін дедім. Бір Рая деген неміс әйелі және бір қазақ қызы менің сызбаммен сауытты тоқып шығарды.

Енді 20 дулыға, 18 сауыт, 20 белбеуді мен тігуге кірісіп кеттім. 20 күннің ішінде тігіп шығуымыз керек еді. Енді күн – түн жайына қалды, сүрініп орындап шықтық.



20 дулыға мен 20 белбеуді дермантиннен тіктім.

20 дулығаны дермантиннен тігіп бронзамен бояп, енді 20 белбеуді оюлап тігіп мастерскойға белбеуді бекітетін шығыршық жасаттық.

Мен айтамын - партком тапсырма беріп жасатады.

20 сарбаздын әр қайсысына шөкпар, садақ, дойыр қамшы, ұзын шұбыртқа, 20 қорамса ішіне құс қанатын салған толы оғы, 20 майса, 20 атпен әзір болды.

Енді қалаға (аудан орталығын қала дейтінбіз).


жақындап барып жол айрығында сарбаздарды тұтас киіндіріп «салтанатпен» кіріп келеміз. Театрландырылған көрініске таңғалған, тамашалаған аудан орталығындағы халықтан көз тұнады. Әр совхоз, мекеме әр түрлі тапсырма алған, тіпті жолға сияр емес. Міне осындай көріністі мүмкін Оралдан келіп теледидарға түсіруі, ол түсірілімдердің суреттері сақталуы да мүмкін. Ол суреттер болашақта қайталау үшін өте керек болуы мүмкін.

18 ғасырда ондай киімді Исатай, Махамбет қайдан тауып киетін еді?

Ол кезде жадағай немесе күпі (ол матанын астындағы жүн) тұтас түсетін жазғы тұрғы қойдың жабағысынан матаға тұтастырылып салады да, сыртын қабып тігеді. Ал жабағыны - шуашы кеткенше жақсылап жуғанда киізге ұқсап тығызданып шыға келеді. Бұл күпінің жасалуы.

Шапан

Жасалуы. Қалын матаны бір жарым сантиметр арақашықтықта адамның бойына шақтап тігіс жүргізіп болғасын, жүнді шиге орап жанағы тігістің арасына



өткізеді. Сөйтіп, шапанның тігілуі 2 матаның ортасына жүнді шимен өткізіліп тігілетін киімді шапан деп атайды.

Тон

Тонды илеген теріден тігеді. Жүнін қысқа қыркып теріге қалдырады. Теріні қойдың терісінен илейді. Теріні илеуді әрбір қазақ әйелі игеріп алады. Теріні илеу үшін ащы айранға тұзды көп етіп қосып теріге бір жұмаға жағып тастайды.

Бөрік

Қой терісінен иленген жүнін қысқа қырыққан, түлкі тұмақ, қасқыр терісі, түлкі терісін илеп бас киімді қолдан жасап алады.

Етік

Саптама етік теріден илеп тізеден жоғары етіп тігеді. Аңшылар, батырлар көбіне соларды киеді. Ал тері илеу ол кездегі қазақтарға онша қиын емес. Ірі қараның терісін киіздің текеметтін асына төсеп тастайды.

Ол кезде тақтай еденді білмеген. Тоқыған шимен тері толақ текемет киіздердің астына төселінеді, олар жоқ кедейлер киіздің астына жусан иісін бұрқыратып шөп төсеп, апта сайын ауыстырып тұрады.

Міне, осы аталған сарбаздардың киіміне қатысты мәселенің ар қайсысына тоқталуымның үлкен себебі бар. Заман да, халық та ғасырлар бойы әбден байып та, соғыстан кейін мүлдем кедейленіп, сан ғасырлап ауысып отырады. Менің бұл қол жазбаларым келесі ұрпаққа қажет бола ма деп жазып отырмын.



Енді 18 «арзан» қара матадан тігілген сауытты тоқығанға ұксатып өрнек жасап алып, сол өрнекті бронзамен сырлатамыз. 2 қағаз жіптен тоқылған Исатай, Махамбеттің сауытын, басына киетін дулығаларды бронзамен (ақ –сары) бояғанда және сарбаздар осылай киіп бүтін қаруын асынып алып ат үстінде отырғанда айрықша сән беріп тұрады.

Өзім қолымнан істеген дүниелерімнің оңайлықпен істелмейтінін, бір істелген осындай дүниелерді бұлжытпай сақтап қою керектігін мәдениетті басқарып отырған басшылар міндетті түрде шыққан шығынның, құнын есептеп фондыға кіргізіп отырулары керек деп ойлаймын.

Болашақта ескі киімдердің қалай жасалатынын айттып беретін ескінің көзі болмай қалады.

Осы жұмыстың бәрін мен тегін жасадым. Ат өлді атақ қалды. Ертеніне бір аттың зорығып өлгеніде рас. Осы үлкен жұмысымыздың атаусыз қалғаны да рас.

Исатай болып Убанов Орынбасар, Махамбет болып Нурпейсов Болат киінген болатын. Көрініс солардың үйлерінде немесе сол жылдардағы мәдениет үйінде архивте сақталуы мүмкін. Есімізді жиғасын барлық киімдер құрал жабдықтарды жоқтап барып едім іздерін де таба алмадым. Осы адамдардың бәрі де мен секілді тегін істеуі мүмкін, бірақ ащы тер төккеніміз рас еді.

Дәмелі Құсайын қызы
24.02.2013



«БЕЙБІТШІЛІК ҰРАНЫ» (*Роза Рымбаеваға арнап шығарылған*)

Бұл өлеңнің тарихы тым әріде жатыр.

«Мой адрес Советский Союз»-деп мақтанышпен ән айтып жүрген кез. Роза Рымбаеваның сахнаға шығып атағы шыға бастаған жас кезі. Мен осы «Бейбітшілік ұраны»-деп аталған өлеңімді Розаға арнап шығарған болатынмын. Әні де мен шығарған ән болатын. Ертеде Б.Қ.О. Жымпиты ауданының «Аралтөбе» ұжымында аудандық газетке бұл өлеңді «Мен Советтер Одағының адамымын»- деген атпен шығарған едім. Аудандық ескі газеттен табуға болады-архивтен. Кейін Тәуелсіз ел атанғасын өлеңнің тақырыбын «Қазақстан деген елдің адамымын»-деп өзгерттім. Үшінші «Бейбітшілік ұраны»-болып Түркістан қаласында Аятолла Тұрғанов деген жас өспірім шырқап бірінші орын алған өлең Түркістан қаласында балалар фестивалінде орындалды. «Бейбітшілік әлемі» деген қор Алматыдан келіп шара өткізген. Осы шарада осы қордың өкілі Ажар Сейтенова деген дәстүрлі, аркалы әнші меннен осы өлеңді Атыраудан қоңырау шалып сөзімді, әнімді түсіріп алып өзінің ұлы Аятоллаға үйретіп, Түркістан қаласында фести-фальде орындалып, ән бірінші орын алды. Содан соң, «Бейбітшілік әлемі», Қазақ творчестволық бірлестігі халықаралық қоғамдық қорының өкілі арнайы келіп, Орал қаласында «алтын медаль мен дипломын» тапсырған болатын. Өлеңнің қысқаша тарихы осындай.

Дәмелі Құсайынқызы




ДАРҚАН ДАЛАНЫҢ ДАРЫНДЫ ҚЫЗЫ

Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ – он бала тәрбиелеп өсірген «Батыр ана», қолөнер шебері. Қолы қалт еткенде өлең жазатын да өнері бар. Әр жылдары жарық көрген «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Өлең өлкесінде», «Із», «Жан жарығы» кітаптарының авторы.

Тарихы тым тереңнен бастау алатын казак халқының қолөнер бұйымдары ұрпақтан-ұрпаққа он саусағынан өнер тамған қолөнер шеберлерінің дәріптеуімен жалғасын тауып келеді. Қай дәуірде де казак ұлттық өнерге жанашыр жандардан кенде болған емес. Сондай жандардың бірі - Батыс өңіріне ісмерлігімен танымал Дәмелі Құсайынқызы. Жастайынан казактың қолөнерімен айналысып келе жатқан ісмер ана әлі күнге дейін қолынан ине-жібін тастаған емес. Дәмелі апайдың қолынан шыққан киіз үйдің жалау-жабдықтары, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық киім үлгілері өзінің сән-салтанатымен, кестелеу, әсемдеу мәнерімен өзгелерден ерекшеленіп тұрады. Оның қолөнер туындылары ұзақ жылдардан бері ұлттық мерекелерде жұртшылықтың талғамынан шығып, жоғары бағасын алып келеді.

Ұлттық өнерді дәріптеген Дәмелі апа Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, (бұрынғы Жымпиты) Жосалы ауылында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған Дәмелі анасы Бәтінтің тәрбиесін көреді. 1956 жылы Бұлдырты орта мектебін бітіргеннен кейін еңбекке етене араласа-



ды. Оқуға түсуге жолы болмаған өрімдей қыз өзін рухани жағынан үнемі жетілдіріп отыруды мақсат тұтады. Жоғары білімді ұстаз Шапай Қажығалиевке тұрмысқа шығып, береке-бірлігі жарасқан отбасын құрады. Шаңырақтары шаттыққа толып, он бала сүйіп, оларды үлгілі де өнегелі етіп тәрбиелеп өсіреді. Бәрінің арнайы білім алуына мүмкіндік жасайды. Ардақты ана 32 жылы білім саласында табысты еңбек етіп, 1988 жылы зейнеткерлікке шығады. Жүрген жерінде өлең жазып, қолөнермен айналысып, қоғамдық жұмысқа белсене араласады.

«Істің жайын тіккен білер» дегендей, Дәмелі апайдың тіккен киіз үйлері әрдайым өзіне тән ерекше ою-өрнектерімен көзге түседі. Іс тігуге үлкен шыдамдылық пен темірдей төзім ғана емес, ісмерлікке тән ептілік те керек. Дәмелі апай орта мектепте ұстаздық ете жүріп, қолынан ісмерлігін тастамады. Осыдан-ақ қолөнер шеберінің өнерге жантәнімен берілгенін көруге болады. Оның бір киіз үйі Мәскеудегі халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде жұртшылық назарына ұсынылса, кейін Алматы қаласындағы М.Әуезов атындағы драма театрында өткен Сырым Датұлының 250 жылдық мерейтойында да тігілді. Дәмелі апайдың қолынан шыққан дүниелерге деген сұраныс көп. Оған дәлел, бір киіз үйін «Ақсайгазсервис» АҚ сатып алып, ұлттық мерейтойларда мекеме атынан тігіп жүр. Аламыз үшінші киіз үйін Махамбет Өтемісовтің 200 жылдық мерейтойына арнап тіккен. Ал төртінші еңбегін Жеңістің 60 жылдығына орай Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткен әкесі мен туған жерге оралмаған боздақтарға өзінің тұрғызған ескерткіші




ретінде тігіп ұсынған. Сонымен қатар қолөнер туындылары түрлі мұражайларда да ілініп тұр. Әсем өрнектелген екі текеметі республикалық қолөнер мұражайларында көрермендердің көзайымына айналған.

«Он балалы болғасын батыр дейді,

Өлең жазып жүргесін акын дейді.

Жас кезімнен оюмен айналыссам,

Халқым мені өнерге жақын дейді» деген өлең жолдарынан Дәмелі апаның қолы қалт еткенде жазатыны да бар екенін көруге болады. Акын апамыз «Бейбітшілік әлемі» деп аталатын патриоттық әннің өлеңі мен сөзін жазған. Міне, осы әнді 2011 жылы «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің ұйымдастыруымен Түркістан қаласында өткен дүниежүзілік балалар фестивалінде атыраулық жас өнерпаз Аятолла Тұрғанов орындап, І-ші жүлдені иеленді. Сонда аталмыш бірлестіктің президенті экономика ғылымдарының докторы профессор Абен Нұрманов осы әннің авторына «Бейбітшілік әлемі» алтын медалі мен дипломын табыстаған болатын. 2010 жылы Дәмелі Құсайынқызы осы бірлестіктің кітапхана қорына «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Өлең өлкесінде», «Із», «Жан жарығы» атты кітаптарын тапсырып, халықаралық кітап көрмелеріне қатысқан-ды. Еңбектері жоғары бағаланып, Халықаралық жазушылар одағының төс белгісі мен куәлігін иеленген. Өзінің тіккен киіз үйлері мен қолөнер бұйымдарын таныстыратын деректі фильмдерінің бейнетаспасы мен өз қолынан шыққан қолөнер туындыларын да осы қорға табы-



стап, «Халықаралық қолөнер шебері» атағымен марапатталды.

Мен Ақсай қаласының 40 жылдығы мерейтойының мерекелік концертті мен Мұхит бабамыздың шөбересі Әсия Мұхитованың «Сағыныш» атты шығармашылық кешіне қатысып, Мұхит атамыздың әндерін орындаған болатынмын. Дәмелі апайды осы концертте алғаш көріп, жақынырақ таныстым. 2009 жылы Қазақстан республикасының халық артисі Ғарифолла Құрманғалиевтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Әнші дауысы» атты жеке концерттік сапарыммен Ақсай қаласына келгенімде Дәмелі апаймен екінші рет кездестім. Өнерімді тамашалаған апай концерт соңында маған ерекше ықыласын білдіріп, Ғарекең тіріліп келгендей әсерде болғанын айтып, «сен ән салғанда әнге айналып кеткендей болады екенсің» деп маған арнаған «Ән болып кеткен Ажар қыз» өлеңін шабыттана оқып берді. Бұл ән кейін «Із» атты жинағында жарияланды. Оған атыраулық сазгер Елемес Мағазов ән шығарып, «Ән болып келген дара қыз» әнін «Қазақстан» телеарнасының «Сегіз қырлы» ән сайысы бағдарламасында дәстүрлі әнші Ақкенже Шаужанова орындап, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, үздік әндер қатарына қосылған еді.

Ақын апаның өлеңдерінің негізгі арқауы – инабаттылық, адамгершілік, асыл дәстүрлер, отан, жер, ізгілік қасиеттері аналық жүректің сыршыл сезімімен әсем жыр болып төгілген. Адам өнерлі болса, жан-жақты өнерлі болады екен. Дәмелі апа өзінің шығарған өлеңдеріне ән де шығарады. 2011



жылы шыққан «Жан жарығы» атты кітабында әні бар өлеңдері нотасымен жарияланған. Ақын апамыздың «Туған жер», «Тағдырым», «Бейбітшілік ұраны», «Болмасын соғыс», «Он қазық», «Сағыныш саздары», «Елбасына» т.б. әндері әншілердің орындауында қазақ радиосы мен жергілікті «Ақсай» радиосынан жиі беріліп тұрады. Бұл әндер менің де репертуарымда бар.

Кейбір әндерін домбыраға салып өзі шырқағанда апамыздың әсем дауысына еріксіз қайран қаласың. Дәмелі Құсайынқызы - анадан сегіз-қырлы, бір сырлы болып туған жан. Жолдасының бабын тауып, он баланы тәрбиелей жүріп, қоғамдық істерге белсене араласу кез келген әйелдің қолынан келе бермейтін іс. Қолөнермен айналысуға да үлкен күш-жігер керек. Қаншама уақыт пен шығармашылық шабыт қажет. Өлең жазу да еріккеннің ермегі емес. Осының бәріне үлгеруге талантпен қатар, пысықтық пен еңбекқорлық керек болса, апамыздың бойынан аталмыш қаситтердің бәрі табылады.

Жастардың жетістігіне қуанып, ақ батасын беріп жүретін Дәмелі апай аман болып, көңіліңіз ортаймай, жаныңыз қартаймай, әлі де алар асуларыңызды бағындырып, шалқар шабытпен, толағай табысқа кенеліп, аман-есен немере-шөберелеріңіздің кызығын көруді алла сізге нәсіп етсін!

Ажар СЕЙТЕНОВА,

ҚР Журналистер одағының мүшесі,

дәстүрлі әнші

Республикалық «Қазақстан әйелдері» журналы.

Сәуір, 2013ж.



ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ӘДЕБИ КЕШ

Жан сырын ақ паракқа жыр етіп төгіп, бойындағы қабілетін иненің ұшымен халқымызбен бірге жаса-сып келе жатқан қолөнер түрінде ұрпақ санасында жаңғыртқан, он бала тәрбиелеп өсірген ұлағатты ана, данагөй әже Дәмелі Құсайынқызы туралы аз айтылып жүрген жоқ.

Басылым беттерінде де, теледидардан да ұлттық өнерді насихаттап жүрген қолөнер шебері мек-теп оқушыларымен болатын кездесулерге де жиі шақырылады. Осындай тағылымды шара, мағыналы кездесу таяуда Пугачев жалпы білім беретін орта мектебінде өтті.

«Ақын», батыр, ісмер, сазгер, ұстаз - Дәмелі ана» атты әдеби-танымдық кеш мектеп директоры Қ.Қ.Абдрахманованың кіріспе сөзімен ашылды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістеме бірлестігінің жетекшісі С.Ж. Байқадамова кеш кейіпкерлерінің өмір жолы туралы слайд арқылы көрсетілген суреттер мен деректерді пай-далана отырып, кеңінен әңгімеледі. Сондай-ақ экраннан Дәмелі апайдың қатысуымен түсірілген жергілікті, облыстық телеарналардың хабарлары, Қадыр Мырза Әлі, Ақұштап Бақтыгереева сияқты белгілі тұлғалардың лебіздері, қолынан шыққан киіз үйлері мен қолөнер бұйымдары жиналғандар назарына ұсынылды.

Ана жүрегінен әуелеп ұшқан ақ қанат жырла-рын оқушылар мәнеріне келтіре оқып берсе, му-зыка пәнінің мұғалімі Индира Жексенбайқызы



шәкірттерімен бірге апайдың «Бейбітшілік ұраны» әнін орындады. Бұл әннің аудан көлемінде тұнғыш рет осы Пугачев орта мектебінде орындалғандығын атап айтқан абзал.

Пугачев ауылдық кітапханасының кітапханашысы Р.Жұмағұлова әр кезде өмірдің тыныстіршілігіне үн қосып жүретін Дәмелі апайдың жарық көрген алты кітабына, сондай-ақ өлеңдері мен қолөнер туралы жазбалары жарияланған облыстық, республикалық басылымдарға библиографиялық шолу жасады.

«Әкімі ақынын іздеген ел бақытты» дегендей, осы шараның басы-қасында жүріп, кеш иесіне айрықша ықылас-ізетін білдірген Пугачев ауылдық округінің әкімі Т.К. Қазжанов ауылдастары атынан алғыс айтып, естелік сыйлық табыс етті.


Ақсай қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Б. Бокаев ауылдағы әнші әжелер тобының жетекшісі София апай да жүрекжарды тілектерін жеткізді.

Басшылардың да, ұстаздар мен оқушылардың да тыңғылықты даярланғандары анық байқалған тағылымы мол кеш Дәмелі апайды ортаға алған оқушылардың қосыла шырқаған «Көк тудың желбірегені» өлеңімен аяқталады.

Киелі өнердің қуанышы мен қызығына бөленіп жүрген Дәмелі Құсайынқызы ауыл және мектеп басшыларына ұйымдастырушыларға аналық алғысын жаудырып, өзімен бірге ала келген сыйсыяпаттарын үлестірді.

Айгүл Ахметова.

«Ел» газеті, 06.10.2011 жыл



САФ ӨНЕРДІҢ ӨРЕН ЖҮЙРІГІ

Ғасырлар бойы аттың жалында, атанның қомында көшпелі тұрмыс кешкен халқымыз жасаған дала өркениетінің бірегей ғажайып үлгісі – киелі қолөнері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі замандарға жетіп отыр. Ағаштан түйін түйген шеберлер, асыл тастардан маржан тізіп, темірді төске салған зергерлер мен ұсталар, өрімші-тоқымашылар талай жұртты тамсандырған хас өнеріміздің қайталанбас өнегелі өкілдері болатын. Сондай өнерлі жандардың бірі, ескіден қалған көз, алтынның сынығы деп айтсақ жарасатын, бір өзі сан өнерді тал бойына жинаған белгілі ісмер, ақын, айтыскер, домбырашы-сазгер Дәмелі апа Құсайынқызы туралы тарқата айтар әңгіме көп.


Ана бір жылдары сол асыл өнеріміз ешкімге керексіздей көрініп, естен шыға бастап, жұрттың дүкендегі дайын дүниеге зейіні ауып, әйел атаулы жіп иіріп, ине сабақтауды ұмытқан шақта, бір өзі шалғайдағы ауыл мектебінде іскерлік мектепті жаңғыртқан еді. Бүгінде 70-тен асып, мәуелі бәйтеректің отанасына, данагөй әжесіне айналған Дәмелі Құсайынқызы – саналы ғұмырын ұстаздық қызметке арнаған жан, он бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана.

Дәмелі Құсайынқызы 1938 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданы (қазіргі Сырым ауданы), Жосалы ауылында дүниеге келген. Аяулы әкесі Құсайын Есенбаев 1941 жылы жылы майданға аттанғанда төрт жасар бала екен. Майдангер сол



кеткеннен хабар-ошарсыз кеткен, артында жары Бәтiш бес кызбен шырылдап кала берген. Соғыска кеткен жарының бiр хабарын күте-күте көзi талған кейуана колхоз жұмысында таңның атысы, күннің батысы бел шешпей еңбек етiп, тiрнектей жүрiп, қыздарын құтты ұясына кондырған, сөйтiп, 89 жасында көз жұмыпты. Соғыстың сұрапыл жылдары мен одан кейiнгi мойынға түскен ауыртпалықтың салмағын қайыспай аркалаған Дәмелi 1956 жылы Бұлдырты орта мектебiн тәмамдап, одан әрi оқуын жалғастыруға тұрмыстың жағдайы келмей, еңбекке араласып, отыз екi жыл мектепте қол еңбегiнен сабақ берiп, 1988 жылы зейнеткерлiк демалыска шығады. Жарты ғасырдан астам жарасымды тұрмыс кешкен отағасы Шапай Қажығалиұлы да ұлағатты ұстаз атанған, ауыл-елге сыйлы зиялы адам едi, өткен жылы өмiрден озып, бақилық болды.

«Ана көрген тон пішер...», дегендей, қолы ұсынықты әжесi мен анасынан жастайынан үйренген киелi қолөнерi Дәмештiң бүкiл өмiрiне азық болды, халыққа танытты, талай бәйгеде атағын шығарды. Мектепте оқушыларын жинап алып, ою ойып, киiз-текемет басты, сырмақ жасап, киiз үйдiң бүкiл iшкi-тысқы ою-өрнектерiн тiктi. Дәмелi апайдың қолынан шыққан екi тұскизi республикалық қолөнер мұражайында сақтаулы тұр. Ал ол безендiрiп жасанған киiз үй Мәскеуде Халық Шаруашылығы Жетiстiктерi көрмесiнде зиялы орыс жұртын тамсандырды. Сырым Датұлы бабамыздың 250 жылдығына арналған Алматыдағы мерейтойға да киiз үйiн жасаулап тiктi. 1990 жылғы



Наурыз мейрамында Жымпитыда тігілген Дәмелі апаның ұлттық нақышпен безендірілген киіз үйі мереке сәнін келтірді. 1998 жылы Ақсай қаласындағы «Ақсайгазсервис» мекемесі қолкалап алған киіз үй кәсіпорынның шеттен келген қонақтарға әспеттеп көрсетер дүниесі болды. 2003 жылы Атырау қаласында Махамбет Өтемісұлының тойында сегіз канат киіз үйді апарып орнатты. Бүгінде ұлттық нақышпен әдіптеліп, көздің жауын алған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа арнап жасалған киіз үй Астанадағы Президенттік мәдениет орталығының құнды жәдігеріне айналды. Апайдың ұстаздық еткен жылдары мектеп оқушыларымен бірігіп жасаған үй бұйымдары, ұлттық киімдері, өрнекті белбеулері де өз алдына бір төбе. Сондай дүниелерінің бірі ана жылдары Орал облыстық телестудиясына да сыйға тартылған болатын.

Шебердің 40 жылғы шығармашылық қызметі туралы 2009 жылы республикалық «Қазақстан әйелдері» журналында көлемді мақала жарияланды және «Қазақтың киіз үй жиһаздары», «Киіз үйдің құрылысы», «Өнер өрге апарады» деген танымдық материалдары басылды. «Ғафу-студия» түсірген Қазақстанға арналған «Әлемнің тоғызыншы аймағы» атты көп сериялы деректі фильмнің 27-сериясында да шебердің осынау елеулі еңбегі лайықты көрініс тауып, шынайы бағасын алды.


«...Он балалы болғасын батыр дейді,
Өлең жазып жүргесін ақын дейді,
Жас кезімнен оюмен айналысам,
Халқым мені өнерге жақын дейді,



Кейде менің кеудемді ән кернейді,
Шабыт қысса, ырқыма әл келмейді,
Өзім жазған өлеңге ән шығарам,

Оны білген ағайын сазгер дейді...», – деп, өзі жырлағандай, сан өнерді өміріне серік еткен, адамгершіл асыл қасиеттерді ұлықтаған, көкірегі ояу, жан жүрегімен айналасына шуақ шашқан мейірімді асыл ана Дәмелі ақынның өлеңдері аудандық, облыстық, республикалық мерзімді баспасөзде жарияланумен қатар, Орынбор қаласында «Әке» (2003), «Мұра» (2005), «Өнер өрге өрлетеді» (2007) деген кітаптары жарыққа шықты. Алғашқы кітабына кезінде алғысөз жазып лебізімізді білдірген едік. Сонда айтқанымыздай, оның әр кітабындағы жырларынан дүниеге ғашық көзбен, іңкәрлікпен қарайтын ана жүрегінің лүпілін аңғаруға болады. Өз өлеңдеріне саз шығарып, домбыра үніне қосып, ән салатын, ақындар айтыстарына, «Ақ жаулықты әжелер» байқауларына қатысып бағын сынаған ақын апамыз аналық үлкен жүрекпен сыршыл сезімін жырға бөлейді. Дәмелі шығармашылығының ерекшелігі – тәлімдік өнегелілігі, негізгі арқауы – туған жер, Отан, ұлт тағдыры, адамгершіл асыл дәстүрлер. Ақын қоғамымыздың жаңа үрдістеріне үн қоса отырып, жақсылығына қуанады, ұлтымыздың белгілі тұлғаларының азаматтық келбетін жырға қосады, кірбің түсіретін көлеңкелі көріністерге жүрегі ауырады.

Өткен жылы Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының мұрындық болуы-



мен Бөрлі ауданындағы Аксай қаласында Дәмелі Құсайынқызының 70 жасқа толуы мерейтойы қошеметпен өнер мерекесі ретінде кеңінен аталып өтті. Дәмелі Құсайынқызы қазір жаңа кітабын баспаға әзірлеу үстінде, бұл оның соңғы жылдардың белесіндегі шығармашылық еңбегінің қорытындысы іспетті. Оның үстіне, биыл еліміз және бұрынғы кеңестік елдері Ұлы Жеңістің 65 жылдығын атап өткелі отыр. 2004 жылы шыққан майдан даласынан оралмаған ерлерге арналған «Боздақтар» атты жинақта әкесі Құсайын Есенбаевтың 1943 жылы ақпан айында Орел облысы, Колпянск ауданы, Остров селосында жерленгені туралы көптен күткен хабар алған Дәмеш апа майдангер әкесіне дастан шығарып, перзенттік ескерткіш орнатып отыр. Ақынның осы жаңа шығармасы да жаңа кітаптан орын алмақ.

70-тен асса да, ісмерлік өнердің жоқшысы болып, ұлтымыздың осы қайталанбас саф өнерін ұрпаққа жалғастырған, саусағына кие қонған, қайтпас жүректі осы қасиет қазақтың әр әйелінде болсын деп тілейміз.

Жаңа кітапқа жол болсын айта отырып, ана жүрегінен әуелеп ұшқан аққанат жырлар шарықтай берсін, Дәмеш апаға киелі қолөнерін өрістету жолындағы қажырлы еңбегі жемісті болсын, бала-шағаларының ортасында шығармашылық қызметінің жемісін көріп, ұзақ ғұмыр кешуге Алла нәсіп етсін деген игі тілегімізді айтамыз.

Сайлау АБЫЛАЕВ.

«Орал өңірі» газеті




*Айсұлу ҚАДЫРБАЕВА,
ақын, Жазушылар
одағының мүшесі*

АЛТЫН ДІҢГЕК

Атамыз қазақ жалпыны мойындатқан жалқыларға «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген бір ауыз сөзбен баға берген. Не бір сый, не бір марапатыңыздан артық осы бір құрметке «Лайықты кім бар?» десе, санаулылардың алдыңғы сапында, құрсағынан шыққан он баланы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, асырап-бағып, өсіріп, қатарға қосқан өнегелі де өр мінезді Ана, һәм, өзектен өрген өлеңі мен он саусағынан тамған өнері арқылы дүние келбетін әсем суреттеп, сұлулық атаулыны таңдай қақтыра сымбаттаған тума талант Дәмелі Құсайынқызы тұрар еді!

Менің танымымда осы бір ақ жаулықты Ана бойдағы бар қадыр-қасиетімен қазақ әйелдеріне тән бүткіл болмысты бір өзінің бойына жиып алғандай көрінеді. Ер-азаматтарына ет-жүрегі елжірей берілген аяулы жар, қыр жігітін тәрбиелі-тәлімді қылығымен қызықтырар қырмызы қыздарымыз азайған бүгінгідей мына бір сүреңсіз қоғамда, көрген жұртын: «Бізге неге осындай болмасқа?!» - деп,



алға қарай ұмсындыратындай, үміт отын тұтатып, биіктерге жетелейтіндей, Дәмелі шешейлеріміздің болғаны қандай бақыт!!!

«Дәмелі шеше» демекші, мені тәрбиелеп өсірген анам – оның да аты Дәмелі еді. Келісті пішім, кең пейіл, ғажап жаратылысты адам болатын-ды марқұм. Кенеттен жабысқан кеселдің кесірінен, мені, өзіне арман болған «құтты орынға» қондыра алмай, қапыда кетті дүниеден. Сөйтіп, «Анасы бар жетім – хас жетім, анасы жоқ жетім – тас жетім», - демекші, дария толқынын ескексіз кешкен қайықтай, қалт-құлт тағдырмен, Аллаға шүкір, біз де бір талай жасқа жетіппіз...

Әлі есімде, кезекті бір сапармен елге келгем. Кезінде қазағына қазақша сөйлетудің өзі қиынға түскен Бөрлі ауданының орталығы Ақсай қаласында бір қанатында – жергілікті өндірісті, екінші қанатында ұлттық өнерді бейнелейтін тамаша бір мұражай ашылыпты дегенді естіп, «Жақсыны - көрмек үшін», - сонда тарттық. Сол кезгі аудан әкімі Болат Шәкімовтің қабылдауынан кейін, әкім орынбасары Талғат Нығыметов бастаған бір топ азамат Мәдениет сарайына беттедік. Сарай іші лық толы халық. Кездесу де басталды. Әдеттегідей, кезек-кезек сөз сөйлеу, өлең оқу, ән салып, би билеу. Қуанышты көңіл-күй сарай «түндігін» желпілдетіп-ақ тұр. Кенет, кездесуді жүргізіп отырған Талғат ініміз: «Ендігі сөздің кезегі батыр ана, ақын ана – Дәмелі апамызға беріледі», – десін. Жүрегім шым ете түсті. Шып еткен көз жасымды әзер тежеп, мінберден жанай өтіп, бағытын маған қарай



бұрған ол кісіні орнымнан тұрып қарсы алып, екеуміз құшақтаса амандастық. Ду қол шапалақтың қапталында өткен осы бір таныстық әлі күнге дейін менің есімнен кетпейді. Қайран қалғаным – бойшандығы мен өткірлігі болмаса, Дәмелі апам келбетінен Ақ Мамамның әлпетін көргендей болдым... Дүниеде Ана мейіріне жететін не бар?!

Дәмелі апа «Әкемен сырласу» атты әңгімесінде: «Бапа-ау! Сезесің бе, мен сені қатты жоқтадым ғой. Өмірде нендей мақсаттарға қолым ілікпесе, ол сенің аялы алақаның мен қамқорлығыңның жетпегендігі деп ойлаймын. Тіпті, мен сенің кескініңді көзіме елестете алмаймын. Өйткені, сен соғысқа аттанған 1941 жылы мен, бар болғаны, төрт-ақ жаста екенмін», – деп налиды. Одан әрі: «Анам бесеумізді өлтіріп алмай, қалай баққанына таңым бар. Демек, мамам әке орнына – әке, шеше орнына – шеше болып, сіздердің істеріңізді екі-үш есе артық атқармағанда, біз бұл күнге жетер ме едік, жетпес пе едік?! Ол кісінің үйде әйел құсап жүргені, қандай көйлек кигені де есіме түспейді...

Бапа-ау, біз сенің 1943 жылы қаза тауып, Орлов облысы, Колпянск ауданы, Остров ауылында жерленгеніңді өткен 2004 жылы «Боздақтар» деген кітаптан ғана естідік қой. Оған дейін әр кез, әсіресе, Жеңіс күні таянғанда, жаным шырқырап, өзінді жоқтаумен жүретінмін. Көз жасым көкірегіме құйылып жататын», - деп егіледі. Ал, оның одан кейінгі әңгіме-баянындағы ел боп бастан кешкен - қиындықтарын бүгінгі ұрпақ түсінде де көрмей-ақ қойсыншы деп тілейік!



Алайда, ауыл азаматтары жаппай соғысқа аттанып, ел билігі, Дәмелі апам айтқандай, жасы асқан қариялар мен әйелдердің қолына көшкен сол бір сындарлы шақтарда шар болаттай шындалып өскен сол буын бүткіл болмыс-бітімімен бүгінгі күннің жастарына үлгі-өнеге емес пе?! Бәтіш Ана бауырында еңбектің ыстық буымен әбден пысып өскен бес қыз, өздері ұзатылған бес шаңырақтың бақытына айналды, сөз жоқ. Ал, соның бірі Дәмелі апамыз, бір шаңырақтың ғана емес, бүкіл қазақ халқының мақтаны!

Ойымды жалғыз ауыз сөзбен аяқтасам, «Ұтали да, пұтали! Стақанды тұтали! Ішіндегі арақты қылқылдатып жұтали!» - деп, сықылықтаған сайқымазақ сылқымдар мен «Храп-сырап!» соғып, бойдағы бар қасиетті қарта ойынына айырбастаған ойсыз келін-кепшіктерді қосақтап байлап апарып, Дәмелі Ананың алдына жықса, біздің қоғам қазіргіден бір табан да болса, алда жүрер ме еді?! Япырмау, талай тауқыметті басынан өткеріп, жетпістің бесеуіне жеткен Дәмелі апамыздың бүгінгідей кейуана шағында, еш кіршіксіз, көлеңкесіз көңілден:

«Жердің беті қыр гүлін жамылғанда,
гүл теруге қыз-жігіт ағылғанда, -
дәл осы кез мен тура әнге айналам,
қырда жусан иісін сағынғанда!

Жан-жақтағы қызыққа елтігенде,
жайлы самал аймалап, желпігенде,
осы кезде мен тура әнге айналам,
домбырамның бұрауын келтірем де!» – деп



шалқуы оның ішкі жан сарайының сұлулығы мен кылдай кылап түспеген кіршіксіз тазалығын паш етіп отырған жоқ па?! Және мұны шығарманың шығармашысымен бірге қартаймайтындығының дәлелі деп мойындағанымыз жөн болар. Ал, шығармасының естілігі жөнінде Дәмелі апа алдына және жан салмас. Сөзіміз дәлелді болсын, төмендегі шумақтарға назар аударыңыз:

«Миыңды қос, қолыңды қос еңбекке, -
тиесілі ырыздықты термекке!
Сонда ғана құтыласың азаптан,
тырысып бақ өзіңе күш бермекке!

Мақсат қылсаң, бұзылмайтын қамал жоқ!
Жан-жағыңа қара! Қалма надан боп!
Тырыс! Ізден! Алға жылжы әрдайым,
бұл өмірге келгеннен соң адам боп!

Табиғаттай ата-анаңның барында –
бүкіл байлық - сенің ғана жаныңда!
Сен жалқаудың қатарынан табылма!
Ең бастысы – намыс болсын қаныңда!»



ӨРМЕКТЕГІ ӨРНЕКТЕР

1988 жылы қазақ елі күллі түркі халықтарының жаңғыру мерекесі - Наурызбен қайта қауышты. Осыған орай облыс орталығындағы мекеме-кәсіпорын ұжымдары киіз үйлер тігу мәселесімен алғаш рет бетпе-бет келді.

Ашығын айтқанда, олардың арасында аты бар да, заты жоқ сұрықсыз киіз үйлер көп болды. Соларды аралап көңіліміз құлазыңқырап келе жатқан кезде сәні мен салтанаты келіскен, шебер қолдың ізі бірден байқалып тұрған киіз үйге тап болдық. Оны жабдықтаған сол кездегі Жымпиты ауданы, «Жосалы» совхозынан келген ұлттық қолөнер шебері Дәмелі Құсайынқызы болып шықты. Танысып, аз-кем әңгіме-дүкен құрдық. Қызмет телефонын қалдырдық. Ол кісі кейін бізбен хабарласқан кезде Бөрлі ауданының орталығына қоныс аударғанын айтып еді. Кеншілер қаласы Аксайға жолымыз түскенде, ол кісімен кеңірек отырып әңгімелесудің де сәті түсті.


Әңгімелесіп қана қоймай, ісмердің қарындашпен, қайшымен және инемен қалай жұмыс істейтініне де куә болдық. Апамыз ең алдымен о баста халқымыздың ұшқыр қиялынан туған ою-өрнектердің сұлбасын қарындашпен қағазға түсіреді екен. Мұны механикалық немесе роботтық жұмыс деуге болмайды. Шебердің әрбір өрнекке шығармашылық ізденіс тұрғысынан келе білетінін аңғардық. Сөйтіп, ол халқымыздың төл қолөнерін түр, өрнек жағынан одан әрі байытуға ұмтылып отырады.



- Түсініп, ұғына білген адам ою-өрнектерде сыр тұнып тұрғанын бірден аңғарады. Мұнда халқымыздың өмір сүру дағдысы, күйініші мен сүйініші, атакәсібі - мал өсіруге катысты накыштар, тіпті қажет десеңіз, алға қойған мақсат-мұраттары да сырын ішіне бүгіп тұрғандай әсер береді. Тек соны ішкі дүниенмен, сезімтал жүреппен терең түйсіне білсең болғаны. Менің ойымша, бұл - өте бір сиқырлы әлем. Қойнауына бір еніп кетсең, қызығына қанбайсың. Ол сенің қиялыңды көкке қалықтатып, жігеріңді жаниды. Сөйтіп, іздегеніңді оймен де, інмен де іздеп, күндіз-түні шарқ ұрасың. Іздегеніңді тапқан кезде «Эврика, эврика...» деп айқай салған Архимедтей күй кешесің, - дейді Дәмелі Құсайынқызы.

Кеңестік кезеңде 1972, 1980 және 1983 жылдары бес саусағынан өнер төгілген ісмер жанның еңбектері аудандық, облыстық және республикалық көрмелерге қойылған. Ал 1990 жылы Дәмелі Құсайынқызы тіккен киізүй барлық ішкі және сыртқы жабдықтарымен бірге Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне апарылған.

Тәуелсіздік ұлттық өнерімізді қастерлеген шебердің екінші тынысын ашқаны анық. Бұл кезде ол халқымыздан мирас болып қалған өнегелі де өрелі істі бүгінгі ұрпаққа жалғаудың жолдарын іздеуді басты мақсатының бірі етіп қойды. Ұлттық қолөнеріміздің баға жетпес құндылықтарын бүгінгі буын қыз-келіншектердің бойына дарытуға ұмтылды. Бөрлі ауданы орталығында ісмерлік




мектепті қалыптастыруға, оған өзі жетекшілік жасауға кам жасады. Колөнер жанашырының осынау ойы мен ұсынысына аудан басшылары түсіністікпен құлақ асты.

Күні бүгінге дейін Дәмелі Құсайынқызы қазақтың ұлттық ою-өрнектерін нақышына келтіре әрлеп, әдіптеп, бұрыннан қалыптасқан барлық үлгі мен салт-дәстүрлерге сай етіп төрт киіз үй тігіпті. Мұның біріншісін Ақсай қаласындағы «Ақсайгазсервис» АҚ аттай қалап сатып алған. Екіншісі соғыстан оралмай, өмір бойы аңсап күткен әкесіне және барлық соғыс ардагерлеріне арналған. Ал үшіншісін Дәмелі апамыз Елбасына деп арнап тігіп, оның төріне өзі шығарған:

«Әйтеке ме, Төле ме, Қазымысын,
Халқың үшін арналды жазы-қысын.
Күйі толқыса кеудеде күмбірлеген,
Нұрғисадай әуеннің сазымысын?!

- деген шумақты кестемен өрнектеп жазыпты. Елбасын жалаң мақтау емес, сырлы көкіректен шыққан ғазиз сөз ғана осылай өрілер.

Қолөнер шебері төртінші киіз үйді Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлінің 75 жасқа толуына байланысты Сырым елінің атынан арнап тіккеніне өзіміз куә болдық. Бұл өткен жылдың қара күзі еді. Қадекең өзіне деген осыншалықты ілтипатына, ең бастысы, қазақтың ұлттық қолөнерін ХХІ ғасырға жалғай білген жарасымды еңбегіне дән риза болды. Бұл поэзия патриархына қарапайым халық өкілі тарапынан көзі тірісінде көрсетілген ең соңғы құрметтердің бірі деуге болады. Қадыр



ағамыз осы оқиғадан соң екі ай өткенде дүние салды.

Дәмелі Құсайынқызы - он бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана. Отбасы иесі, марқұм Шапай Қажығалиевтың бабын тауып, қонақтарын күтіп, сонымен бірге өрмекпен де, өлеңмен де өрнектер тігу әйел затына аз іс емес. Соның бәріне қалай үлгеріп келдіңіз деген сауалға ісмер жан: «Мен соның бәрінен де үлкен ләззат, қанағат аламын. Қай-қай істі де жүрегімнің қалауымен орындаймын. Уақыттың жетпейтіні рас. Бірақ жүректің қалауымен істелген іс адамды ешуақытта шаршатпайды» - деп жауап берді.

- Менің қазіргі басты мақсатым - ұлттық колөнеріміздің қадыр-қасиетін келешек ұрпаққа аманаттау. Бұл тұрғыда тек бір ауданда құрылған ісмерлік мектеп тым аздық етеді деген ойдамын. Тек бір өңірде ғана емес, бүкіл еліміз бойынша ұмыт бола бастаған киіз үй жасау, оның барлық накыштары мен ою-өрнектерін егемендік талаптарына сай жаңғыртып, түрлендіре түсу қажет. Тек сонда ғана халқымыздың ұлттық төл өнерінің өрісі кеңейе түседі. Осындай елдік, халықтық маңызы бар істің бір кәдесіне жарасам, алға қойған мақсатымның орындалғаны, - деп түйін жасады ұлттық колөнердің хас шебері Дәмелі Құсайынқызы.

Темір ҚҰСАЙЫН.

*Батыс Қазақстан облысы бойынша
«Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі*



*Зейнолла МҮТИЕВ,
М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан Мемлекеттік
Университетінің доценті,
филология ғылымдарының кан-
дидаты, ҚР Білім беру ісінің
құрметті қызметкері*



«ӨЛЕҢ-ЖЫРДЫ ЖАСАМАЙСЫҢ БІЛЕКПЕН»

*Сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі Дәмелі
Құсайынқызының ақындығы хақында бірер сөз*

Дана халқымыздың өлең-жыр туралы білдірген пікір-пайымдарының бірінде: «Түйеге мінген қазақтың төрт ауыз өлең шығармайтыны жоқ» деп келетін қызық көзқарасы да бар. Алайда, қазақ жұрты өлеңді бәрінен жоғары қойған. Оның киесі бар деп ұққан. Ақындықты еріккеннің ермегіне баламаған. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген Абай да – қазақ.

Дәмелі апа өлеңді баяғыдан жазады. Оны мен жақсы білемін. Білемін дейтінім – біз бала болғанда (өткен ғасырдың 60-70 жылдары) есімізде қалған еміс-еміс суреттер көз алдыға келеді. Сырым ауданының (ол кезде Жымпиты), «Жымпиты» кеңшарының орталығы – Аралтөбе ауылындағы мектеп-интернатта жатып оқыған малшы-шопандар мен механизатор-бағбандардың балалары – біздерге Дәмелі апай тәрбиеші болды. Әлі есімде Дәмелі



апай жатак балаларын тәлім-тәрбиеге баули жүріп, арасында өз қолжазбаларынан үзінділер оқитын. Сол дәуірдің газет-журналдарының беттерінен түспейтін белгілі деген ақын-жазушылардың шығармаларынан қызықты деген бала жасына лайықты тұстарынан үлгілер алып мәнерлегенде – біздер интернат тәрбиеленушілері аузымызды ашып ұйып тыңдайтынбыз. Апайдың қолынан түспейтін «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Жұлдыз» т.б. басылымдармен 5-7 сынып оқушылары солайша кеңірек танысқанбыз.

Ұзын бойлы, ақсары өңді келген, кашанда әсем, жинақы, сәнмен киінетін Дәмелі апайдың қасынан бала-шаға арылмайтын. Асықпай, өзіне тән мәнермен ақыл-кеңесін айта жөнелгенде, кей реттерде қабағын шытып сес білдіргенде - арамыздағы ұр да жық ұлдардың өзі жым болатын. Сабакқа даярлану, үй тапсырмасын орындау барысында әр оқушымен жеке жұмыстануда апай еш жалықпайтын, өз білгенін үйретуден талмайтын. Апай қыздар тәрбиесіне тіптен ерекше қарады. Интернаттың талай сылқым бикештері Дәмелі апайдың «қыз бала тәрбиесі» хақындағы ұзақ-сонар ақыл-дәрістерін әлі күнге ұмыта қоймаған шығар.

Бүгінде «Алтын алқа» иесі атанып, ақ кимешекті әже жасына жеткен Дәмелі апай бақытты жан. Бұл күнде өмірде жоқ болса да өз дәуірінің ұлағатты ұстазы, шын мәніндегі үлкен математик ағайымыз болған Қажығалиев Шапай екеуі отбасында 10 бала тәрбиелеп, өсірді. Көпке үлгілі шаңырақ атанды. Сегіз қырлы, бір сырлы ардақты ананың қолөнердегі



жеткен табысы да өз алдына бір әңгіме. Ол туралы талай телехабарлар түсіріліп, республика, облыс көлемінде насихатталып, таныстырылды да. Қолөнершінің ұлттық қолөнердегі үлкен табысын кеңестік дәуірдегі Мәскеу, тәуелсіз Астана мен Алматы жұрты мойындайды. Дәмелі ананың шалқар шабыты мен эстетикалық талғамынан пайда болған – киіз үйдің бірнеше қанатты үлгілері кезінде ақын Қадыр Мырза-Әлиге тарту етілді.

Қолөнердің тамаша таңғажайып туындыларын дүниеге әкелген Дәмелі Құсайынқызының ақындығы туралы көп айтылмай жүр. Әрине, алдымен көп балалы ананың айтары – ұрпақ қамы, оның тәрбиесі болашағына алаң көңілден туса керек. Ақынның зейін қойып, аса шабыттана әрі қапалана жырлаған тақырыбы – әкеге арналған толғаныстарынан тұрады. «Әкем – соғыс құрбаны», «Әке туралы баллада», «Ескерткіш түбінде», «Әке», «Әке жайлы бір дерек күтіп келем» сынды жыр-толғаулардан баланың әкеге деген құрметі мен сағынышы егіз өрілген. Соғыс жылдарында дүниеге келген талай ұрпақтың көпшілігінің тағдырларының қандай болғандығын аталған дүниелерді оқу арқылы біле аларымыз анық. Мәселен, «Әкем – соғыс құрбаны» аталған туындыда әкесін зарыға күткен қыздың дүниедегі ең жақын адамына деген құрметі мен сағынышы ғажайып фонда өрнектелген:

Зарыға күткен қызыңмын,

Артында қалған ізіңмін,

Жеңіс күні таяды

Көңілім тағы бұзылды, – деп келетін жолдардан атың өшкір соғыстың аяқталғанына жар-



ты ғасырдан асса да әлі күнге дейін зардабы жойылмағанын аңғаруға болады. «Өтсе-дағы қанша жыл сағынамын, Жан әкемнің аялы алақанын» немесе «Әкемізден бір дерек табылғанша, Жоктауыма мен нүкте қоя алмаймын» деген тармақтардан ақын өзі тағдырлас майдангерлер қыздарының атынан сөз алғандай көрінеді.

Дәмелі ақынның көп өлеңдері елі мен жұртына, Отанына деген құрмет пен асқақ рухтан да анық байқалады. Мәселен, «Мақтан етер Отаным бар», «Отаным – алтын бесігім», «Қазақ – менің өз атым», «Қайран елім», «Туған жер толғауы», «Тәуелсіздік мерекесі жасасын» сынды туындылардан өзі өмір сүріп отырған қоғамына, өзін қоршаған ортаға ашып айтар сыры жыр боп ақтарылады. Елінің өткені мен бүгінін салыстыра жырлаған автор тәуелсіз Отанының даму, өсу, толысу жолына назар аударып, көппен бірге қуанышын бөлісе біледі.

Әрине ақын біткеннің, тіпті ақын болмай-ақ адам атаулының басты шырқар әні – Анаға арналары хақ. «Арманда кеткен ана», «Ақын жүрегі», «Ананың тұғыры», «Ананың алғысы», «Кешірші, мама», «Бақыл бол, анам, жан анам», т.б. өлең-жырлардың тақырыбы сол – мәңгілік ана жыры.

Қиналған кезде, жан анам,

Өзіңнен жебеу табамын.

Анашым бақи болғасын,

Көңілім құйған қорғасын

Бақыл бол, анам, бақыл бол,

Иманың болсын жолдасың!

Бірдің ғана емес, мыңның анаға айтар соңғы сөзі.



аманаты мен жоқтауы да осы сипатта болса керек.

Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесі мен елінің мәдениетіне, оның қолөнерінің дамып жетілуіне арнап келе жатқан Дәмелі апаның жыр шумақтарының біразы арнаулар мен құттықтаулардан тұрады. Бұлай болуы да бір жағынан - заңдылық. Себебі ұрпақ қуанышы мен бұқара жұртының құрметіне бөленген ел анасының көңіл тебірентер уақыттары қандайлық көп болса, сондай жүрек толқытар сәттердің өлең-жыр мазмұнына ілігер мезеттері де соншалықты мол болмақ. Ана үмітін ақтап, ата-анаға көз қуаныш болған ұлдары мен қыздарының, олардан тараған немере-жиен сияқты ұрпақтарына арналған жырлар жалғасында құда-құдағиларымен бірге мұқым қазаққа мәшһүр тұлғалардың есімдері де аталып өтеді. Мысалы, Абдолла Жұмағалиев, Қадыр Мырза Әли, Алтыншаш Жағанова, Ботагөз Баймұханқызы, Мэлс Қосымбаев т.б. арналған арнау өлеңдерде ақынның оларға деген жеке пайым-танымы, адами көзқарасы, жалпы рухани өнер иелеріне деген риза көңілден шыққан құрметі көрінеді. Бір ғажабы Дәмелі ақын оларға деген ас та төк ризашылығын көңіл көкжиегіне ғана қондырып қоймай, солармен сырласа отырып, рухани өнердің бәсін биікке көтеруге ұмтылады. Ақынның өз әріптестеріне арнап айтар ой сөзінде де (мысалы, «Ақын жүрегі», «Ақынның жайы осындай», «Жазбаған адам бақытты», «Жазба ақындарға» т.б.) қоғамның өзекті де зәру мәселелері сезім-сыр боп ақтарылады. Жыр жақұтыңды аялай бер, жыр анасы – Дәмелі апа!


*Елемес МАҒАЗОВ, әнші-сазгер,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Республикалық сал-серілер
байқауының жүлдегері,
Бейбітшілік
әлемі халықаралық қазақ
творчестволық одағының мүшесі*



ӘН БОЛЫП КЕЛГЕН ДАРА ҚЫЗ

Халқымыздың бай мұрасы, қанымзға сіңген батысымыздың дәстүрлі ән өнері ұрпақтан – ұрпаққа жетіп жалғаса беретінін білеміз. Иә сол айтқанымыздай дәстүрлі әндерімізді Мұхит – Ғарифолла мектебінің мұрагерлері, іні-қарындастарымыз бүгінгі күні халыққа кеңінен насихаттап жүр. Қаншама заманымыздың жаңа сарынды жеңіл ырғақты әндер қаптап кетсе де, киелі өнеріміздің жойылмайтынын, яғни халқымыздың қазынасы ешқашанда ортаймайтынына көзіміз жеткендей. Жалпы дәстүрлі әндерімізді насихаттаушылардың алдыңғы шебінде жігіттер тұрғандай болып көрінгенмен, қыздарымыз асып түспесе, қалыс қалмайтынын көріп жүреміз.

Халықтың жүрегіне жеткен бұл әннің шығуына бірден-бір себепші болған, әнші Ажар Сейтенованың Ғарифолла Құрманғалиевтің 100 жылдығына орай Ақсай қаласында өткізген концертін көрген ақын Дәмелі Құсайынқызының әншіге деген ризалық көңілінен туған өлеңі екен. «Сөз біткен



жерде үн туады», деген, дана халқымыздың ұғымды сөзі еске оралады. Батыстық дәстүрлі әндеріміздің көш бастаушыларының ұлы есімдерімен айшықталған өлеңге, халықтық әуезде бірден ән туғанын айтамын.

2011 жылы Қазақстан орталық телеарнасынан беріліп тұратын «Сегіз қырлы әншілер» сайысында Атыраулық әнші Ақкенже Шаужанова бұл әнді «Біз естімеген жаңа ән», айдарында тұңғыш рет орындап, көрермендердің, әділқазылардың ілтипатына ие болып, ең жоғары баға алды.

«Ақын мен әнші – адамзаттың бұлбұлы», деп, жыр алыбы Жамбыл атамыз айтқан: Көкірегіме ән дарытқан, үлкен жүректі тілектес апамызға, шабытыңыз шарықтай берсін, қаламыңыз қарымды болсын деп, ізгі тілегімді білдіремін.

Талғат Нығыметов Рахымұлы
Батыс Қасақстан Облысының
Дін істер басқармасының басшысы



СЕГІЗ ҚЫРЛЫ БІР СЫРЛЫ

Қазақ халқы өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі тіршілігіне орай, күнделікті қолдануына қазақ қолөнерінің небір ғажап үлгілерін жасаған, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан ісмерлік өнер халықтың арасында мол сақталған. Осындай ісмер жандардың бірі қазіргі Ақсай қаласында тұрып жатқан Құсайынқызы Дәмелі апайдың қолынан шыққан киіз үйдің жасау жабдықтары, бұйымдары ұлттық киім үлгілері өзінің сән-салтанатымен кестелеу, әсемдеу мәнерімен ерекшеленеді. Бұдан бұрын да, қазір де түрлі ұлттық мерекелерде жұртшылықтан талай жоғары бағасын алып келеді. Он бала тәрбиелеп өсірген жан, ұлағатты ұстаз. Бір басына біраз өнерді жинақтаған сегіз қырлы бір сырлы Дәмелі Құсайынқызы өлең де жазып, өзі жазған өлеңдеріне сөз шығарып, оны домбыра үніне қосып ән де салады. Ақжаулықты әжелер байқауының бірнеше дүркін жеңімпазы, облыстық, аудандық ақындар айтыстары мен жыр сайыстарына қатысып жүлдегер атанып диплом, мақтау қағаздарымен марапатталды. Батыр ақын ана, абзал жан Дәмелі Құсайынқызына айтылар алғысымыз мол.

*Шолпан Байжұмақызы,
мемлекеттік қызметкер,
Алматы қаласы*



МЕМЛЕКЕТТІК ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ МУЗЕЙІНДЕ ТЕКЕМЕТЕРІ САҚТАУЛЫ

Дәмелі апамды сонау 1990 жылдан бері білемін. Ардақты ана, өнегелі отанасы, ұстаз, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, еліне елеулі, халқына қалаулы адам, қазақтың қол өнерін кеңінен насихаттаушы, үлкен ақын, өзіне ғана тән ерекшелігі бар сазгер, домбыра шертетін де өнері бар, табиғатынан болмысы ерекше жаратылған жан. Апамның аяулы қызы Зайтунамен бірге Алматы жоғары партия мектебінде бірге оқып бітіргенбіз, курстасым, сыр бөлісер досым, әрі туған сіңілімдей болған ақкөңіл адал жан, апаммен сол кезден таныспыз. Қолынан талай дәм таттық, үйлерінде түстеніп, қонақ болған кезіміз де болды. 2006 жылы Ақсайқаласына Зайтунаның шақыруымен барғанымда, апайға барып сәлем бердім. Сонда апайдың қолынан шыққан қол өнер туындыларын көріп, аса риза болған едім. Қазақтың киіз үйіне қажет заттардың барлығын



қолымен тіккен екен, аса ыждаһаттылықпен, үлкен мейіріммен, зор сүйіспеншілікпен жасалынғаны көрініп тұрды. Содан бері бірнеше кітап шығарды, маған Зайтунадан беріп жіберіп тұрды, оқып отырамын, жазған өлеңдері жүректен шығып, жүрекке жететін, өзіндік орны бар, ой салатын, тағылым алатын, өмірдің барлық жағын қамтитын, тәрбиелік мәні жоғары туындылар. Жақында апай телефон шалды, өзінің 1972 жылы екі текемет жасап, сол жылы Алматыға музейге жібергенін, қазіргі күнде қайда екен, қандай жағдайда екенін білгісі келетінін, олар туралы деректі тұлғалар кітабынан таба алатынымды айтты. Содан іздей келе, апайдың төл туындысы бүгінде Қастеев атындағы музейде сақтаулы екені белгілі болды. Музейдің бас қор сақтаушысы Айгүл Қайырбекқызына үлкен рахмет айтқым келеді, осы кісінің өз ісіне деген ыждаһаттылығы мен аса зор жауапкершілігінің арқасында апамыз жасаған заттарының 40 жылдан кейін дерегін біліп қатты қуанды. Елдің, халықтың көзайымы ретінде қызмет істеп отырған Музейде апамыздың төл туындысы сол қалпында, әдемі күйінде сақтаулы екен. Осындай ерен еңбектері әрдайым көптің көңілінен шыға берсін. Дәмелі апам әлі талай кітап шығарады, небір ойлы өлеңдер жазады, тың туындылар әкеледі, апамызға зор денсаулық, мол бақыт, аялап өсірген балаларының қызығын, бақытын көрсін деймін.

Жуваниязова Гүлнар

Қуандыққызы

Қазақстан Республикасының

Әбілхан Қастеев атындағы

Мемлекеттік өнер

мұражайының аға ғылыми

қызметкері, өнертанушы,

магистр, суретші, Қазақстан

Республикасының

Суретшілер одағының мүшесі



ШЕБЕР ДӘМЕЛІ ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫНЫҢ ТЕКЕМЕТТЕРІ

Қазақстан Республикасының Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы корында халық шебері, ақын Дәмелі Құсайынқызының текеметтері сақталған. Бұл текеметтер 1970 жылдары Нұрфейізова Нұржамал, Мұхамед Дәмегүл, Аязбекова Үмітқан, қор жетекшісі Алкина Айгүл, қор сақтаушы Манкей Бакытжамал, Сералиев Бакыт, Мұсағалиева Алия сынды мұражайдың ғылыми қызметкерлері қазақстанның барлық аймағына жүргізілген экспедицияда жинаған экспонаттардың бірі болатын.

Мұражай тарихын парақтар болсақ, 1970 жылдары құрылған Қазақтың ұлттық қолданбалы өнері мұражайы мен 1935 жылы ашылған Т.Шевченко атындағы Қазақтың Мемлекеттік көркемсурет галериясы біріктіріліп 1976 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік өнер мұражайы болып қайта ашылып жаңа ғимаратқа көшірілді, ал 1984 жылы мұражайға қазақ халқының



тұңғыш суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі берілді. Бүгінде Қазақстан Республикасының Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы болып аталынады.

Батыс Қазақстан, Орал өңірінің тумасы Дәмелі Құсайынқызының текеметтері 1970 жылы мұражай қорының қабылдау АКТ-і кітапшасына (КП-...) 147-ші, 148-ші нөмір бойынша тіркелді. Сонымен қатар, бұл текеметтер 2010 жылы Қазақстан Республикасының Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы баспалаған «Қазақтың қолөнері» каталогіне 17-т, 18-т инвентарлық тіркеу нөмірімен енді. Қорымыздағы бұл текеметтерге бүгінде 45 жыл. Мұндай ұзақ мерзімге сақталынбайтын экспонаттарды қор қызметкерлердің кәсіби біліктіліктерінің және тианақтылықтарының арқасында мұрты бұзылмай, қабылдаған кездегідей сол қалпында сақталынып келеді.

Қордағы Дәмелі апайдың екі текеметіне сараптама берер болсақ, фоны қара түсті жүннен басылған текеметтің ерекшелігі екі жағы да өрнектелген (17-т). Ақ, сары, қызыл, қызғылт-сары, жасыл жүндермен көркемделген өрнектер шаршыланған, ал шет қаймаларға салынған оюлардың арасына арнайы ақ жүннен жазу жазылған. Жалпы көлемі 204x323 келген текеметтің бет жағында «1970 г. Каз ССР 50 лет, Урал с-з Джамбейта», ал теріс жағында «1970 В.И. ЛЕНИНУ 100 ЛЕТ. ЛЕНИН ВСЕГДА ЖИВ». Текемет өткен тарихтың ақиқатынан сыр шертетін мазмұнды дүние. Контрастық түстермен шаршыға орналыстырылған қос мүйіз өрнектердің түстері көзге ойнақы көрінеді. Айталық, шаршыдағы жасыл мен сары түстегі өрнек



бір-бірімен жанаса бірден екі өрнек тұтас көрінеді. екінші шаршыдағы қызыл мен ақ түсті өрнек ауыспалды, яғни бірде өрнек қызыл, бірде ақ болып ойнақы келген. Теріс жағында шет қаймасыз ортада үлкен шаршыға және төрт кіші шаршыға дала қызғалдақ пен бәйшешек бейнеленген. Жан жағына жарты шаршыға қос мүйіз өрнегін тамаша үйлестірген. Еніне қарай жайқалған қызғалдақтар басылған. Шоқ гүлдердің астында «100», «ЛЕТ» жазумен композициялық шешімі ұтымды табылған. Қызыл түсті жүннен тартылған сынық мүйіз өрнектің астына «1970 В.И. ЛЕНИНУ 100 ЛЕТ», «ЛЕНИН ВСЕГДА ЖИВ» деген жазу ортадағы композицияның жинақы көрінуіне септігін тигізіп тұр. Текеметтің басты ерекшелігі осында. Сурет өнерінде композициялық құрылым, қандай форманы болмасын орнығуына аса мән беріледі. Ол ұтымды, әрі дұрыс шықса, солқұрлым туындының құрылымы мен көркемдік жағы өзіндік ерекше динамикалық үйлесімділігі тұтас болады.

Шебер Дәмелі анайдың текеметтері контрасты түстердің бір-бірімен динамикалық үйлесімділігімен ерекшеленеді. Жалпы екі текеметте де бір формадағы өрнектер басылған. Қолданылған зооморфтық және өсімдік тектес өрнектер ерекше сән-салтанат ырғағымен іспеттелген. Текеметтің бір беті толық шаршыға келтірілген қос мүйіз, ал жарты шаршыдағы сынық мүйіз өрнектерді түс арқылы композициялық мәнін ашқан.

Ақ текеметтің басты өрнегі бір шаршыда қызыл, екінші шаршыда жасыл түспен, ал фон ретінде тартылған ақ жүнмен динамикалық үйлесімділікте жанасқан (18-т). Жалпы көлемі 230x327 кел-



ген текеметтің композициясы дәстүрлі әдіспен көркемделген. Текеметтің ортасы жиектеле келген мүйіз өрнек шаршымен қаймаланған. Шет қаймалары карама-қарсы келген жарты шаршы өрнектер ұзындығына қарай салынған, ал еніне жалғаса қос мүйіз өрнегін түсірілген. Текеметтің екінші бетінде қазақ даласының жұпар иісі мен болмысы көркемделіп басылған композиция әсерлі сезімге бөлейді. Жиекті шаршы мәнерімен көркемдеу әдісі еліміздің батыс өңіріне тән. Бұл әдіс сол өңірдің ұлттық қолөнер бұйымдарының барлығында кездесетін аймақтық мәнер.

Міне, осындай бұйымдар қазақ халқының ұлттық болмысы мен табиғатын танытады. Көздің жауын алар түстермен келісімді композициялау аса шеберлік пен көрегендік қасиетті қажет етеді. Дәмелі Құсайынқызының ұлтымыздың дәстүрлі өнеріне деген құштарлығын, махаббатын, сонымен қатар кәсіби біліктілігі, ісмерлігі, дүниетанымдылығы табиғатынан деп білем. Қазақ ұлтының сәндік-қолданбалы өнері – халқымыздың дарындылығын, біліктілігін, талғампаз ісмерлігін, дана шеберлігін танытқан. Еліміз мұндай шебер, ісмерлерді халық арасында құрметтеп, үлгі тұтқан. Әр нәрсенің өз уақыты бар, сол уақытты ескерейік. Ісмер шебер Дәмелі Құсайынқызының еңбегі келешек ұрпаққа қалдырар ізі мәңгі деп білемін. «Өнерлінің – өрісі кең» деген атам қазақ. Ұлттық өнеріміздің дамуына айтарлықтай үлес қосқан шебер Дәмелі Құсайынқызының еңбегін лайықты бағалай білейік.




ХАТ

Құрметті Дәмелі апай! – деген хаттың мазмұнына тоқталсақ, 1971 жылы газетте республикалық музей ашылмақшы, соған халықтың қолында жүрген көне мұраларды сол мұражайға жіберуін өтініп хабарландыру шықты.

Осы жылы «Мәдениет және тұрмыс» немесе «Қазақстан әйелдері» журналының біріне екі текеметтің үлгісін (оюлап) салып жібергенмін. Эксперттік комиссия «сіздің жіберген қол өнеріңіз ұнады, осындай текемет басып жіберуге көмектесуіңізді өтінеміз» деп совхоз директорының атына хат жіберген. Совхоз директоры Қабышев Сади ағай, бухгалтері Рахимов Орынтай деген ағай болды.

Осы хатты алысымен Орынтай ағай ешқандай құжатсыз маған 150 сом ақша берді. Мен ол 150 сомға қолдан 30кг жүн сатып алып, қыс бойы осы жүнді он бармағымның арасынан өткізіп, майдалап түтіп, үштің бірін түрлі түсті бояумен бояп, жаз шыққасын бастырып, осы документте көрсетілген музейге түсіп, маған «Құрметті дәмелі апай»- деген мазмұнда хат келді. Кейін «екі текеметке 120, екіншісі 130 сомға бағаладық» деген хатымен документін (№147.148акт) алып, соған риза болдым. Сонда менің 30кг жүнді дүние қылып шығарғаным, жүннің 150 сомын шығарып тастағанда 100 сомға бағаланып тұр ғой. Риза болғаным менің қолтаңбам мұражайға




қалдырылды. Екі текеметтің екі бетіне де ою салдым. Біреуіне “В.И.Ленин-100жаста” екіншісіне «Қазақ ССР-50жыл» деп жаздым. Хатты маған жіберген Стыбаева Тамара ханым.

Құрметті музейдің ғылыми қызметкері Егиманов деп қол қойған. Соңында 2.11.1972 жыл деген.

14.12.2004 жыл

Төртінші бөлім

ӘН КӨҢІЛДІҢ АЖАРЫ





ТУҒАН ЖЕР

Сөзі мен әні:

Дәмелі Құсайынқызынікі

Туған жерім жайнаған,
Жайлауы кең айдала.
Саған деген сағыныш
Жандүниемді жайлаған.

Туған жерден айналам.

Жайлауың бар Қияқты
Асты шалқар сияқты.
Отырғызбай бір шыбық
Болып жүрмін ұятты.

Туған жерден айналам.

Қайырмасы:

Көкшіл еді аспаны,
Көпшіл еді жастары.
Көзімдегі жас шағым
Көңілдегі дастаным.

Туған жерден айналам.

Айналайын Жосалым
Атыңды әнге қосамын.
Ертелі кеш өзіңе
Жетер ме екен осы әнім.

Туған жерден айналам.

Жусан иісі аңқыған
Қырдың кимас даңқы бар.
Туған жерді ойласам
Сағыныштан сарқылам.

Туған жерден айналам.





Қайырмасы.

ТУҒАН ЖЕР

сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызытікі

нотаға түсірген: Ажар Сейтенова

Орташа, әндете





БОЛМАСЫН СОҒЫС

*Сөзі мен әні:
Дәмелі Құсайынқызынікі*

Еліміз тыныш, тоқшылық, таңымыз атты бақытты,
Думанды қызық өмірде, сезбейміз өткен уақытты.
Десек те, терең түбінде жұдырықтай жүректің,
Қасірет, мұң, қайғының, қоламталары жатыпты.

Майданнан алып суық хат, еңіреп келем көшеде,
Есімде сөзі қалмапты, білмеймін жасым нешеде.
Жүректі кетті тілгілеп, төрт бұрышты сол бір хат,
Сенбедік бірақ біз оған қаралы қағаз десе де.

Көрдін бе, ата, көрдін бе, Құсайын деген кісіні,
Шалқадан шашын қайырған, болаттай шымыр
мүсіні.
Паспортқа түскен бейнесі, жанарымда жаттаулы,
Әкемді көрген үлкендер шағындау дейтін пішімі.





Мұндылау болды ойларым, мұндылау болды-ау
өлеңім,
Қанша жыл толды Жеңіске, болмады-ау әке дерегін.
Қай жерде қалды бейітің, қай жерде жүрген іздерің,
Кебенек киіп кетіп ең, неге бір хабар бермедің.

Лагнет дендер соғысқа, жер шарындағы аналар,
Әкелерінен айырылып, қалмасын жетім балалар.
Азаматтардан айырылып, қалмасын жесір арулар.
Болмасын соғыс болмасын, болмасын жүрек жарадар.

БОЛМАСЫН СОҒЫС

сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызынікі
нотаға түсірген: Аясар Сейтенова

Орташа, мәнерлеп





АЯУЛЫ СЕЗІМ

Сөзі: Дәмелі Құсайынқызынікі

Әні: Ажар Сейтенованікі

Жыл өткен сайын алыстап бара жатырсың,
Аяулы жарым, жанашыр әрі ақылшым.
Сағыныш деген аяулы сезім екен ғой,
Аяулы сезім жаныма сондай жақынсың.

«Ойлама мені, күпірлік болар» демеші,
Әр кезде мені жүреді демеп елесің.
Сағыныш деген аяулы сезім екен ғой
Ойлаған кезде жаныма қуат бересің.

Жалғызсыраймын жүректің үнін тыңдасаң,
Оңаша қалсам рухыңменен сырласам.
Сыңары өлген аққудың күйін кешемін
Жалғаса бермек соғудан жүрек тынбаса.




АЯУЛЫ СЕЗІМ

сөзі: Дәмелі Құсайынқызынікі

әні: Ажар Сейтепованікі

Ноғаға түсірген: Мұрат Әбуғазы

Сезіммен, толғана





ЕСКЕРТКІШ ТҮБІНДЕ

Сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызыпкі

Оян бабам, бір аунап жат, келді ұрпағың қасыңа,
Илан маған жалғыстырам есіміңді жасыма,
Болат қасқаң, сұр шинелің, бес қаруың асынған,
Аңыз болып айтылады ғасырлардан ғасырға.

Тасты қашап ойып жазған есімдердің тізбегін,
Көзбен тінтіп, келген сайын өзіңді әке іздедім,
Қиял кештім, қиян кездім, іздеріңді іздедім,
Сен туралы дерек тыңдап, күдерімді үзбедім.

Оян бабам, бір аунап түс, өлген жоқсың тірісің,
Жүрегіңмен соғып тұрған, алып тұрған тынысың,
Отан үшін болдың құрбан, сондығыңнан ұлысың,
Ұрпақ үшін шаһид болдың, мәңгіліксін, тірісің.

Оян бабам, бір аунап түс, Жеңіс күні келгенде,
Ескерткішті шыр айналып ұшса торғай ол мен де,
Шымырламай қалмас жүрек ескерткішті көргенде,
Шыр-шыр еткен бозторғайды, сені іздеген ол мен де.

Тоқта ұлан, сәл аялда ескерткішке келгенде,
Жаса тағзым бұл ескерткіш Отан үшін өлгендер,
Ата-баба қаруын ал елге қатер төнгенде,
Жанталасқан жауыздарға ұлтарақтай жер берме!

ЕСКЕРТКІШ ТҮБІНДЕ

сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызынікі

Номаға түсірген: Рольф Топчевский

The musical score is written in G major (one sharp) and 3/4 time. It consists of eight staves of music. The first staff begins with a *mf* dynamic marking. The lyrics are written below the notes in a Cyrillic script. The melody is simple and lyrical, with some triplets and rests. The accompaniment is minimal, consisting of chords and single notes.

mf

О - ың оң - бағ, оң - бағ, оң - бағ, оң - бағ, оң - бағ.

Қа - ла - дің ұр - па - ғын қа - сың - ға.

Н - ың ма - ғын жа - ғы - ғың - ға - ға.

с - е - мің - ді жа - сы - ма

rit.

бо - ді қас - ың, сұр - ың - ың - ың.

Әс - қа - ру - ың а - сың - ғаң

Аң - ың бо - ың аң - ың - ға - ға

а - сыр - ың - ың - ың ға - сыр - ың



БЕЙБІТШІЛІК ҰРАНЫ

*Сөзі мен әні:
Дәмелі Құсайынқызынікі*

Өмір қалай өтіп жатыр байқамадым,
Бақытты елдің бесігінде шайқаламын.
Бейбіт елдің аясында өмір сүрген,
Қазақстан кызымын деп айта аламын.

Жаршысымын бейбітшілік ұранының,
Көмейімнен жыр тасқыны тұр ағылып.
Біздің елдің тілейтіні бейбітшілік,
Ұрпағына үйретеді қырағылық.


Жаршысымын бейбітшілік хабарының,
Паш ететін бақытты елдің жаңалығын.
Құшағы кең «Егеменді ел» атанған,
Қазақстан деген елдің адамымын.



БЕЙБІТШІЛІК ҰРАНЫ

сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызынікі
Нотаға түсірген: Ажар Сейтенова

Ойнақы, жүрдек



Ө - мір қа - лай ө - тіп жа - тыр бай - қа - ма - дым, Ба - қыт - т(ы)ел - дің
бе - сі - гін - де шай - қа - ла - мын. Ме - нің е - лім қа - зақ е - лі
е - кен - ді гін, Бар ә - лем - ге мақ - та - ныш - пен ай - та а ла -
мын. Ме - нің е - лім қа - зақ е - лі е - кен - ді - гін.
Бар ә - лем - ге мақ - та - ныш - пен ай - та а - ла - мын.



САҒЫНЫШ

*Сөзі мен әні:
Дәмелі Құсайынқызынікі*

Қыз ұшырдым ұядан,
Ұл қондырдым қияға.
Көрмей жүрсем кеудеме
Сағынышым сия ма.

Қайырмасы:

*Алтынайым неғып жүр.
Күмісайым неғып жүр.
Сол мазамды алып жүр ай.
Алданышым неғып жүр.
Қуанышым неғып жүр.
Сол мазамды алып жүр ай.*

Батыста жүр бір қызым,
Шығыста жүр бір қызым,
Бәрі қызымдай қырмызы
Бәрі жарық жұлдызым.

Қайырмасы.

Қызығыңа тоймаймын,
Қылығыңа тоймаймын.
Көзден таса жүрсеңдер
Күндіз-түні ойлаймын.

Қайырмасы.



САҒЫНЫШ

сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызынікі
Нотаға түсірген: Ажар Сейтенова

Орташа жылдам

Алғашқы күндерімдегі сағынышым
Алғашқы күндерімдегі сағынышым
Алғашқы күндерімдегі сағынышым
Алғашқы күндерімдегі сағынышым



ТАҒДЫРЫМ

*Сөзі мен әні:
Дәмелі Құсайынқызыпкі*

Саф алтын болмасам да,
Алтынның сынығымын.
Сайрайтын анда-санда
Даланың бұлбұлымын.

Қайырмасы:

*Өмірім жарасқанда,
Көңілім шарықтайды.
Көгілдір көк аспанда
Әсем саз қалықтайды.*

Сандуғаш болмасам да,
Сайрайтын анда-санда.
Сұрарым тағдырым-ау,
Басымды шарға салма.

Қайырмасы.

Шаттығым сел болғанда,
Көңілім наз болады.
Көкірек көл болғанда
Кеудеме саз қонады.

Қайырмасы.

ТАҒДЫРЫМ

сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызынікі

Номаға түсірген: Ажар Сейтенова

Орындаған: Ж.Шүгірова

Орташа, әндете

Саф ал-тын бол-ма-сам-да. Ал-тын-ның сы-ны-ғы-мын
Сай-рай-тын ан-да-сам-да. Да-ла-ның бұл-бу-лы-мын
Ө-мі-рім жа-рас-қан-да. Кө-ңі-лім ша-рық-тай-ды.
Кө-гіл-дір көк-ас-пан-да. Ә-сем-саз қа-лық-тай-ды.
Кө-гіл-дір көк-ас-пан-да. Ә-сем-саз қа-лық-тай-ды.



ОН ҚАЗЫҚ

*Сөзі мен әні:
Дәмелі Құсайынқызыпкі*

Өзімді он қазыққа байлап алып,
Отырмын от басында ойға қалып.
Босанып он қазықтан шығар болсам
Әннен сел ағызарым айдан анық.

Пай, пай

Пай, пай, пай ай.

Тыпыршып бір орында тұра алмадым,
Шырмалып от басынан шыға алмадым.
Отырмын жүрегімді онға бөліп,
Байланып он қазыққа мың арманым.

Бай, бай,

Бай, бай, бай ай.

Қазықты қаға түстім тереңдетіп,
Арманды алмаған соң өрем жетіп.
Байланған он қазығым берік болса
Өтермін енді өмірден өлеңдетіп.

Пай, пай

Пай, пай, пай ай.

Байлансам он қазыққа нәзіктігім,
Демеймін ар алдында жазықтымын.
Мың жерден мықты болсаң құтылмассың
Тағдырың қағып қойса қазық кылып.

Бай, бай,

Бай, бай, бай ай.



ОН ҚАЗЫҚ

сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызыпкі
Нотаға түсірген: Ажар Сейтенова

Ойнақы, жүрдек

Ай! зым - ді он қа - зық - қа бай - лап а - лып

О - тыр - мын от ба - сын - да ой - ға қа - лып

Бо - са - нып он қа - зық - тан шы - ғар бол - сам.

Ән-нен сел а - ғы - за - рым ай - дан а - нық, пай, пай, дай, пай, пай.



КИЕЛІ ДОС

Сөзі мен әні:

Дәмелі Құсайынқызынікі

Домбырам, сенімен мен қоштаспаймын.
Сазыңа ән қосуды тоқтатпаймын.
Шерткенде қоңыр үнің күмбірлеген-ай
Өмірің олқылығын тоқтатпайды.

Жалғасып ғасырлардан ғасырларға,
Серік боп әнші, жыршы ақындарға.
Жамаған жан жарасын домбырамын-ай
Ерте кеш қоштасуға хақым бар ма.

Домбырам қолға алмадым көптен бері,
Өмірдің кедергі боп өткелдері.
Өзіңді киелі дос қолға алғызды
Тәкаппар рухымның өктем лебі.



КИЕЛІ ДОС

*сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызынікі
Нотаға түсірген: Мұрат Әбугазы*



Дом-бы-рам се-ні-мен Мен қош-тас-пай-мын
Са-зы-ңа ән-қо-су-ды тоқ-тат-пай-мын
шерт-кен-де ко-ңыр-ү-нің күм-бір-ле-ген-ай!
Ө-мір-дің ол қы-лы-ғын жоқ-тат-пай-дыау



ӘНГЕ АЙНАЛАМ

*Сөзін жазған: Дәмелі Құсайынқызы
Әнін жазған: Ажар Сейтенова*

Күннің нұры төменге төгілгенде,
Мәнді шумак киялда өрілгенде,
Осы кезде мен тура әнге айналам
Көңілімнің көбесі сөгілгенде.

Қайырмасы:

*Жердің беті көк мақпал жамылғанда,
Су бетіне күн нұры шағылғанда,
Осы кезде мен тура әнге айналам,
Айтар ойым көңілден табылғанда.*

Жан-жақтағы қызыққа елтігенде,
Жайлы самал аймалап желпігенде,
Осы кезде мен тура әнге айналам,
Домбырамның бұрауын келтірем де.

Қайырмасы:

*Жердің беті қыр гүлін жамылғанда,
Гүл теруге қыз-жігіт ағылғанда,
Осы кезде мен тура әнге айналам,
Қырда жусан иісін сағынғанда.*

ӘНГЕ АЙНАЛАМ

Сөзін жазған: Дәмелі Құсайынқызынікі

Әнін жазған: Азсар Сейтенова

Гүл-шіп-шү-ры то-мен-ге тө-рі-тер - де. Ма-ң-ы-ла-мақ қы-зы-а
и-ри-тер - де. О-сы-ке-те-мең-ту-ра ән-те-сі-аң-па-на
кө-ң-іл-ім-ші-кө-бес-еі-сө-зі-тер - де. Жер-ші-өс-е-ті-кө-ң-і-ақ-а
жа-мы-ла-п - та. Су-бе-те-ке күн-шү-ра ша-ғы-ла-п - та. О-сы-ке-те
мең-ту-ра ән-те-сі-аң-па - на. Ан-тар-о-ң-а-м кө-ң-іл-деп-та-бы-ла-п - та



АРМАНДА КЕТКЕН АНА

Сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызынікі

Соғыс кезі, шілде айы, күн дегенін жанып тұр,
Айдалада жалғыз ана қолда таяқ налып тұр.
Екі көзі батыс жақта сорлы ана жылайды,
Көз жасы оның бетін жуып, омырауына тамып тұр.

Сол күні ана атқарып жүр, мал бағатын кезегін,
Қасында оның қабы жатыр, тере жүрген тезегін.
Майдандағы қос құлынын сағынып жүр мұңлы ана,
Сағынып жүр қос құлынын, жарып шыққан өзегін.

Соғыс өрті батыс жақта деп естіген мұңлы ана,
Батыс жаққа қарап тұрып күңіренеді толғана.
Гинат жаным, Ғиззат жаным, қос құлыным сағындым,
Дейді ана, бірінен де қалмады ғой қолғанат.

Зәнзәбіл деп аталатын көрші шешем болатын,
Күтуменен өтті байғұс майданнан қос қанатын.
Қасіретке толып кеткен көкірегін сол ана,
Көздің жасын төгіп-төгіп сәл ортайтып алатын.

Сонда да ана күн-түн демей еңбек етті жатпады,
Қос құлынының суреттерін қос ұлындай баптады.
Сандықтағы сарғыш тартқан қос құлынының суреті,
Сол анаға серік болды, бар өмірін сақтады.

Ана жүрді өмір бойы қос ұлынан хат алмай,
Үйде оның қарты отырды аяғынан баса алмай,
Ұлы келмей, келін алмай, немере де сүйе алмай,
Өтті сөйтіп бір отаудың шаңырағы жасармай.


Бар ананың зарыққаны сұм соғыстың зардабы,
Қан майданнан оралмады ананың қос ардағы,
Жылдар жылжып өтіп жатты, қос құлынын көре алмай,
Сол ананың көз жұмғанда іште кетті арманы.

АРМАНДА КЕТКЕН АНА

сөзі мен әні: Дәмелі Құсайынқызынікі
Нотига түсірген: Рояльд Тончевский

The musical score is written on four staves in a single system. Each staff begins with a treble clef, a key signature of two flats (B-flat and E-flat), and a time signature of 4/4. The melody consists of quarter and eighth notes, with some measures containing beamed eighth notes. The lyrics are written below the notes, with small numbers (1, 2, 3, 4) above certain notes, likely indicating fingerings. The lyrics are in Kazakh and describe a mother's longing for her child.

Сө-тыс хе-и, шіл-де ай-ы, күн де-ге-нің жа-наш тұр.
Ми-да-ла-да жал-ғыз а-на көк-де та-яқ на-наш тұр.
Е-кі кө-зі ба-тыс жақ-та сөр-ли а-на жа-наш тұр.
Көз-жа-стыю-ның бе-тін жу-ып, о-мыр-ау-ы-на та-наш тұр.



ҒАРИФОЛЛА

Сөзін жазған: Дәмелі Құсайынқызы

Әнін жазған: Ажар Сейтенова

Көргелі бір ғасырдай болып қалған,
Көзіміз сол әншіні көріп қалған.
Әуенін сал Мұхиттың жалғастырған,
Ағадай әнші болу керікті арман. **2 рет**

Келбеті келіскен жан жазық маңдай,
Қимылы сал-серіні танытқандай,
Көздерін ойнақшытып ән салғанда,
Жанары жарқылдайтын жарық шамдай.

Өңеші сол әншінің қандай екен,
Әншіге біткен таңдай қандай екен?
Даланың кеңдігіндей әнге басса,
Дауысы әнші Мұхит салдай екен. **2 рет**

Ағамыз жан еді ғой дарыны өктем,
Тірлікте сауық сайран салып өткен.
Халқымның қазақ деген аспанында,
Еді ғой жарық жұлдыз ағып өткен. **2 рет**

ҒАРИФОЛЛА

сөзі Дәмелі Құсайынқызынікі
әні Ажар Сейтенованыкі

10-сыңар көрсеңіз, бір бағалайтын, осылай бағалайтын.

Көңіліміз, сөзіміз, шындығымыз, көрін қалғанын, осы сөзіміз, сәл Ақылдымыз.

жад-тае-тыр-ған, Астадан өміш-біреу, кө-рік-тір-маң.

Осы сөзіміз, сәл Мұңлымыз, жад-тае-тыр-ған, Астадан өміш-біреу.

кө-рік-тір-маң, Астадан өміш-біреу, кө-рік-тір-маң, Астадан өміш-біреу.



СӘЛЕМ ТҮРКІ ЕЛІНЕ

*(Ғарифолла әнінің сазымен орындалады,
өзгеріс қайырымында ғана,
Ескішехир қаласында А.Сейтенова орындаған))*

Сөзін жазған: Дәмелі Құсайынқызы
Әнін жазған: Сейтенова Ажар Жүсіпбекқызы

Сәлем түркі еліне туыстардан,
Түбі бір туған ел деп туыс қылған.
Иесі Шаңырақтың «Қазақ елі». - 2 рет.
Құралған жүзден астам уықтардан.

Анадолы, Измирдей қаласы бар.
Ғұлама, оқымысты данасы бар.
Қаланың Стамбулдай атағы зор, - 2 рет.
Теңіздің шагалалы жағасы бар.

«Оғызнама», «Көріғұлы» дастаның бар,
Шырқалған асқак әнім аспаның бар.
Бұл елде біздің жастар оқып жатыр, - 2 рет.
Окитын біздің елде жастарың бар.

Аңызы Қожанасыр кең тарады.
Атағы да Ата Түрік жер жарады.
Ұлыстың ұлы күнін ұлықтауға, - 2 рет.
Бұл елге жан-жақтан ел ағылады.

Жер Орта теңізінің егіздері,
Сол жақта Мәрмар, Эгей теңіздері.
Санайтын Қазақ елін туысқан деп, - 2 рет.
Жүрекке жылы тиер лебіздері.

Бірі біз түркі тілді халықтардың,
Тұқымы дана, батыр алыптардың.
Түріктің аспанында қазақ әні, - 2 рет
Болады әлі талай шарықтар күн.

12.03.2014 ж.



СӘЛЕМ ТҮРКІ ЕЛІНЕ

(Ғарифолла әнінің сазымен орындалады,
өзгеріс қайырымында ғана)

Сөзін жазған: Дәмелі Құсайынқызы

Әнін жазған: Сейтенова Ажар Жүсіпбекқызы

Жігерлі, жүрек

О ау! Сә-лем Түр-кі е-лі-не ту-ыс-тар-дан.
ту-ы бір-ту-дан е-л-ден ту-ыс-кыс-тан. Ш-е-сі ша-ша-рақ-тан.
Қа-қак е-лі, кү-рап-тан жү-деп ас-там у-ық-тар-дан.
Ш-е-сі ша-ша-рақ-тан Қа-қак е-лі, кү-рап-тан жү-деп ас-там
у-ық-тар-дан. А-а-а-ей, а-а-а-ей у-ық-тар-дан - ан



ӘН БОЛЫП КЕЛГЕН ДАРА ҚЫЗ

Сөзін жазған: Дәмелі Құсайынқызы

Әнін жазған: Елемес Мағазұлы

Ғарекең бүгін тіріліп келіп ән салды.
Ризалықпен көрермен халқым қарсы алды.
Домбырасымен шырқады беу! – сал Мұхит,
Дауысын естіп көрермен халқым тамсанды.

Ән болып келген дара қыз,

Ән жырсыз өмір ажарсыз.

Шырқай бер жаным шарықта,

Ғасырға самғап барарсыз.

Отырмыз тыңдап қалқаның салған дауысын.
Шырқады Мұхит Ғарифолламен ауысып.
Әншінің дауысы сезімді қозғап толқыдым
Сал-сері болған бабаларыммен қауышып.

Қайырмасы

Әншінің даусы жүректің қылын қозғады,
Жалғасса жақсы ұстаздан шәкірт озғаны.
Қос баба бізге қосылып бір кеш ән салса,
Өнерлерінің өміршеңдігі ол-дағы.

ӘН БОЛЫП КЕЛГЕН ДАРА ҚЫЗ

сөзі: Дәмелі Құсайынқызынікі

әні: Елемес Мағазұлы

Нотаға түсірген: Ажар Жүсіпбекқызы

Орташа, мәнерлеп

Музыкалық нотаға түсірілген әннің ноталық және сөздік бөлімі. Ноталық бөлімде әннің мелодиясы және аспаптық қосылғышы көрсетілген. Сөздік бөлімде әннің сөздері берілген. Ноталық бөлімде әннің темі, ритмі және дыбыс жүйесі көрсетілген. Сөздік бөлімде әннің сөздері берілген. Ноталық бөлімде әннің мелодиясы және аспаптық қосылғышы көрсетілген. Сөздік бөлімде әннің сөздері берілген.

Ға - ре - кең бү - гін ті - рі - ліп ке - ліп
ән - сал - дыау. Ри - за - лық пен ки - рер мен хай - қан
қар - сыйал - дыау. Дом - бы - ра - сы - мен шыр - қа ды бөу
сал - му - хит. Да - уы - сын ес - тіп тың - да - ды хай - қым
там - сан - дыау ән - бо - лып кел - ген да - ра қыз.
ән жыр - сыз ө - мір а - жар - сыз. Шыр - қай бер жа - ғым
шы - рақ - тан, ға - сыр - ға сам - ғал ба - рар сыз.



БҰЛ ӨЛЕҢДЕР ҚАЛАЙ ТУДЫ?

Ақсай шағын қала. 2009 жылы 7 тамызда аудандық мәдениет үйінде концерт болады дегенді естіп, концертке бардым. Концертте көрерменнің аз жиналғанына карамастан дәстүрлі әнші Ажар Сейтенова өлеңді шабытпен шырқады. Халықты сыйлаған әнші Ғарифолла Құрманғалиевтың 100 жылдығына орай Мұхит, Ғарифолла әндерін өте тамаша да тартымды орындап шықты. Концерттен үйге келген бойда талантты әнші Ажар қызға арнап «Ән болып кеткен Ажар қыз» деген өлең жаздым. Оны кейін жинақтарымның біріне енгіздім. Бір күні теледидардан «Сегіз қырлы» атты концертті карап отырып, ең соңына қарай «Біз естімеген бір ән» айдарында жаңа әнді атыраулық Ақкенже деген әнші орындайтынын, өлеңнің авторы оралдық Дәмелі Құсайынқызы, музыкасын жазған атыраулық Елемес Мағазов екенін хабарлады. Мен өз өлеңіме ән жазылғанын сонда білдім.

Ал екінші өлеңім сонау Совет заманында туған болатын. Заманға қарай өлеңнің аты өзгеріп отырды. Басында «Мен Советтер Одағының адамымын», «Қазақстан деген елдің адамымын» еді, ақыр соңында «Бейбітшілік ұраны» болып қалды. Кейін оған өзім ән шығарып, өз ортама айтып жүрдім. Сол әнім Түркістанда атыраулық жас өнерпаз Аятолланың орындауында жүлдеге иілінді. Осы өлеңім үшін «Бейбітшілік әлемі» қоры маған арнайы диплом әзірлеп, оған қоса алтын медаль табыстады.

Менің өлеңдеріме әр жылдары ән жазған сазгерлер мен оларды орындап жүрген әншілерге деген алғысым шексіз.

***Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ,
Батыс Қазақстан облысы***



ӨМІРБАЯН


Дәмелі Құсайынқызы 1938 жылы, 8 сәуірде дүниеге келген. Батыс Қазақстан облысы, бұрынғы Жымпиты қазіргі Сырым ауданы, Жосалы елді мекенінің қазіргі Абдолла Жұмағалиев атындағы жеті жылдық мектебін бітіріп, Бұлдырты жалпы білім беретін орта мектебінен он жылдық білім алып шыққан. Еңбекке ерте араласады. 1956 жылы Шапай Қажығалиевпен тұрмыс құрып 50 жыл отасып, өмірге он ұл – қыз әкеліп оларды өсіріп, оқытып жоғарғы білім әперген ұлағатты жанұя атанған. Жұбайы - ұстаз жоғарғы білімді математик 2007 жылы дүниеден озған. Дәмелі Құсайынқызының жұмыс өтілі 32 жыл. Мектепте тәрбиеші, ұстаз болып жұмысын аяқтап зейнеткерлікке шыққан. Ұзақ жылдар қоғамдық жұмысқа белсене араласқан. Кезінде әсемдеп оюлап, сегіз қанат киіз үй тігіп шығарған. Ол киіз үйі Москва, Алматыға апарылып газеттерге жарияланған. 1988 жылы зейнеткерлікке шыққасын Ақсай қаласындағы газды – мұнайлы Қарашығанаққа қоныс аударған. Ақсайға келгелі 1996 жылдан бастап қайтадан қол өнерін жалғастырған. Іші – сырты оюлап тігілген төрт киіз үйі Облыстық Қазақстан -Орал, Ақсай қалалық телеарналарда «Дидар» «Темірқазық» бағдарламаларда көрсетіліп, ол бейнематериалдар мұражайларға, архивтерге сақтауға тапсырылған. Сырым ауданымен Бөрлі ауданының және Орал өңірі облыстық мерзімді басылымдарына өлеңдері жарияланып тұрады. Батыр ана, ақын, шебер ана атанып, екі ауданның мерекелік шараларына, мектептегі және оқырмандармен кітапханалардағы кездесулерге үнемі шақырылып ұрпаққа ұлағатты істерімен үлгі болып жүрген абзал жан. Алтын алқалы, он бала тәрбиелеп



өсірген ана қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып жүрген еңбегінің арқасында әр жылдары мерекелік медалдармен, төсбелгілермен марапатталып отырған. Бес киіз үйдің авторы осы ащы еңбегінің үстінде өлең мақала жазып сол жазғандарын кітапқа түсіріп отырған. Ол белсенді қайтарткер Алматыдағы «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық қорының мүшесі. Шығарған өлеңдеріне саз шығарып нотаға түсіртіп халыққа ұсынған. Бес киіз үйдің және жеті кітаптың авторы «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Өлең өлкесінде», «Жан жарығы», «Із», «Тұлғалар» атты кітаптарын шығарып кітапханаларға тегін тапсырып отырған. Астана, Алматы, Маңғыстау, Атырау, Орал, Ақсай, Сырым елінің мұражайларына кітаптарымен бейне таспаға түсірілген кастеталарын тапсырған. Гафу Қайырбековтың атындағы киностудияның «Девятая территория мира» деген деректі фильміне түскен. «Қазақстан Әйелдері» журналына 2009 жылдың 1.2 ші номеріне, 2013 ші жылдың төртінші номерінің мұқабасына суреті басылып «Дархан даланың дарынды қызы» атты А. Сейтеновның көлемді мақаласы жарияланған. 2014 жылы наурызда «Сәлем түркі еліне» деген өлеңі Түркияның Ескішехир қаласында дәстүрлі әнші Ажар Сейтенованың орындауында шырқалып көрермен халықтың қошеметіне бөленді. Көршілес қырғыз еліне арналған «Достық лебіз» атты әні де халықаралық фестивальдерде жиі орындалып тұрады. Ал, Бейбітшілік ұраны» өлеңінің сазып да Дәмелі Құсайынқызы шығарған. Халықаралық балалар фестивалінде жас өнерпаз Тұрғанов Аятоллолла орындап бірінші орын алған. Әні мен сөзі үшін халықаралық қазақ творчестволық «Бейбітшілік әлемі» бірлестігінің алтын медалі және дипломымен және «қолөнер шебері» төсбелгілерімен марапатталды. 2015 жылы Сырым ауданының құрметті азаматы куәлігі мен төсбелгісі аудан әкімінің шешімімен берілген бола-




тын. Халықаралық және қазақстан энциклопедияларына есімі енген қолөнер шебері Дәмелі Құсайынқызының еңбегі мемлекет тарапынан да ескеріліп, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың алғыс хатымен марапатталған. Қолөнер шебері Дәмелі апайдың 1970 жылы өз қолынан шыққан екі текеметі Алматы қаласындағы мемлекеттік Ә.Қастеев атындағы мұражайда күні бүгінге дейін сол қалпында сақтаулы тұр. Республикалық СТВ телеарнасы «Қоғам және әйел» бағдарламасына арнайы хабар түсірілген. Бүгінгі текеметтері бірнеше шет мемлекеттерде өткізілген көрмелерге де апарылған. Қазақ қолөнері каталогына енген. (abdi.companu, Алматы-2010ж) Оның сөзіне шығарылған әндер Қазақ радиосы мен жергілікті Ақсай радиосынан беріліп тұрады. Дәмелі Құсайынқызының сөзіне жазылған А. Сейтенованың әндері «Әнге айналам», «Ғарифолла», «Аяулы сезім», өзі шығарған әндері «Туған жер», «Тағдырым», «Бейбітшілік ұраны» т.б әндері мектеп оқушыларынан бастап кәсіби әншілердің де репертуарларында орын алған.



Ажар Сейтенова Жүсіпбекқызы

Атырау қаласындағы Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка колледжінде қызмет атқарған ұстаз, облыстық халық шығармашылығының әншісі Ажар Жүсіпбекқызы Сейтенованың есімі Республика көлеміне кеңінен танымал. Жастайынан өнерді жанына серік еткен, шоқтығы биік әншілердің бірі Ажар Жүсіпбекқызы Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданының Әжібай ауылы, Қызыл-Ту елді мекенінде дүниеге келген. Ол Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін 1995 жылы бітіріп, одан соң 1995-1998 жылдары Сәбит Мұқанов атындағы мектепте ұстаздық қызмет атқарады. 1998-2003 жылдары Алматыдағы Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясын ұстаздары «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері С. Жанпейісовадан және А.Қосановадан дәріс алып халық әні класын бітірген. Дауыс баптаудан халық әртісі Н.А. Шариповадан, домбыра шеберлігінен С. Балмағанбетов, Ескалиев халық әртістерінен дәріс алған. Барлық еңбек өтілімі 21 жыл саладағысы 18 жыл А.Сейтенова 2001-2006 жылдары өткен Республикалық Мұхит Мераліұлы, 2003 жылы Қаламқас Орашеваның 50 жылдығына арналған «Көмейінде күміс жыр» байқауларының лауреаты, Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына орай өткізілген «Мен Ақсұңқар құстың сойы едім» атты жыршы -жыраулар байқауында Құмар Жүсіпов атындағы жүлдені иеленген 2005 жылы халықаралық «Шабдыт» фестивалінің дипломанты 2006 жылы Ақтау қаласында өткен Халықаралық «Каспий -достық теңізі» фестивалінде, Осы жылы Сәттігүл Жангабыловтың 130 жылдығына арналған байқауда, 2007 жылы Астана қаласында өткен Әміре Қашаубаев атындағы әншілер байқауында дипломант атаған, 2009 жылы Ғарифолла Құрманғалиевтің 100 жылдығына орай өткен Республикалық, Астанадағы Президенттік мәдениет сарайы орталығында Ғ.Құрманғалиевтің 100 жылдығына арналған концертте өнер көрсетті. Осы жылы Батыс Қазақстан, Маңғыстау,



Атырау облыстары жұртшылығына « Өнші дауысы» атты жеке шығармашылық концертін берді. Көптеген қайырымдылық концерттерге де атсалысып қатысып отырады. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған концерттерге көптеген т.б шараларға, халықаралық байқаулардың қазылар алқасының тұрақты мүшесі ретінде белсенді қатысып отырады. Балалар үйінде домбыра сабағынан қайырымдылық дәрістер өткізіп, ұлттық өнерімізді жас ұрпақтарға насихаттап жүр. Шәкірттері де республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаттары.

Қазақ радиосының Алтын қорында Ажар Сейтенованың орындауындағы Махамбеттің, Мұхиттың, Ғарифолланың, Аманғалидың, Қанапияның әндері және бірнеше халық әндері сақталған. Қазақстан-Алматы «Жеті саз», Атырау- «Әсем саз», Орал – «Жайық жауһарлары», Ақтау- «Маңғыстау маржандары», Шымкент «Гибратнама» бағдарламаларында концерттері жазылған. Хабар телеарнасындағы «Алтыбақан», « Дала думан» және СТВ телеарнасындағы «Инжу-маржан» бағдарламалары т.б көптеген бағдарламаларда концерттері жазылған. Мәдениет министрілігінің қолдауымен «Ел» Продюсерлік орталығы шығарған « Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» антологиясына Ажар Сейтенованың өмірдерегі (үш тілде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) және орындауындағы «Сарайшық» халық әні енген. «Сәлем Түркі еліне» атты Дәмелі Құсайынқызының сөзіне жазылған әнін Ескішехир қаласында өткен Наурыз мейрамына орай ТҮРІКСОЙ-дың басшысы Д. Қасейіновтың ұйымдастыруымен өткізілген концертте орындап халықтың қошеметіне бөленді. Стамбул қаласында Наурыз мерекесіне арналған концертте халық әндері мен Мұхит, Ғ. Құрманғалиевтың әндерін де орындап «TRT» телеарнасына концертті жазылған. Республикалық Төлеген Айбергенов атындағы композиторлар байқауының лауреаты 2012 жыл. Қазақстан авторлар қоғамының және ҚР журналистер одағының мүшесі. Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» қазақ творчестволық бірлестігінің лауреаты (2011 ж), Қазақ хандығының 550 жылдығының мерекелік медалімен марапатталған. (2015ж



Мазмұны

Бірінші бөлім ІЗГІ ТІЛЕКТЕР

Марат ТҮСІПҚАЛИЕВ. Өнер мен өлеңді тоғыстырған жан туралы	8
Абат ШЫНЫБЕКОВ. Өлеңі мен өнері – ұрпағына өнеге	10
Қадыр МЫРЗА ӘЛІ. Тегін адам дарынды болмайды.....	12
Серікқали ШАРАБАСОВ. Алтын қолды апам-ау!	14
Аманбек АҚАЙҰЛЫ. Ұлағатты аманат арқалаған Дәмелі апа.....	17
Ә.А.НҮРМАНОВ. Жүрегі игілікке толы ақында. ісмер, батыр ана.....	19
Зәмзәгүл ЕРҒАЗИЕВА. Болашақтың жарқын болуын тілейтін Батыр Ана, Ұстаз Ана.....	21
Донеділ ҚАЖЫМОВ. Өнегелі ісі мол Дәмелі апа	23
Ажар СЕЙТЕНОВА. Қазақ халқының көнеден келе жатырған колөнері ұрпаққа аманат.....	25
Мәліс ҚОСЫМБАЕВ. Дәнспан таудай болған Дәмелі апам	29
Ж.ӨТЕГЕНОВ. Апамызбен мақтанамыз	30
Бауыржан ТУМАНОВ. Сан қырлы, бір сырлы	32
Тамара ЖҰМАЛИЕВА. Барлық құрметке лайық жан	34
Темір ҚҰСАЙЫН.	



Ұлттық колөнеріміздің жоқтаушысы	36
Гүлсім КАДЕШЕВА.	
Ардақты ана	38
Өтепберген СЕРІКҰЛЫ.	
Алатаудың шыңындағы ақ қардай.....	40
Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЙҚЫЗЫ.	
Ақын жанды өнер сүйген ұстаз ана.....	42
Шапай ҚАЖЫҒАЛИЕВ.	
Тағылымы мол ұстаз туралы ой.....	43
Алтыншаш ЖАҒАНОВА.	
Әсем жырлары түсінікті де ұғынықты тілмен жазылған.....	46
ШИГАНАКОВА Н.А.	
Неравнодушный человек.....	48
Игорь ИВАНОВ.	
Большое спасибо, этой милой женщине.....	50

Екінші бөлім

ЖАСАЙ БЕР, ЖАСАМПАЗ ЕЛ – ҚАЗАҚСТАН!

Үндеу	52
Елбасына	53
Жетімдерді жебеген	55
Жасампаз ел – Қазақстан!	56
Тәуелсіздік – дербестік	57
Отан – тірегім	58
Тәуелсіздік жасасын!	59
«Достық, бірлік» - бейбітшілік арқауы	61
Қазақстаным – бесігім алтын тербеткен	62
Абылайхан	63
Ассамблея жасасын	64
Елім жайлы естеліктер	66
Мәңгі жаса	68
Үш қыран	70
Әке	71
АҚСАЙГАЗСЕРВИС	73
Ұзақ жаса, майдангер – қайсарларым!	75



Солдат ұлым келгенде	76
Өнерпаздар көп жасандар	77
Мықты жан	79
Отыз бесінші жеңіс	80
Түркияда ән салған қазақ қызы	81
Сәлем түркі еліне	82
Алғыс.....	83
Әншінің арманы	84
Арман боп жүр	85
Ақ батамды берейін	86
Басымнан өткен көріністер	87
Әлмұрат ағаға арнау	88
Жарық көрген кітабыңа қол соғам!	90
Ата заңым – айбарым	91
Жайықтай бізде жер бар ма?	91
Нар тәуекел	92
Соғыссыз бейбіт өмір – қандай бақыт	93
Жеңіс күнін осылай жақындатқан	94
Парижге сәлем	95
Ол әлемнің даңқы зор туысқаны	97
Ойып орын алды Бөрлі картадан	99
Құлаққағыс	100
Күй мекені	101
Мен басымды чемпионға иемін	102
Халқымыз Елбасына сеніп отыр	103
Заманының Абайы – Қадыр Мырза	105
Ақын қыз Оралыңа оралдың ба?	106
Айман құрбым	107
Елбасына Отаны күн сыйлады	108
Жаңалықтар – ғажаптар	109
Достық лебіз	110
Елбасыға.....	111
Бекболат Тлеухановқа	112
Ел тілегі	113
Шырақ	114
Ілиямыз – «Еділ-Жайық» атанған	115



Он төртінші наурыз – көрісетін күн!	116
Әлем чемпионы	117
Арманым	118
Дәстүрлі әуен	118
Сүндет той	119
Ақбата	120
«Айтуға оңай» - тақырып ел қалаған	121
Мәңгілік жатар орным салулы тұр	122
Ананың тұғыры	123
Батыр жігіт, қош келдіңіз Ақсайға	124
Дұрыс жолға бастаңыз, кім болсаң да	125
Ананың алғысы	126
Толқындар	127
Тарихи тұлға	128
Ақ жол	129
Елбасының арманы келелі екен	130
Әлемнің тоғызыншы аймағымын	132
Қазақ – менің өз атым	133
Мәңгілік жыр	134
Ұрпағыңа ұстатып кет жіп ұшын	135
Ірі тұлға	136
Ауылыңды аяла демекшімін	138
«Бөрлі жаршысы» журналистеріне	139
Әкем соғыс құрбаны	140
Әкем жайлы бір дерек күтіп келем	141
Аға даңқы әлемге самғай берсін!	143
Нала	125
Шындық осы	144
Хас шайыры батыстың	146
Желе-жебе!	147
Ауыр өнер	148
Ұлы тойдан бастау алды жыл басы	149
Инемен үй тұрғыздым	150
Қадыр Мырза Әлі ұстаған қаламсап	151
Шапағат шашқым келеді	152
«Ескерткіші» - «Мұра»	153



Ол – дәрігер	154
Жайықта Назгүл деген үр қызы бар	155
Біз жеңдік бүгін тағы да	156
Ана тілін бес саусақтай біліп ал	157
Ел куә	158
Ұстаздық – биік мәртебе!	159
Мақтануға болады	160
Дариға қыз айрықша дара тұлға	161
Жүректегі тұрғынға хат	162
Жас отауға тілек	163
Кітап	164
Жер-анам	164
Көк туды алты рет көтерді, әнұран алты рет шырқалды	165
Түркістанға арнау	166
Қара өлең	167
Батыр жайлы толғау	169
Азамат	172
Масқара	174

Үшінші бөлім

БАСЫЛЫМДАРДА ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ.	
Өнер қуып, ой түзе	176
Керемет естеліктер	179
Исатай, Махамбет жасақтарына қару-жарақ, киімдер қалай әзірленді?	181
Бейбітшілік ұраны	185
Ажар СЕЙТЕНОВА.	
Дархан даланың дарынды қызы	186
Айгүл АХМЕТОВА.	
Тағылымы мол әдеби кеш	191
Сайлау АБЫЛАЕВ.	
Саф өнердің өрен жүйрігі	193
Айсұлу ҚАДЫРАЕВА.	
Алтын дінгек	198



Темір ҚҰСАЙЫН.	
Өрмектегі өрнектер	203
Зейнолла МҮТІЕВ.	
«Өлең-жырды жасамайсың білекпен»	207
Елемес МАҒАЗОВ.	
Ән болып келген дара қыз	213
Талғат НЫҒЫМЕТОВ.	
Сегіз қырлы бір сырлы	215
Шолпан БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.	
Мемлекеттік Әбілхан Қастеев атындағы музейінде текеметтері сақтаулы	216
Гүлнар ЖУВАНИЯЗОВА	
Шебер Дәмелі Құсайынқызының текеметтері	218
Хат	222

Төртінші бөлім
ӘН ШЫРҚАЙЫҚ

Туған жер	224
Болмасын соғыс	226
Аяулы сезім	228
Ескерткіш түбінде	230
Бейбітшілік ұраны	232
Сағыныш	234
Тағдырым	236
Он қазық	238
Киелі дос	240
Әнге айналам	242
Арманда кеткен ана	244
Ғарифолла	246
Сәлем түркі еліне	248
Ән болып келген қара қыз	250
Бұл өлең қалай туды?	252
Өмірбаян	253
Ажар Сейтенова Жүсіпбекқызы	256

Дәмелі Құсайынқызы

Қолтаңба

***Редакторлары: Мара СҮЛЕЙМЕН
Ажар СЕЙТЕНОВА***

Дизайнер: Азамат ЖҰМАДІЛОВ

Басуға 03.05.2016 қол қойылды
Пішімі 84x108 ^{1/32} Офсеттік қағаз.
Таралымы 500 дана.
Тапсырыс 21

ҚҰҒ. ғыл. А. дәрм. ғыл. Қыт. және
Түркістан ғыл. А. дәрм. ғыл. Қыт. және



000001540084

